



Пайғамбардың ﷺ сүннеттері

Автор
Абдулла Хамуд әл-Фуреих

Алғысөз
Халид Әли әл-Мушейқһ

Пайғамбардың ﷺ сүннеттері

Алла Тағала қасиетті хадисінде:

«Құлым Мен оны жақсы көргенше дейін,
нәпіл игі істерді жасап Маған жақындауға
тырысады»

Автор

Абдулла Хамуд әл-Фурейх

Алғысөз

Халид Әли әл-Мушейқһ

Авторлық құқық қалаған адамға қол жетімді. Бірақ, бұл кітапты қайырымдылық мақсатында басып шығару немесе оны басқа тілдерге аудару тек автордың тексеруінен кейін ғана жүзеге асырылады.

Бұл кітап оннан астам тілдерге аударылған.

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ



Мазмұны




Кіріспе бөлімі

Тақырып	Бет
◆ Алғысөз	21
◆ Кіріспе	24
▶ «Сүннет» сөзінің мағынасы	24
▶ Алғашқы ізгі мұсылмандардың сүннетті ұстанудағы тырысушылықтарының мысалдары	24
▶ Сүннетке ілесудің жемістері	26



Белгілі уақытта жасалатын сүннеттер



Тақырып	Бет
◆ Таң намазының алдындағы уақыт	30
◆ Біріншісі	30
① Сиуакты қолданып, ауыз қуысын тазарту	30
② Сүннетте келген ұйқыдан ояңанда айтылатын зікір-дұғаларды оқу	31
③ Бет жүзден ұйқының әсерлерін кетіру	31

Тақырып	Бет
4 Аспанға қарау	31
5 «Әли Имран» сүресінің соңғы он аятын оқу	31
6 Қолды үш рет жуу	32
7 Суды мұрынға үш рет тартып, оны сіңбіру	32
8 Кейін таһарат алу	32
► Таһарат алудың сүннеттері	33
1 Сиуак	33
2 «Алланың атымен» (<i>Бисмилләһ</i>) сөзін айту	34
3 Білекке дейін қолды үш рет жуу	34
4 Аяқ пен қол жуғанда оң жақтан бастау	34
5 Бет жуудың алдында ауыз бен мұрынды шаю	34
6 Ораза емес адам үшін ауыз бен мұрнын шайғанда жақсылап терең шаю.	35
7 Ауыз бен мұрынды бір қолмен шаю	35
8 Басқа мәсіх тартқанда сүннеттегі сипат бойынша тарту	35
9 Дене мүшелерді үш рет жуу	36
10 Таһарат алғаннан кейін зікір-дұға айту	36

Тақырып	Бет
◆ Екіншісі: түнгі намазға тұру және үтір намазы. Бұл бөлімде екі намаз уақытында пайғамбардың صلی اللہ علیہ وسلم сүннеттері туралы айтылады	38
① Сүннет амалдарынан – түнгі намазды оның ең абзал уақытында оқу	38
② Сүннет амалдарынан – үтір намазын он бір ракағат оқу	40
③ Сүннет амалдарынан – түнгі намазды екі жеңіл ракағаттан бастау	40
④ Сүннет амалдарынан – түнгі намазда оқылатын «истифтах» дұғаларын оқу	40
⑤ Сүннет амалдарынан – қиям, рукуғ және сәждені ұзағырақ жасау. Сөйтіп, намаздың дене мүшелермен жасалатын рүкіндері уақыт бойынша бірдей болуы керек	42
⑥ Құран оқығанда сүннеттерді орындау	42
⑦ Сүннет амалдарынан – әр екі ракағаттан кейін сәлем беру	43
⑧ Сүннет амалдарынан – соңғы үш ракағатта белгілі сүрелерді оқу	43
⑨ Сүннет амалдарынан – үтір намазында кей-кезде қунут дұғасын оқу	44
⑩ Түннің соңғы үшінші бөлігінде дұға сұрау	45
⑪ Үтір намазын оқып болғаннан соң, «Аса Қасиетті Патша пәк» (Субханэль-Маликиль-Қуддус) деп үш рет айту. Және үшінші рет айтқанда дауысты кішкене көтеріп айту	46
⑫ Сүннет амалдарынан – түнгі намазды оқу үшін үй ішіндегілерді ояту	46
⑬ Сүннет амалдарынан – түнгі намазға тұрушы өзіне қолайлыны тандауы. Намазында оның көңілін ешнәрсе бөлмейтіндей	47



Тақырып	Бет
❖ ¹⁴ Сүннет амалдарынан – үтір намазын оқымай жатып қалса, оның қазасын күндіз жұп ракағаттарымен өтеу	47
❖❖ Таң намазының уақыты	48
▶ Азан және оған байланысты сүннет амалдары	48
❖ ¹ Азаншыға еру	48
❖ ² Екі куәліктен кейін зікір айту	49
❖ ³ Азаннан кейін пайғамбарға صلى الله عليه وسلم салауат айту	49
❖ ⁴ Азаннан кейінгі зікір-дұғаны айту	50
❖ ⁵ Азаннан кейін дұға сұрау	50
▶ Таң намазының сүннеті және оған байланысты бірнеше сүннет амалдары	51
❖ ¹ Ратиб сүннеттерін үйде оқыған абзал	51
❖ ² Ратиб сүннеттерінің ішінде ең маңыздысы	51
▶ Мешітке бару және ондағы жасалатын сүннеттер	53
❖ ¹ Сүннет бойынша, мешітке ертерек бару	53
❖ ² Әр жасаған қадамы жазылуы үшін, үйінен таһаратты күйде шығу	53
❖ ³ Намазға шыққан кезде, құрметті және байсалды түрде шығу	54
❖ ⁴ Мешітке кіргенде оң аяқпен кіру, және шыққанда сол аяқпен шығу	54
❖ ⁵ Мешітке кіргенде және шыққанда сүннетте келген зікір-дұғаны айту	54

Тақырып	Бет
❖ Мешітке екі ракағат сәлем намазын оқу	55
❖ Ер адамдар үшін жамағаттың бірінші қатарына асығу – сүннет. Себебі, бірінші қатар ер адамдар үшін – ең жақсы қатар болып саналады. Ал, әйелдер үшін ең жақсы қатар – соңғы қатар	55
❖ Имамның артында тұрған кісі имамға жақын тұруы – сүннет	56
► Намаздағы сүннеттер	57
◆ Сутра /бөгет/ және оған байланысты сүннет амалдары	57
❖ Сутра қою – сүннет амалдарынан болып табылады	57
❖ Сутраға жақын тұру да – сүннет	58
❖ Намаз оқушының алдынан өткен кісіге жол бермеуі – сүннет	58
❖ Әр намаздың алдында тісті сиуакпен тазалау	59
◆ Намазда тұрудағы /қиямдағы/ сүннеттер	59
❖ Тәкбір әл-ихрам жасау кезінде қолды көтеру	59
❖ Қолды көтергенде саусақтарды бүкпей созу	60
❖ Қолды белгілі деңгейге дейін көтеру	60
❖ Тәкбір әл-ихрамнан кейін оң қолды сол қолдың үстіне қою	61
❖ Сол қолды оң қолмен ұстап, қолды байлау	61
❖ Истифтах /ашушы/ дұғасын оқу	61

Тақырып	Бет
7 «Қуылған шайтаннан Алладан пана сұрап, Оған сиынамын» (<i>истиғаз</i>) сөздерін айту	63
8 «Аса Мейірімді, ерекше Рахымды Алланың атымен» (<i>бәсмәлә</i>) сөздерін айту	63
9 Имаммен бірге «Әмин» деп айту	64
10 Фатиха сүресінен кейінгі сүрені оқу	64
◆ Руқуғ жасау кезіндегі сүннеттер	64
1 Екі тізеге екі қолды қойып, оларды саусақтарын жинамай ұстау	64
2 Руқуғ жасаушы арқасын созып, түзу ұстайды	65
3 Намаз оқушы руқуғ жасағанда шынтақтарын денесінің екі жағына қысып ұстамауы тиіс	65
4 Руқуғта сүннетте келген дұға-зікірлерді айту	66
◆ Руқуғтан көтерілу және ондағы сүннеттер	66
1 Руқуғтан кейін ұзақ тұру	66
2 «Раббымыз, және Саған мақтау-мадақ болсын» сөздерін төмендегілермен алмастыру	67
3 Руқуғтан бой түзегеннен кейін сүннетте келген зікір-дұғаларды оқу	67
◆ Сәжде жасау және ондағы сүннеттер	68
1 Сәжде жасаушы қолдарын денесінің екі жағына және сандарын ішіне тигізбей сәжде жасауы тиіс	68
2 Сәжде жасаушы аяқтарының саусақтарын құбыла жаққа қаратуы	69

Тақырып	Бет
③ Сәжде жасағанда айтылатын сүннетте келген зікір-дұғаларды айту	70
④ Сәжде жасау кезде Алладан дұға-тілектерді сұрауды ұзарту	71
◆ Екі сәжденің арасындағы отырыс кезіндегі жасалынатын сүннеттер	71
① Намаз оқушы сол аяғын жерге жайып, үстіне отырады, ал, оң аяғының ұшын тік тұрғызады	71
② Екі сәжденің арасында ұзақ отыру	72
③ Екінші, төртінші немесе кез келген /жұп/ ракағатқа тұрам деген кісі, тұрудың алдында сәл отыруы	72
◆ Тәшәһһуд оқу кезіндегі сүннеттер	72
① Намаз оқушы тәшәһһуд оқыған кезде сол аяғын жерге жайып, оң аяғының ұшын тік тұрғызады	72
② Тәшәһһудты айтып жатқан кезде қолды әркелкі ұстау	73
③ Тәшәһһуд айту кезінде қолының саусақтарын әркелкі ұстау	73
④ Тәшәһһудтің әр түрлі зікір-дұғаларын кезектестіріп оқу	74
⑤ Төрт немесе үш ракағатты намаздың соңғы тәшәһһуд оқу отырысында намаз оқушы «тәуәррук» отырыс сипатында отырады	75
⑥ Пайғамбарға صلى الله عليه وسلم салауат айтудың бірнеше нұсқасын кезектестіріп оқу	76
⑦ Сәлем берудің алдында төрт нәрседен Алладан пана сұрау	77

Тақырып	Бет
◆ Парыз намаздарының сәлемін беріп, одан кейін сүннетте келген зікір-дұғаларды айту - сүннет	79
◆ Сүннет амалдарынан – таң намазынан кейін намаз оқитын жерде күн шыққанша дейін отыру	79
► Таңғы зікірлер	84
◆ Таңғы және кешкі зікірлер	84
◆ Духа намазы уақыты	90
◆ Уақыты	91
◆ Духа намазының ракағаттар саны	92
◆ Бесін намазы уақыты	93
◆ Бесін парызының алдында және одан кейін оқылатын сүннет намаздарын оқу	93
◆ Сүннет бойынша, бесін парызының бірінші ракағатын ұзақ оқу	93
◆ Сүннет бойынша, күн ыстығы қатты қызып жатса, намазды күннің салқындаған уақытына дейін кешіктіру	94
◆ Екінті намазы уақыты	96
◆ Таңертең және кешке оқылатын зікір-дұғалар	97
◆ Таңертеңгі зікір-дұғалардың уақыты	97
◆ Кешкі зікір-дұғалардың уақыты	97

Тақырып	Бет
◆ Ақшам намазы уақыты	98
◆ Сүннет бойынша, ақшам намазы кіргенде балаларды далаға шығармау.	98
◆ Сүннет бойынша, ақшам намазы кіргенде Алланың атын атап үйдің есіктерін жабу	98
◆ Ақшам намазы парызының алдында екі ракағат намаз оқу	99
◆ Құптан намазының алдында ұйықтау – мәкруһ	100
◆ Құптан намазы уақыты	101
◆ Құптан намазынан кейін отырыс және біреумен сөйлесу – мәкруһ болып табылады	101
◆ Имамға ұйып оқитын мүміндерге қиыншылық тудырмаса, құптан намазын кешіктіру абзал	102
◆ Сүннет бойынша, әр түнде «Ықылас» сүресін оқу	102
◆ Ұйқымен байланысты сүннеттер	103
① Ұйықтар алдында есіктерді жабу	103
② Ұйықтар алдында жағылған отты сөндіру	103
③ Ұйықтар алдында таһарат алу	104
④ Жатар алдында төсекті қағып-сілкеу	104
⑤ Оң жақ бүйірімен ұйықтау	104
⑥ Оң алақанын оң жақ бетінің астына қою	105
⑦ Ұйықтар алдында оқылатын зікір-дұғаларды оқу	105



Тақырып	Бет
◆ Құранда келген дұға-зікірлер	105
◆ Сүннетте келген дұға-зікірлер	107
◆ Түс көрумен байланысты сүннеттер	112
◆ Бұл тақырыпқа байланысты сүннеттер және бұл жөнінде келген хадистер	112
◆ Жоғарыда айтылып кеткен хадистерден мынандай нәтижелер ала аламыз	113
◆ Түннің ортасында оянған кісіге, сүннет бойынша, мына зікірді оқығаны дұрыс	114



Белгілі уақыттары
жоқ сүннеттер



Тақырып	Бет
◆ Ас ішумен байланысты сүннеттер	118
① Ас ішуді Алланың атымен бастау	118
② Алдында тұрған тағамнан алу	119
③ Тағамның бір үзіндісі жерге құлап қалса, оны тазартып жеу	119
④ Саусақтарды жалау	120
⑤ Ыдыста тағам қалдықтарын қалдырмау	120
⑥ Үш саусақпен жеу	121
⑦ Ыдыстан тыс үш рет дем алу	121
⑧ Тамақтанғаннан кейін Алла Тағалаға мадақ-мақтаулар айту	122
⑨ Үстел басына жиналу	122
⑩ Ұнап қалған тағамды мақтау	123
⑪ Тамақтандырған кісі үшін дұға жасау	123
⑫ Сол жақта отырған кісіден бұрын алдымен оң жақта отырған кісіні сусындырған жақсы	124
⑬ Басқаларды сусындаушы ең соңғы болып ішеді	124
⑭ Түн бата бастағанда, Алланың есімін атап ыдыстардың бетін жабу	125



Тақырып	Бет
◆ Сәлемдесу, кездесу және отырыстарға байланысты сүннеттер	126
① Сәлемдесу – сүннет болып табылады	126
② Егер қажет болса, сәлемді үш рет қайталау	127
③ Білетіндерге де, білмейтіндерге де сәлем айту	128
④ Кім бірінші болып сәлемдесетіні туралы сүннет	128
⑤ Кішкентайлармен сәлемдесу	128
⑥ Үйге кірерде сәлем сөздерін айту	129
⑦ Егер адам бір үйге кірсе, бірақ, араларында ұйықтап жатқандар болса, оларды оятпау үшін сәлемдесу сөздерін дауыстамай айтуы керек	130
⑧ Біреу арқылы сәлем айту	130
⑨ Бір жиналыс немесе отырысқа кіргенде сәлемдесу және одан шыққанда да сәлем сөздерін айтып шығу	130
⑩ Кездесу барысында сәлемдескенде қол ұстасып амандасу	131
⑪ Кездесу кезінде күлімсіреп, жылы шыраймен сөйлесу	131
⑫ Жақсы сөз айту – садақа	131
⑬ Жиналыс-отырыстарда Алланы еске алу	132
⑭ Жиналыстың соңында /жиналыс үшін/ өтеу дұғасын оқу	132

Тақырып	Бет
◆ Киімге және әшекейлерге байланысты сүннеттер	133
① Аяқ киімді оң аяқтан бастап кию	133
② Ақ түсті киімдерді кию	134
③ Әтір қолдану	134
④ Әтірді біреу сыйласа, оны қайтару – мәкруһ	135
⑤ Шашты тарағанда оң жақтан бастау	135
◆ Түшкіру мен есінеумен байланысты сүннеттер	136
◆ Түшкіру сүннеттері	136
① Түшкірген адамның «Аллаға мадақ-мақтаулар болсын» (Әлхамду ли-Лләһ) деп айтуы	136
② Сүннетке сәйкес, түшкіріп Алла Тағаланы мадақтамаған адамға ештеңе айтылмау керек	137
◆ Есінеу сүннеттері	138
◆ Сүннетке сәйкес, есінеуді басуға тырысу керек, ал егер есінеуді тоқтата алмаса, аузын қолмен жабуы керек	138



Тақырып	Бет
◆ Басқа күнделікті сүннеттер	140
◆ Дәретханаға кірерде және одан шыққанда арнайы зікір айту	140
◆ Дәретханадан шыққан кісі сүннет бойынша, мына сөздерді айтады	140
◆ Өсиет жазу	141
◆ Сату және сатып алу кезінде жомарттылық пен жұмсақтықты таныту	141
◆ Әрбір таһараттан кейін екі рақағат намаз оқу	142
◆ Намазды күту	142
◆ Сиуак	143
◆ Әрбір намаздың алдында таһаратты жаңарту	143
◆ Дұға жасау	144
◆ Пайдалы мәлімет: Кейбір адамдар «Дұға сұрағанымда не деп айтамын?» деп сұраулары мүмкін	147
◆ Күнделікті сүннеттерден – Алла Тағаланы еске алу /зікір ету/	148
◆ Алланы еске алу – жүректерге өмір береді	149
◆ Көптеген аяттарда Алла Тағала бізді Оны еске алуға шақырады	149
◆ Алланы еске алудың пайғамбарымыздың ﷺ сүннетінде көптеген түрлері келеді	150



بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ
 الحمد لله وهدى للصلاة والسلام على من لا نبي بعده ، وبعد :
 فقد قرأت في هذا المؤلف للشيخ عبد الله بن حمود
 الفريخ (المنهج العلمي في بيان السنن اليومية)
 فقد ألفت مؤلفاً مفيداً يحمل على استقصاء السنن
 اليومية (الفعلية والفعلية في الليل والنهار) المنفردة
 والناجئة لغيرها مما ثبت بالليل مجراه الله خيراً
 ونفع بمؤلفه آمين ، وبالله التوفيق .

كتبه
 د. خالد بن علي المشيق

خلعاً
 ١٤٣٤/١١/٧ هـ

Құрметті шейх Халид Әли әл-Мушейқинның алғысөзі

Мақтау-мадақ тек Жалғыз Аллаға ғана тән және соңғы пайғамбарымызға Алланың сәлемі мен салауаты болсын.

Мен шейх Абдулла Хамуд әл-Фурейхтың «**Күнделікті сүннетті түсіндірудегі ең жақсысы**» атты еңбегін оқыдым.

Және бұл еңбекті өте пайдалы деп таптым. Онда автор күндіз және түнгі уақытта іспен жасалатын немесе тілмен ғана айтылатын; бөлек түрде айтылатын немесе басқа амалмен байланысты болатын Құран мен сүннетте келген дәлелдермен расталған пайғамбарымыздың ﷺ сүннеттерін зерттеді.

Алла Тағала оны жасаған еңбегі үшін жақсылық пен игілікке бөлесін! Әумин!

Ал табыс пен көмек тек Алладан!

Халид Әли әл-Мушейқин

Әл-Қасым Университетінің ислам
ғылымдарының профессоры,

Әл-Харам мешіті мен Пайғамбар мешітінің
ұстазы.





АЛҒЫСӨЗ

{Сендерге – Аллаға және Ақирет күніне үміт ететіндер әрі Алланы көп еске алғандарға – Алланың Елшісінде көркем үлгі-өнеге бар} (әл-Ахзаб, 21 аят), - деп айтқан және пайғамбарымыздың ﷺ жолын ұстануды шариғатпен бекіткен Алла Тағалаға мадақ-мақтаулар болсын. Және үмметіне Аллаға бойсұну және өзінің сүннетіне ілесу кемел болуына үндегендердің ішінде ең жақсысы - пайғамбарымызға Алланың салауаты мен сәлемі болсын!

Құрметті оқырман! Сіздердің алдарыңызда пайғамбардың ﷺ оянған уақытынан ұйқыға бару уақытына дейін өздерінің белгілі уақыттарымен реттелген, олардан кейін күнделікті, бірақ белгілі уақытқа байланбаған сүннеттер ұсынылады. **«Сүннет» сөзін айтқанда мен Ұлы Дана Заң бекітуші Алланың міндетті емес, бірақ ғибадаттың кемел болуына және ізгі амалдардың көбеюіне көмектесетін (мустахаб) әмірлерін айтамын.** Бұл кітап «Күнделікті сүннетті түсіндірудегі ең жақсысы» кітабінің қысқартылған нұсқасы. Мен одан ғылыми зерттеулер мен сүннеттерге қатысты пайдалы пікірлерді алып тастағаннан кейін, кітаптың қысқартылған нұсқасын алдым, онда тек пайғамбардың сүннетін келтірдім. Мұны кейбір бауырлардың өтініші бойынша және кітаптың толық нұсқасын оқуға уақыт пен күш таба алмайтындарға көмектесу үшін жасадым. Сондай-ақ, Исламға шақыру ұйымдары мүмкіндігінше көп оқырмандарға басып шығарып жеткізулері үшін, сонымен қатар, бұл пайғамбардың ﷺ күнделікті сүннеттерін зерделеуге, сол арқылы Алла елшісінің ﷺ ілімдерін батыста көрсеткен бұрмаланған емес, шынайы түрде көрсетуге негіз болуы үшін істедім.



Оған қоса, бүгінде адамдар сүннетті тастағандар жазаға лайық емес деп, пайғамбардың ﷺ сүннетіне немқұрайлы қарай бастады. Осылайша олар үлкен жақсылықтан айырылып барады! Мен Пайғамбардың ﷺ сенімді және күнделікті сүннеттерін ғана дәлелдерімен бірге келтіруге тырыстым.

Алладан бізді Пайғамбар ﷺ сүннетін зерттеп, оған әр нәрседе ілесетіндердің қатарына кіргізуін сұраймын. Ол бізді Қиямет күні Пайғамбармен бірге жинасын!

Жазған: Раббысының жарылқауына мұқтаж
пендесі

Доктор Абдулла Хамуд әл-Фурейх.

Бізбен электронды пошта арқылы
байланысуға болады:

eqtidaa@gmail.com



Кіріспе



«Сүннет» сөзінің мағынасы:

«Сүннет» сөзі «мустахаб» және «мәндуб» мағынасында қолданылады.

Және «сүннет» ол – Заң шығарушы /Алла/ міндетті емес деп әмір берген амал, оны орындағаны үшін мүмінге сауап беріледі, ал тастап кеткені үшін ол жазаға лайық емес болады.

Алғашқы ізгі мұсылмандардың сүннетті ұстанудағы тырысушылықтарының мысалдары:



- 1 Имам Муслим – өзінің «Сахих» кітабында Нұғман ибн Сәлімнің Омар ибн Әустан /Алла ол екеуіне разы болсын/ хадисін риуаят етті: «Менімен Анбаса ибн Әби Суфиян сөйлесті, ол былай деді: «Умм Хабибаның былай дегенін естідім: «Мен Алла елшісінің **صلی الله علیه وسلم** былай дегенін естідім: **«Кімде-кім күні мен түнінде он екі ракағат намаз оқыса, оған олар үшін жәннатта үй салынады»»** (Муслим, 1727). Умм Хабиба: «Мен бұны Алланың елшісінен **صلی الله علیه وسلم** естігеннен бері ол ракағаттарды тастаған жоқпын», - деді. Ал, Анбаса: «Мен бұны Умм Хабибадан естігеннен бері оларды тастаған жоқпын!» - деді.

Амр ибн Әус: «Мен бұны Анбасадан естігеннен бері оларды тастаған жоқпын!» - деді.

Нұғман ибн Сәлім: «Мен бұны Амр ибн Әустан естігеннен бері оларды тастаған жоқпын!» - деді.

- 2 Әли **رضي الله عنه** хадисінде: «Бірде Фатыма оның қол диірмені оны шаршататынын айтты. Ол күндері пайғамбарға **صلی الله علیه وسلم** тұтқынға түскендерді алып келген болатын. Сонда Фатыма әкесінің үйіне келеді, бірақ, оны таба алмай Аишаны кездестіріп оған мән-жайын айтып береді. Ал пайғамбар **صلی الله علیه وسلم** үйіне оралғанда Аиша оған Фатыманың келгені туралы хабарлады. Сонда пайғамбар **صلی الله علیه وسلم** ұйқыға жатып қалған кезімізде келді. Енді тұрайын деп жатқанымызда ол: **«Орындарыңда қалыңдар»**, - деді. Сосын арамызда солай отырды, мен кеудеммен ол кісінің салқын табандарын сездім, одан кейін: **«Сендер сұрағаннан қайырлы нәрсені сендерге үйретейін бе? Ұйықтар алдында Алла Тағаланы отыз төрт рет ұлықтандар («Алла Ұлық» (Аллаһу Әкбар) сөздерімен), отыз үш рет Оны пәктендер («Алла пәк» (Субхана-Ллаһ) сөздерімен), және отыз үш рет Оған мақтау-мадақ айтыңдар («Бүкіл мақтау-мадақ Аллаға ғана тән» (Әл-хамду-ли-Лляһ) сөздерімен). Бұл сендерге қызметшіден жақсы болады!», - деді (әл-Бұхари, 3705; Муслим, 2727).**

Ал хадистің тағы бір риуаятында Әлидың **رضي الله عنه** былай дегені келтіріледі: «Бұны пайғамбардан **صلی الله علیه وسلم** естігенімнен бері тастаған жоқпын». Одан біреу: «Сыффин түнінде де?» - деп сұрады. Әли **رضي الله عنه**: «Сыффин түні де тастағаным жоқ», - деді (Муслим, 2727).

Сыффин түні шайқас болғаны мәлім. Ал Әли **رضي الله عنه** ол шайқаста әскербасшысы болған. Бірақ, осыған қарамастан бұл сүннетті ол тастаған жоқ!



- 3 Ибн Омар رضي الله عنه жаназа намазын оқып болғаннан кейін кетіп қалатын, осылай істеу толық сүннет деп ойлап жүрген. Бірақ, жаназаға мәйітті көмуге дейін ілесудің артықшылығын білген жоқ. Алайда, Әбу Нұрейраның رضي الله عنه хадисі оған жеткенде, сүннетті жіберіп қойғанына қатты өкінді. Ал, енді оның не істегені туралы ойланып көрші?

Ибн Омар رضي الله عنه қолындағы таяғымен жерді бір ұрды да: «Көп қаратты /сауапты/ жіберіп қойдық қой!» - деді (әл-Бұхари, 1324; Муслим, 945).

Имам Науауи /оған Алланың рахыметі болсын/ былай деді: «Бұл хадисте сахабалардың жақсы амалдардың артықшылықтары оларға жеткендегі оларды орындауға қатты тырысушылықтары, және амалдың артықшылығы мен ұлылығын білмей қалса да, ол амалды істемей жіберіп қойғандары үшін қатты өкінгендері көрініс алады». («әл-Минһаж» 7/15).

Сүннетке ілесудің жемістері:

Құрметті бауырым, сүннетке ілесудің жемістері өте көп, олардың ішінде:

- 1 Алла Тағаланың жақсы көруі дәрежесіне жету. Алланың құлы нәпіл амалдарымен Аллаға жақындай түскенде Алла құлын жақсы көруі дәрежесіне жетеді.

Ибн әл-Қайим /оған Алланың рахыметі болсын/ былай деді: «Алла Тағала сені тек Өзі жақсы көргенінің /пайғамбардың/ артынан айқында және көместе ілессең; оның әкелген хабарларына сенсең; дағуатын қабылдасаң; оған өз еркіңмен бағынсаң; оның үкімдерін басқа біреудің үкімдерінен жоғары қойсаң; оны жақсы көруді басқа біреуді жақсы көруден жоғары қойсаң; оған бағынуды басқа біреуге бағынудан жоғары қойсаң ғана жақсы көреді. Ал егер бұның барлығы сенде болмаса, онда әуре болмай-ақ қой, қай жақтан қаласаң сол жақтан орал да, қандай болса да сәулені ізде!» («Мадариж әс-сәликин» 37/3).

- 2 Алла Тағала Өзінің құлымен бірге болуы. Алла Тағала пендесіне жақсы амалдарды істеуге көмектесіп, оған қолдау береді. Сөйтіп, тек қана Раббысы жақсы көрген амалдарды ғана істейтін болады. Себебі, пенде Алланың жақсы көруі дәрежесіне жетсе, Алланың онымен бірге болуы дәрежесіне де жетеді.



- 3 Алла Тағаланың сұраған дұғасына жауап беруі. Кімде-кім Раббысына нәпіл амалдармен жақындаса – Алланың жақсы көруі дәрежесіне жетеді, ал кім ол дәрежеге жетсе Алла Тағала оның сұраған дұғасына жауап береді.

► Осы үш жемісті мына хадисте таба аламыз:

Әбу Һурайра رضي الله عنه хадисінде былай дейді: «Алланың елшісі صلى الله عليه وسلم былай деді: «Ақиқатында, Алла Тағала: «Менің әулиеме / жақыныма/ жау болғанға Мен де соғыс жариялаймын. Пендемнің маған жақындау ниетімен жасаған барлық амалдарының ішінде Маған ең сүйіктісі – Мен парыз еткен амалдар. Пендем Менің сүйікті құлдарымның /біріне/ айналмайынша, сол парыз етілген амалдардан да асыра /нәпіл/ амалдар жасайды. Ал Мен оны жақсы көрсем, оның естір құлағы, көрер көзі боламын, ұстайтын қолы һәм жүретін аяғы боламын. Егер ол менен әлдебір қажетін сұраса, Мен міндетті түрде оған /оны/ беремін, ал егер Менен пана тілесе, оны міндетті түрде қорғаймын. Мені жасап жатқан амалдардың ішінде өлімді қаламайтын мүміннің жанын алу секілді ешнәрсе күдікке алмайды. Себебі мен оған зиян келтіргім келмейді», - деп айтады» (әл-Бұхари, 6502).

- 4 Парыздарда кеткен кемшіліктердің орнын басу. Нәпіл амалдар – парыз амалдарда кеткен кемшіліктердің орнын басады.

Бұл туралы мына хадисте айтылған:

Әбу Һурайра رضي الله عنه хадисінде былай дейді: «Алла елшісінің صلى الله عليه وسلم былай дегенін естідім: «Адамдардың қиямет күнінде алғаш есепке тартылатын амалы мен іс-әрекеті - намаз. Егер намазы жақсы болса, ол құтылады және мақсатына жетеді. Ал, егер, намазы жаман болса ол сәтсіздік пен үлкен шығынға ұшырайды. Парыздарының ішінде бір кемшілік табылса, ұлы Раббымыз: «Қараңдар, құлымның нәпіл /сүннет/ намаздары бар ма екен? Құлымның парыз намаздарындағы нұқсандарды нәпілдермен толтырындар», - дейді. Одан кейін парыз болған басқа амалдар да осылайша есепке тартылады». (Имам Ахмад, 9494; Әбу Дәуіт, 864; әт-Тирмизи, 413; әл-Әлбани хадисті «сенімді» деді «Сахих әл-Жамиъ» 1/405).





Белгілі уақытта жасалатын сүннеттер

Белгілі уақытта жасалатын сүннеттер деп, күн мен түннің белгілі уақыттарында жасалатын сүннеттерді айтамыз. Мен оларды жеті уақытқа бөлдім: таң намазының алдындағы уақыт, таң намаз уақыты, духа намазының уақыты, бесін намазының уақыты, екінті намазының уақыты, ақшам намазы мен құптан намазының уақыттары.



Таң намазының алдындағы уақыт



Бұл ұйқыдан оянғаннан кейін сүннеттер жасалатын бірінші уақыт болып саналады. **Бұл уақытта жасалатын сүннеттерді екіге бөлуге болады:**



Біріншісі:

Ұйқыдан тұру және одан кейін пайғамбардың **صلی الله علیه وسلم** жасаған амалдары:



1 Сиуакты қолданып, ауыз қуысын тазарту.

Пайғамбардың сахабасы Хузейфадан **رضي الله عنه** былай деп айтқан сөзі келтіріледі: «Пайғамбар **صلی الله علیه وسلم** түнде ұйқысынан тұрған кезінде аузын сиуакпен тазалайтын» (әл-Бұхари, 245; Муслим, 255). Муслимнің тағы бір риуаятында: «Пайғамбар **صلی الله علیه وسلم**





тәһәжжуд намазына тұрғанда ауызын сиуакпен тазалайтын», - деп айтылады (Муслим, 255). Яғни, сиуакты жан-жағына қозғалтып тісін тазалаған.

2 Сүннетте келген ұйқыдан оянғанда айтылатын зікір-дұғаларды оқу.

بِسْمِكَ اللَّهُمَّ أُمُوتُ وَأَحْيَا

Әл-Бұхаридің «Сахих» есімді сенімді хадистер жинағында Хузейфаның رضي الله عنه былай деп айтқаны келтіріледі: «Пайғамбар صلى الله عليه وسلم ұйықтар алдында: «**Уа, Алла Тағала! Сенің атыңмен көз жұмып, Сенің атыңмен қайта тірілемін**» (Бисмикә Аллахумма әмуту уә әхйа).

الْحَمْدُ لِلَّهِ الَّذِي أَحْيَانَا بَعْدَ مَا أَمَاتَنَا وَإِلَيْهِ التُّشْوُرُ

Ал ұйқыдан оянған кезінде: «**Бізді жан тапсырған соң қайта тірілген Аллаға шүкір! Әрі біз Оған қайтушымыз**» (Әл-хамду лиЛләһи әлләзи әхйана баъдә мә әмәтәнә уә иләйһин-нушур), - деп айтатын» (әл-Бұхари, 6324; Муслим әл-Бароа رضي الله عنه хадисінен риуаят етті 2711).

3 Бет жүзден ұйқының әсерлерін кетіру.

4 Аспанға қарау.

5 «Әли Имран» сүресінің соңғы он аятын оқу.

Осы үш сүннет амалдары Ибн Аббастың /ол екеуіне Алла разы болсын/ хадисінде келген. Бірде ол Мәймуна есімді пайғамбар صلى الله عليه وسلم әйелінің үйінде түнеді. Мәймуна оның тәтесі болатын. Ибн Аббас: «Мен төсекте көлденеңнен жаттым, ал Алланың елшісі صلى الله عليه وسلم мен әйелі ұзыннан жатты. Сонда Алланың елшісі صلى الله عليه وسلم түннің ортасына дейін немесе түннің ортасына дейін кішкене қалғандағы уақытқа дейін, немесе түннің ортасынан аз уақыт асқандағы уақытқа дейін ұйықтады. Алланың елшісі صلى الله عليه وسلم оянып бетінен ұйқының әсерін қолымен кетірді. Сосын «Әли Имран» сүресінің соңғы он аятын оқыды да, /төбеге/ ілініп тұрған сабаға келіп, лайықты түрде таһарат алып намазға тұрды», - деді (әл-Бұхари, 183; Муслим, 763).



Муслимда келген тағы бір риуаятта (256): «Алланың пайғамбары صلى الله عليه وسلم түннің соңғы бөлігінде тұрып, сыртқа шықты да аспанға қарады. Сосын «Әли Имран» сүресінің мына аятын оқыды: {Ақиқатында, аспандардың және жердің жаратылуында, түн мен күндіздің ауысуында ақыл иелері үшін белгілер бар...}» (Әли Имран: 190).

6 Қолды үш рет жуу.

Әбу Һурайраның رضي الله عنه хадисінде пайғамбар صلى الله عليه وسلم былай деді: «Сендердің ешқайсыларың ұйқыдан тұрған кезде қолын үш рет жумай, ыдысқа салмасын. Себебі ол қолдарыңмен денелеріңнің қай жерлерін ұстағандарыңды білмейсіңдер» (әл-Бұхари, 162; Муслим, 278).

7 Суды мұрынға үш рет тартып, оны сіңбіру.

Әбу Һурайраның رضي الله عنه хадисінде пайғамбар صلى الله عليه وسلم былай деді: «Ұйқыдан тұрғандарыңда үш рет сіңбіріңдер. Өйткені шайтан мұрынның ішіне түнейді» (әл-Бұхари, 3295; Муслим, 238). Әл-Бұхаридің риуаятында: «Ұйқыдан тұрып, таһарат алғандарыңда үш рет сіңбіріңдер...» (әл-Бұхари, 3295).

8 Кейін таһарат алу.

Бұл туралы пайғамбар صلى الله عليه وسلم намаз оқимын деп, /төбеге/ ілініп тұрған сабаға келіп таһарат алуы туралы айтылған Ибн Аббастың /ол екеуіне Алла разы болсын/ жоғарыда айтылып кеткен хадисінде келтірілген болатын.



Таһарат алудың сүннеттері



Таһарат туралы айтсақ, ондағы сүннеттердің егжей-тегжейін емес, қысқаша түрде ғана атап шығамыз. Себебі, ондағы сүннетер белгілі. Біз жай ғана сүннеттерді толық түрде жинау үшін оларды түгендеп шығамыз.

❖ Сиуак.

Сиуакты таһарат алудың алдында немесе ауыз шаюдың алдында қолданады. Бұл сүннет бойынша, сиуакты қолданудың екінші жері. Біріншісін жоғарыда айтып кеткен болатынбыз. Сөйтіп, таһарат алғысы келген адам үшін, оның алдында тісін сиуакпен тазалау – сүннет. Бұл жайында Әбу Һурайраның رضي الله عنه хадисінде айтылған: «Алла елшісі صلى الله عليه وسلم: «Үмметіме ауыр келеді деп қорықпағанымда оларға әр таһарат аларда сиуак қолдануды бұйырар едім», - деп айтты» (Ахмад, 9928; хадисті «сенімді» деп өз жинағында



Ибн Хузейма риуаят етті (1/73/140); әл-Хаким 1/245; және имам әл-Бұхари бұл хадисті жинағының «Ораза ұстаушының балғын және кепкен сиуакты қолдануы» бабында «муаллақ» ретінде келтірді).



Және Аиша анамыздың *رضي الله عنها* хадисінде ол: «Біз /Алла елшісінің/ таһарат алатын суы мен сиуак таяқшасын кешке қарай дайындап қоюшы едік. Алла Тағала оны түннің қалаған уақытында оятқанда, /Алла елшісі/ тұрып сиуакпен тісін тазалап, таһарат алып намазға тұратын», - деді. (Муслим, 746).

❖ 2 «Алланың атымен» (*Бисмилләһ*) сөзін айту.

Әбу Һурайраның хадисінде *رضي الله عنه* Алла елшісінің *صلى الله عليه* былай дегені хабарланады: «Кімде-кім таһарат алудың алдында Алланың атын (*Бисмилләһ*) ескермесе, оның таһараты саналмайды» (Ахмад, 11371; Әбу Дәуіт, 101; Ибн Мәжәһ 397).

❖ 3 Білекке дейін қолды үш рет жуу.

Осман *رضي الله عنه* хадисінде пайғамбардың *صلى الله عليه وسلم* таһарат алуын сипаттап жатқанында таһарат суын әкелулерін талап етіп, үш рет қолын білекке дейін жуды да былай деді: «Пайғамбардың *صلى الله عليه وسلم* міне, мен таһарат алғанындай таһарат алғанын көрдім» (әл-Бұхари, 164; Муслим, 226).



❖ 4 Аяқ пен қол жуғанда оң жақтан бастау.

Аиша анамыз *رضي الله عنها*: «Пайғамбарымыз *صلى الله عليه وسلم* аяқ киім кигенде, шашы мен сақалын тарағанда және таһарат алғанында оң жақтан бастағанды жақсы көруші еді. Және бүкіл амалдарында да солай істеді», - деді (әл-Бұхари, 168; Муслим, 268).




❖ 5 Бет жуудың алдында ауыз бен мұрынды шаю.

Осман *رضي الله عنه* хадисінде пайғамбардың *صلى الله عليه وسلم* таһарат алуын сипаттап жатқанында, ауызын, мұрнын шайып сосын бетін үш рет жуғанын хабарлады (әл-Бұхари, 199; Муслим, 226). Бірақ, егер алдымен бетін жуып, одан кейін ауызы мен мұрнын шайса да болады.



6 Ораза емес адам үшін ауыз бен мұрнын шайғанда жақсылап терең шаю.

Лақит ибн Сабраның رضي الله عنه хадисінде, пайғамбардың صلى الله عليه وسلم оған былай деп айтқаны хабарланады: **«Таһаратты толық түрде ал, саусақтардың арасын жуып, ораза емес болсаң мұрныңды шайғанда жақсылап /терең/ шай»** (Ахмад, 17846; Әбу Дәуіт, 142; Ибн Хажар «әл-Исаба» кітабында: «Бұл хадис сенімді», - деді (9/15). Ал ауыз шаюдағы «терең шаю» пайғамбардың **«Таһаратты толық түрде ал»** сөзінен алынды.



7 Ауыз бен мұрынды бір қолмен шаю.

Абдулла ибн Зейдтің رضي الله عنه хадисінде, ол пайғамбардың صلى الله عليه وسلم таһарат алуын сипаттағанында былай деді: **«Ол /пайғамбар/ қолын /таһарат суына/ кіргізіп, алып шықты да ауызы мен мұрнын бір қолдан шайды. Осылай үш рет істеді..»** (әл-Бұхари, 192; Муслим, 235).



8 Басқа мәсіх тартқанда сүннеттегі сипат бойынша тарту.

Басқа мәсіх тартуды маңдай жақтан бастап екі қолмен желке жаққа қарай сүртіп, тура солай арт жақтан бастап кері қарай маңдай жаққа сүрту керек. Бұл сүннетті әйелдер де солай жасайды. Ал шаштары мойнынан төмен түсіп жатса, ол шашқа мәсіх тартылмайды.



Бұл туралы мына хадисте айтылған:

Абдулла ибн Зейдтің رضي الله عنه хадисінде, ол пайғамбардың صلى الله عليه وسلم таһарат алуын сипаттағанында былай деді: **«Ол /пайғамбар/ екі қолымен басының алдыңғы жағынан бастап желке жаққа дейін мәсіх қылды. Одан кейін екі қолын кері қарай бастаған жеріне дейін қайтарды»** (әл-Бұхари, 185; Муслим, 235).



9 Дене мүшелерді үш рет жуу.

Бірінші рет жуу – уәжіб. Ал екінші мен үшінші рет жуу – сүннет. Және үш реттен көп жуылмайды.

Бұл туралы мына хадистерде айтылған:

Имам әл-Бұхари /оған Алланың рахыметі болсын/ риуаят еткен Ибн Аббастың /ол екеуіне Алла разы болсын/ хадисінде пайғамбардың **صلى الله عليه وسلم** таһарат алғанда әр дене мүшесін бір-бір реттен жуғаны хабарланады (әл-Бұхари, 157). Сондай-ақ, имам әл-Бұхариде Абдулла ибн Зейдтің **رضي الله عنه** хадисінде пайғамбардың **صلى الله عليه وسلم** таһарат алғанда әр дене мүшесін екі-екі реттен жуғаны да хабарланады (әл-Бұхари, 158). Және екі имам әл-Бұхари мен Муслимнің «Сахих» кітаптарында Осман **رضي الله عنه** риуаят еткен хадисінде пайғамбардың **صلى الله عليه وسلم** таһарат алғанда әр дене мүшесін үш-үш реттен жуғаны келтіріледі (әл-Бұхари, 159). Сондықтанда таһарат алған кезде бірде бір-бірден, бірде екі-екіден, бірде үш-үштен жуып отырғаны абзал. Ал кей кезде екі «Сахих» кітабында келтірілген Абдулла ибн Зейд **رضي الله عنه** хадисінің екінші риуаятында («Зәд әл-Миъад», 1/192 қара) айтылғандай бір санды ұстанбай жууға да болады, мысалы, бетті үш рет, қолды екі рет, аяқты бір рет жууға болады. Алайда, көбінесе үш-үш реттен жуып отырған дұрыс, бұл – пайғамбардың **صلى الله عليه وسلم** нұсқауы.

10 Таһарат алғаннан кейін зікір-дұға айту.

أَشْهَدُ أَنْ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ ، وَأَنَّ مُحَمَّدًا عَبْدُ اللَّهِ وَرَسُولُهُ

Омардан **رضي الله عنه** риуаят етіледі: «Алла елшісі **صلى الله عليه وسلم** : «Кімде-кім таһаратын толығымен алып, артынан: «Алладан басқа құдай жоқ екеніне және Мұхаммед Алланың құлы әрі елшісі екеніне куәлік етемін» (*Әшһәду әнлә иләһә илләллаһу уә әннә Мұхаммәдән ғабду-Ллаһи уә расулүһ*) десе, оған жәннаттың сегіз есігі ашылып, қалаған есігінен кіреді», - деді» (Муслим, 234).



سُبْحَانَكَ اللَّهُمَّ وَبِحَمْدِكَ، أَشْهَدُ أَنْ لَا إِلَهَ إِلَّا أَنْتَ، أَسْتَغْفِرُكَ وَأَتُوبُ إِلَيْكَ

Немесе Әбу Саьидтің رضي الله عنه хадисінде келген дұғаны айтуға болады: «Кімде-кім таһарат алып болғаннан кейін: «Ей, Аллаһ Сен пәксін және Саған мақтаулар болсын! Сенен басқа құдай жоқ екеніне куәлік етемін. Сенен кешірім сұраймын, әрі Саған тәубе қыламын (*Субхәнәкә-Ллаһумма уә бихамдик, әшһәду ән лә иләһа иллә антә, әстәғфирукә уә әтубу иләйк*)», - десе, осы айтқан сөздері ақ қағазға жазылып, одан кейін мөрленіп Аршының астына қарай көтеріледі. Ол мөр Қиямет күніне дейін жойылмайды» (ән-Нәсәи «Амаль әл-яум уә әл-ләйлә» 147 бет, әл-Хаким 1/752; Ибн Хажар / оған Алланың рахыметі болсын/ хадистің иснадын «сенімді» деді және хадистің дәрежесі «марфуъ» (тікелей пайғамбардан риуаят етілген хадис) дәрежесіне жетпесе де ол хадис «мәукуф» (сахабадан риуаят етілген хадис), және бұл хадиске «мәукуф» болғаны зиян емес, себебі бұл хадиске «марфуъ» дәрежесі беріледі. Өйткені бұл хадисте айтылған нәрселер туралы сахабалар өз ойларынан айта алмайды (яғни, мұндай нәрселерді тек пайғамбар ғана айта алады) деп баяндады («Нәтәиж әл-әфкар» 1/246 қара).





Екіншісі: түнгі намазға тұру және үтір намазы. Бұл бөлімде екі намаз уақытында пайғамбардың ﷺ сүннеттері туралы айтылады.



1 Сүннет амалдарынан – түнгі намазды оның ең абзал уақытында оқу.



Егер «түнгі намаздың ең абзал уақыты қашан» деп сұралса?

Жауабы осындай болады: үтір /түнгі/ намазының уақыты құптан намазынан кейін таңның шыға бастаған уақытына дейін екені белгілі. Үтір намазы құптан намазы мен таң намазының арасында оқылады.

Бұл туралы мына хадисте айтылған:

Аиша анамыздың رضي الله عنها хадисінде: «Алланың елшісі ﷺ Жауабы осындай болады: үтір /түнгі/ намазының уақыты құптан намазынан кейін таңның шыға бастаған уақытына дейін екені белгілі. Үтір намазы құптан намазы мен таң намазының арасында оқылады.



Ал түнгі намазды оқуға ең абзал уақыт: түн ортасынан кейін түннің үштен екінші бөлігі.

Бұл туралы Абдулла ибн Амр /ол екеуіне Алла разы болсын/ хадисінде айтылған. Алла елшісі ﷺ былай деді: «Алла үшін ең сүйікті ораза – Дәуіт оразасы. Ал ең сүйікті намаз – Дәуіт намазы /оған



Алланың сәлемі болсын/. Ол түннің жартысын ұйықтап, үштен бір бөлігінде намаз оқып, алтыншы бөлігінде ұйықтайтын. Және бір күн ораза ұстап, бір күн ұстамайтын» (әл-Бұхари, 3420; Муслим, 1159).

◆ Егер мұсылман адам мына сүннетті орындағысы келетін болса, түнді қалай дұрыс бөледі?

Күн батқаннан таңның атуына дейінгі уақытты есептеп, оны алты бөлікке бөледі. Алғашқы үш бөлік – ұйықтайтын түннің бірінші жартысы, содан кейін түннің төртінші және бесінші бөліктерінде намаз оқу үшін оянады, ал соңғы бөлігінде – алтыншысында – ұйықтайды. Міне, осы себептен Аиша анамыз رضي الله عنها былай деген: «Таң сәрісі оны /пайғамбарды صلى الله عليه وسلم/ менде ұйықтаған күйінде табатын» (әл-Бұхари, 1133; Муслим, 742).

Міне, мұсылман осы жолмен істеп көрсе, жоғарыда айтылып кеткен Абдулла ибн Амрдың хадисінде сипатталған түн намазының ең абзал уақытына ілігеді.

► Жоғарыда айтылған сөздерді қысқартып айтсақ, түнгі намазды орындау уақытының абзалдығы үш дәрежеге бөлінеді:

Бірінші дәреже: айтып кеткеніміздей, түннің бірінші жартысын ұйықтап, үштен бір бөлігін намазда тұрып, алтыншы бөлігінде ұйықтау.

Бұл туралы жоғарыдағы Абдулла ибн Амр ибн әл-Ъас /ол екеуіне Алла разы болсын/ хадисінде айтылған.

Екінші дәреже: түннің соңғы үштен бір бөлігінде намазға тұру.

Бұл туралы мына хадисте айтылған:

Әбу Һурайраның رضي الله عنه хадисінде Алла елшісі صلى الله عليه وسلم былай деді: «Әр бір түннің соңғы үшінші бөлігінде аса Ұлы және Жоғары Раббымыз дүние аспанына түседі де: «Маған дұға қылып жатқан кім бар екен, жауап берейін. Менен сұрап жатқан кім бар екен, сұрағанын берейін. Менен күнәсін кешіруді тілеп жатқан кім бар екен, кешірейін», - дейді» (әл-Бұхари, 1145; Муслим 758). Сондай-ақ, Жәбірдің رضي الله عنه хадисінде де, оны біз кейін келтіреміз.

Ал, егер түннің соңғы бөлігінде тұра алмаймын деп қорықса, түннің бірінші немесе кез келген бөлігінде, өзіне ыңғайлы уақытында намазға тұра алады. Бұл – үшінші дәреже болып табылады.

Үшінші дәреже: түннің бірінші бөлігінде немесе түннің өзіне ыңғайлы болатын уақытында тұрып намаз оқу.



Бұл туралы мына хадисте айтылған:

Жәбірдің **صلى الله عليه وسلم** хадисінде, Алла елшісі **صلى الله عليه وسلم** «Түннің соңғы бөлігінде тұра алмаймын деп қорыққан адам түннің бірінші бөлігінде үтір намазын оқысын. Ал, кім түннің соңғы бөлігінде тұрып үтір намазын оқимын десе, солай істесін. Расында, түннің соңғы бөлігінде оқылған намаздың куәлары болады, ал бұл – абзал», - деді (Муслим, 755).

Және пайғамбардың **صلى الله عليه وسلم** Әбу Заррға (ән-Нәсәи «әс-Сунан әл-Кубра», 2712; әл-Әлбани «әс-Сахиха» кітабында «сенімді» деді, 2166), Әбу әд-Дардаға (Ахмад, 27481; Әбу Дәуіт, 1433; әл-Әлбани «Сахих Әби Дәуіт» кітабында «сенімді» деді, 5/177), және Әбу Һурайраға **رضي الله عنه** (Муслим, 737) айтқан өсиеттерінде де бұл туралы айтылды. Әрбіреуі: «Менің ең сүйікті досым /пайғамбар/ маған үш нәрсені өсиет етті...» солардың ішінде «ұйықтар алдында үтір намазын оқуды» өсиет еткенін айтты.

❖ 2 Сүннет амалдарынан – үтір намазын он бір рақағат оқу.

Бұл үтір намазындағы ең жақсы рақағаттар саны. Аиша анамыздың **رضي الله عنها** хадисінде айтылғандай: «Алла елшісі **صلى الله عليه وسلم** Рамазан айында да, басқа айларда да /түнгі/ намаздарын он бір рақағаттан асырған жоқ» (әл-Бұхари, 1147; Муслим, 738).

Сондай-ақ, имам Муслим «Сахих» кітабында Аиша анамыздың **رضي الله عنها** тағы бір хадисінде пайғамбардың **صلى الله عليه وسلم** он үш рақағат оқығаны да келтіріледі.

Бірақ бұл – үтір намазын түрлендіру жағынан болып тұр. Ал көбінесе пайғамбар **صلى الله عليه وسلم** үтір намазын он бір рақағат оқыды. Кей кезде ғана он үш рақағат оқыған. Міне, осы пікірмен біз екі хадисті біріктіре аламыз.

❖ 3 Сүннет амалдарынан – түнгі намазды екі жеңіл рақағаттан бастау.

Аиша анамыз **رضي الله عنها** «Алла елшісі **صلى الله عليه وسلم** түнгі намазға тұрғанда, намазын екі жеңіл рақағаттан бастайтын», - деді (Муслим, 767).

❖ 4 Сүннет амалдарынан – түнгі намазда оқылатын «истифтах» дұғаларын оқу. Олар:



- 1 > اللَّهُمَّ رَبَّ جِبْرَائِيلَ وَمِيكَائِيلَ وَإِسْرَافِيلَ فَاطِرَ السَّمَاوَاتِ وَالْأَرْضِ، عَالِمِ الْغَيْبِ وَالشَّهَادَةِ، أَنْتَ تَحْكُمُ بَيْنَ عِبَادِكَ فِيمَا كَانُوا فِيهِ يَخْتَلِفُونَ، اهْدِنِي لِمَا اخْتَلَفَ فِيهِ مِنَ الْحَقِّ بِإِذْنِكَ إِنَّا تَهْذِيبُ مَنْ تَشَاءُ إِلَى صِرَاطٍ مُسْتَقِيمٍ



Имам Муслимнің «Сахих» хадистер жинағында Аиша анамыздан رضي الله عنها келген хадисінде, ол былай деді: «Ол /пайғамбар/ صلى الله عليه وسلم түнгі намазына тұрғанда, намазын мына дұғамен ашатын: **«Жәбірейіл, Микәил, Исафилдің, Раббысы және көктер мен жердің Жаратушысы, әшкере мен**

жасырын /істердің хабарын/ Білуші, уа, Алла! Сен құлдарың өзара келіспей, дауласып қалған /істерге/ үкім шығарасың. Мені Өз қалауыңмен даулы мәселелерден ақиқат /жолыңа/ бастай гөр. Күмәнсіз Сен қалаған кісіні тура жолға салушысың» (Аллаһумма Рабба Джибраилә, уә Микәилә, уә Исафилә Фәтыййрас-самәуәти уәл-ард, ғалимәл-ғайби уәш-шәһәдәһ, Әнтә тәххумубәйнә ыбадиқә фи мә кәну фиһи яхтәлифун. Инһидини лимәх-тулифә фиһи минәл-хаққи би-изникә иннәкә тәһди мән тәшә-у илә сыиратыйн-мустәқим) (Муслим, 770).

- 2 > اللَّهُمَّ لَكَ الْحَمْدُ أَنْتَ نُورُ السَّمَوَاتِ وَالْأَرْضِ، وَلَكَ الْحَمْدُ أَنْتَ قَيِّمُ السَّمَوَاتِ وَالْأَرْضِ، وَلَكَ الْحَمْدُ أَنْتَ رَبُّ السَّمَوَاتِ وَالْأَرْضِ وَمَنْ فِيهِنَّ، أَنْتَ الْحَقُّ، وَوَعْدُكَ الْحَقُّ، وَقَوْلُكَ الْحَقُّ، وَلِقَاؤُكَ الْحَقُّ، وَالْجَنَّةُ حَقٌّ، وَالنَّارُ حَقٌّ، وَالنَّبِيُّونَ حَقٌّ، وَالسَّاعَةُ حَقٌّ، اللَّهُمَّ لَكَ أَسْلَمْتُ، وَبِكَ آمَنْتُ، وَعَلَيْكَ تَوَكَّلْتُ، وَإِلَيْكَ أُنِيتُ، وَبِكَ خَاصَمْتُ، وَإِلَيْكَ حَاكَمْتُ، فَاعْفُ عَنِّي مَا قَدَّمْتُ، وَمَا أَخَّرْتُ وَمَا أَسْرَرْتُ وَمَا أَعْلَنْتُ أَنْتَ إِلَهِي لَا إِلَهَ إِلَّا أَنْتَ

Имам әл-Бұхари және имам Муслимнің «Сахих» кітаптарында келген Ибн Аббас /ол екеуіне Алла разы болсын/ хадисінде, ол былай деді: «Пайғамбар صلى الله عليه وسلم түнгі тәһәжжуд намазына тұрғанда былай дейтін: **«Уа, Алла! Саған мақтау-мадақтар болсын. Сен көктер мен жердің нұрысың, Саған мақтау-мадақтар болсын! Сен көктер мен жерді басқарып тұрушысың, Саған мақтау-мадақтар болсын. Сен көктер мен жердің әрі ондағы мекен ететін жанды заттардың Раббысысың, Сен Хақсың, Сенің уәдең де хақ, Сенің сөзің де хақ, Сенімен кездесу де хақ, жәннәт та хақ, тозақ та хақ, пайғамбарлар да хақ, қиямет күні де хақ. Уа, Алла! Саған бой ұсындым, Саған иман келтірдім, Саған**



тәуекел еттім, Саған тәубе қылдым, Сенің жолында керістім және Сенің үкіміңе жүгіндім. Менің бұрынғы және кейінгі істеген /кемшілік/ күнәларымды және жасырын әрі әшкере күнәларымды кешіре гөр, Сен менің Құдайымсың, Сенен басқа құлшылыққа лайықты ешбір құдай жоқ» (Аллаһумма ләкәл-хамду Әнтә нурус-сәмәуәти уәл-ардый, уә ләкәл-хамду Әнтә қайимус-сәмәуәти уәл-ардый, уә ләкәл-хамду Әнтә раббус-сәмәуәти уәл-ардый уә мән фиһиннә. Әнтәл-Хаққу, уә уәьдукәл-хаққу, уә қаулуқәл-хаққу, уә лиқа-укәл-хаққу, уәл джәннәту хаққун, уән-нәру хаққун, уән-нәбиюнә хаққун, уәс-сәъату хаққун. Аллаһумма ләкә әсләмту, уә бикә әмәнту, уә ғаләйкә тәуәккәлту, уә иләйкә әнәбту, уә бикә хасамту, уә иләйкә хакәмту, фәғфирли мә қаддәмту, уә мә әххарту, уә мә әсрарту, уә мә аьләнт, Әнтә иләһи лә иләһә иллә Әнт).

5 Сүннет амалдарынан – қиям, рукуғ және сәждені ұзағырақ жасау. Сөйтіп, намаздың дене мүшелермен жасалатын рүкіндері уақыт бойынша бірдей болуы керек.

6 Құран оқығанда сүннеттерді орындау. Олардан:

- 1> Құранды асықпай, әрбір әріпін дұрыстап айтып оқу.
- 2> Аяттарды бөлек-бөлек оқу. Яғни, екі немесе үш аятты бірге оқымау. Әр аяттың соңында тоқтау.
- 3> Егер тасбих жасау әмірі бар аятқа жетсе – тасбих жасау; дұға жасау әмірі бар аятқа жетсе – дұға жасау; және Алладан пана сұрау әмірі бар аятқа жетсе – Алладан пана сұрау.

Бұл туралы мына хадисте айтылған:

سُبْحَانَ رَبِّيَ الْعَظِيمِ – سَمِعَ اللَّهُ لِمَنْ حَمِدَهُ – سُبْحَانَ رَبِّيَ الْأَعْلَى

Хузейфадан رضي الله عنه келген хадисте, ол: «Түндердің бірінде мен пайғамбармен صلى الله عليه وسلم бірге намаз оқыдым. Сонда ол «Бақара» сүресінен бастап оқыды. Мен «жүзінші аяттан кейін рукуғ жасайды» деп ойлады. Бірақ, ол оқуын жалғастырды. Мен «Осы сүрені бір ракағатта аяқтайды» деп ойлады. Бірақ, ол оқуын жалғастырды. Мен «бұл сүренің аяғында рукуғ жасайды» деп ойлады. Бірақ, ол «ән-Ниса» сүресін бастап, аяғына дейін оқып шықты, ал одан кейін «Әли Имран» сүресін де бастап аяғына дейін оқып шықты. Оқығанда әрбір әріпін дұрыс шығарып оқыды, және тасбих жасау әмірі бар аятқа жеткенде – тасбих жасады; дұға жасау әмірі бар аятқа жеткенде – дұға жасады; Алладан пана сұрау әмірі бар аятқа жеткенде – Алладан пана сұрады. Одан кейін




рукуғ жасап: **«Аса ұлы Раббым – пәк»** (*Субхәнә роббияль-ъазыйм*), - деді. Рукуғта тұрған уақыты қиям жасап тұрған уақытына жақын болды. Одан кейін: **«Алла Өзіне мақтау-мадақ айтушыны естиді»** (*Самиъа-Ллаһу лиман хамидаһ*), - деді де, рукуғтың уақытына жақын уақыт бойы тұрды. Одан кейін сәжде жасап: **«Аса Жоғары Раббым – пәк»** (*Субхәнә роббияль-аъля*), - деді. Сәждеде өткізген уақыты қиямда тұрған уақытына жақын болды», - деді (Муслим, 772).

Имам Ахмад өзінің «Муснад» хадистер жинағында риуаят еткен Умму Сәләмәнің *رضي الله عنها* хадисінде, ол пайғамбардың *صلى الله عليه وسلم* /Құран/ оқуы туралы сұралғанында, былай деп жауап бергені хабарланады: «Ол оқуында әрбір аятты бөлек оқыды. {Бисми-Лляһи-р-Рахманир-Рахим} аятын оқып, тоқтайтын. Одан кейін {Әлхамду ли-Лляһи Роббилль-Ъаләмин} аятын оқып, тоқтап, {Әр-Рахманир-Рахим} аятын оқып, тоқтап, {Мәлики яумид-дин} аятын оқып тоқтайтын» (Ахмад, 26583; Әд-Даруқұтни: «Хадистің иснәді – сенімді. Және хадисті жеткізгендердің барлығы – сенімге ие», - деді (118); және хадистің сенімділігін ән-Нәуәуи «әл-Мажмуъ» кітабында растады (3/333).

7 Сүннет амалдарынан – әр екі ракағаттан кейін сәлем беру.

Ибн Омар /ол екеуіне Алла разы болсын/ былай деп хабарлайды: «Бірде, бір кісі пайғамбардан: «Уа, Алла елшісі! Түнгі намазды біз қалай орындаймыз?» - деп сұрады. Сонда Алла елшісі *صلى الله عليه وسلم*: «Түнгі намаз – екі ракағаттан оқылады. Ал, егер таң атуынан қорқатын болсаң, онда намазыңды бір үтір намазымен аяқта», - деді» (әл-Бұхари, 990; Муслим, 749).



«Екі ракағаттан» дегені – төрт ракағат оқымай, әр екі ракағаттан кейін сәлем береді.

8 Сүннет амалдарынан – соңғы үш ракағатта белгілі сүрелерді оқу.

Бірінші ракағатында: {Аса Жоғары Раббыңның есімін пәк деп дәріпте} (әл-Аъля сүресі), екіншісінде: {Айт: «Ей, кәпірлер!»} (әл-Кәфирун сүресі), және үшіншісінде: {Айт: «Ол, Алла – Жалғыз»} (әл-Ихлас сүресі) сүрелерін оқу.



Бұл туралы мына хадисте айтылған:

Убэй ибн Кааб رضي الله عنه былай деді: «Алла елшісі صلى الله عليه وسلم үтір намазында {Аса Жоғары Раббыңның есімін пәк деп дәріпте} (әл-Аъля сүресі), {Айт: «Ей, кәпірлер!»} (әл-Кәфирун сүресі), {Айт: «Ол, Алла – Жалғыз»} (әл-Ихлас сүресі) сүрелерін оқитын» (Әбу Дәуіт, 1423; ән-Нәсәи, 1733; Ибн Мәжаһ, 1171; ән-Нәуәуи «әл-Хуласа» (1/556) кітабында хадистің сенімділігін растады; және әл-Әлбани «Сахих ән-Нәсәи» кітабында хадисті «сенімді» деді).

9 Сүннет амалдарынан – үтір намазында кей-кезде қунут дұғасын оқу.

Қунут дұғасы - әл-Ихлас сүресі оқылатын рақағатта, яғни, үшінші рақағатында оқылады.

Кейбір сахабалардың хабарлары бойынша, Қунут дұғасын пайғамбар صلى الله عليه وسلم үтір намазында кей-кезде оқып, кей-кезде тастап кететін. Бұл пікірді Ибн Тәймия /оған Алланың рахыметі болсын/ таңдаған. Қунут дұғасын оқығаннан көбірек тастаған дұрыс.



◆ Мәселе: үтір намазында қунут дұғасын оқу уақытында қол көтеру керек пе?

Дұрыс пікір бойынша және ғалымдардың көбісі /оларға Алланың рахыметі болсын/ айтқандай, қунут дұғасын оқығанда қолды жайып оқиды. Бұл туралы Ибн Омардан رضي الله عنه келген, әл-Байхақи келтірген және сенімді деп айтқан хадисте айтылады.

Әл-Байхақи /оған Алланың рахыметі болсын/ бұл жөнінде былай деген: «Кейбір сахабалар қунут дұғасын оқығанда қолдарын көтеретін» («Сунан әл-Кубра» 2/211 қара).

◆ Мәселе: үтір намазында қунут дұғасын неден бастау керек?

Дұрысы, ал Алла Тағала жақсы біледі: Аллаға мадақ-мақтаулар айтудан бастап, одан кейін пайғамбарға صلى الله عليه وسلم салауат айтып, дұғасын оқиды. Себебі, бұл – Алланың жауап беруіне жақынырақ.



Бұл туралы мына хадисте айтылған:

Фудалә ибн Убейдтың رضي الله عنه хадисінде, ол: «Пайғамбар صلى الله عليه وسلم бірде, бір адамның пайғамбарға салауат айтпай дұға сұрап жатқанын көріп: **«Мынау /кісі/ асықты»**, - деп айтты. Оны қасына шақырып, сол кісіге және басқаларына да былай деді: **«Кімде-кім Алладан бірдеңе сұрап дұға жасағысы келсе, Аллаға мадақ-мақтаулардан бастап, одан кейін пайғамбарға салауат айтып, қалаған нәрсесін сұрап дұғасын айтсын»**, - деді» (әт-Тирмизи хадисті жақсы әрі сенімді деді, 3477).

Ибн әл-Қайим /оған Алланың рахыметі болсын/: «Дұға сұраған кезде, дұға сұраушы Аллаға мадақ-мақтаудан бастауы – мустахаб. Одан кейін Фудалә ибн Убейдтің хадисінде айтылғандай, қажеттілігін айтып дұғасын сұрайды» («Әл-уәбил әс-сайиб», 1106).

◆ Мәселе: Кунут дұғасынан кейін қолдарымен бетті сипау керек пе?

Дұрысы: сенімді дәлел жоқ болғандықтан, дұға аяқталғаннан кейін бет сипау – сүннет амалдарына жатпайды.

Бірде имам Мәлік /оған Алланың рахыметі болсын/ дұғадан кейін алақандарымен бет сипайтын бір кісі туралы сұралғанда, ондай амалды қабылдамай: «Бұл туралы белгісіз», - деді (әл-Маруәзидің «Китаб әл-уитр» кітабын қара, 236 бет).

Шейхуль-ислам Ибн Тәймия /оған Алланың рахыметі болсын/ бұл жөнінде: «Алақандармен бет сипау болса – ол туралы бір немесе екі ғана хадис бар. Бірақ, олар дәлел ретінде қабылданбайды» («әл-Фатауа», 22/519).

10 Түннің соңғы үшінші бөлігінде дұға сұрау.

Бекітілген сүннеттердің бірі – түннің соңғы бөлігінде дұға сұрау. Егер адам түннің соңғы бөлігінде кунут дұғасында Алладан қажеттілігін сұраса – ол жеткілікті болады. Ал егер сұрамаған болса, расында, осы уақытта дұға сұрау – сүннет болып табылады. Бұл уақытта жасалған дұғаның қабыл болуы туралы сүннетте келген. Себебі, бұл уақытта Өзінің мәртебесіне лайықты түрде Алла Тағала дүние аспанына түседі. Әл-Бұхари мен Муслимнің «Сахих» хадистер жинағында келтірілген Әбу





Һурайраның رضي الله عنه хадисінде: «Алла елшісі عليه وسلم былай деді: «Әр бір түннің соңғы үшінші бөлігінде аса Ұлы және Жоғары Раббымыз дүние аспанына түседі де: «Маған дұға қылып жатқан кім бар екен, жауап берейін. Менен сұрап жатқан кім бар екен, сұрағанын берейін. Менен күнәсін кешіруді тілеп жатқан кім бар екен, кешірейін», - дейді» (әл-Бұхари, 1145; Муслим, 758).

11 **Үтір намазын оқып болғаннан соң, «Аса Қасиетті Патша пәк» (Субханәль-Маликиль-Қуддус) деп үш рет айту. Және үшінші рет айтқанда дауысты кішкене көтеріп айту.**

Бұл туралы мына хадисте айтылған:

Убей ибн Кааб رضي الله عنه: «Алла елшісі عليه وسلم үтір намазында {Аса Жоғары Раббының есімін пәк деп дәріпте} (әл-Аъля сүресі), {Айт: «Ей, кәпірлер!»} (әл-Кәфирун сүресі), {Айт: «Ол, Алла – Жалғыз»} (әл-Ихлас сүресі) сүрелерін оқитын. Ал, сәлем бергеннен кейін «Аса Қасиетті Патша пәк» (Субханәль-Маликиль-Қуддус) деп үш рет айтатын», - деді (ән-Нәсәи, 1702; және жоғарыда айтылып кеткендей ән-Науауи мен әл-Әлбани бұл хадисті сенімді деген). Және Абдуррахман ибн Абза رضي الله عنه хадисінде, ол: «...және «Аса Қасиетті Патша пәк» (Субханәль-Маликиль-Қуддус) деп үшінші рет айтқанында дауысын шығарып айтатын», - деді (Ахмад, 15354; ән-Нәсәи, 1734; және әл-Әлбани хадисті сенімді деді «Тахқиқ мишкатуль-Масабих» 1/398).

12 **Сүннет амалдарынан – түнгі намазды оқу үшін үй ішіндегілерді ояту.**

Ер кісіге түнгі намаз оқулары үшін үй ішіндегілерін ояту – сүннет болып табылады. Сондай-ақ, әйел кісі үшін де, егер барлығынан бұрын оянған болса, күйеуі мен үй ішіндегілерін оятуы - сүннет. Бұл - жақсылыққа бірігу амалдарына жатады.

Бұл туралы мына хадисте айтылған:

Аиша анамыздың хадисінде رضي الله عنها ол: «Пайғамбар عليه وسلم түні бойы намазын оқып жатқанында, мен құбыла мен оның ортасында жататын едім. Ал қашан үтір намазын оқығысы келгенде, мені оятатын. Мен де үтір намазын оқитынмын» (әл-Бұхари, 512; Муслим, 512).

Сондай-ақ, Умму Сәләмә رضي الله عنها: «Пайғамбар عليه وسلم оянып, былай деді: «Алла пәк! Алла қандай қазыналарды түсірді? Әрі қандай азғыруларды түсірді? Намаз оқулары үшін бөлмелердің иелерін / әйелдерін айтып жатыр/ кім оятады? Дүниеде киімі болғанымен Ақыретте киімсіз қалатын әйелдер қаншама» (әл-Бұхари, 6218).



13 Сүннет амалдарынан – түнгі намазға тұрушы өзіне қолайлыны тандауы. Намазында оның көңілін ешнәрсе бөлмейтіндей.

Егер әлсіз болса, отырып намаз оқуға рұқсат.

Әнәс رضي الله عنه хадисінде, ол: «Бірде Алла елшісі صلى الله عليه وسلم мешітке кіргенде, екі бағананың арасында байлаулы тұрған арқан көреді. «Бұл не?» - деп сұрайды. /Адамдар:/ «Бұл арқан Зейнептікі. Егер намазда тұрып шаршап қалса, оны ұстап оқи береді», - деді. Сонда /пайғамбар/: **«Оны шешіп тастандар! Әрқайсың белсенді болған кезде намаз оқысын, ал, егер шаршап қалса – отырсын!»** - деді» (әл-Бұхари, 1150; Муслим, 784).

Ал, егер қалғып кетсе, ұйықтап алып, сергек қалпында намаз оқыған дұрыс.

Аиша رضي الله عنها анамыздың хадисінде, пайғамбардың صلى الله عليه وسلم былай дегені хабарланады: «**Біреулерің намазда қалғи бастаса, ұйқысы кеткенше дейін ұйықтасын. Расында, сендердің біреулерің қалғып тұрған қалпында намаз оқыса, Алладан жарылқау сұраудың орнына өзіне лағынет сұрап алуы мүмкін!**» (әл-Бұхари, 212; Муслим, 786).


Сол сияқты, түнгі уақытта Құран оқып отырған кезде қалғып кетсе, сергіп қалу үшін ұйықтап алу – сүннет.

Әбу Һурайра хадисінде رضي الله عنه Алла елшісінің صلى الله عليه وسلم былай деп айтқаны хабарланады: «**Сендердің біреулерің түнгі намазға тұрып, Құран оқыған кезінде оқыған нәрсесін түсінбей, не оқығанын білмей жатса, ұйқыға бет бұрсын!**» (Муслим, 787).

14 Сүннет амалдарынан – үтір намазын оқымай жатып қалса, оның қазасын күндіз жұп ракағаттарымен өтеу.

Әдеті үтір намазын үш ракағат оқу болса, бірақ, оны ұйықтап қалып, немесе ауырып, оқи алмай қалса, оның қазасын келесі күні күндізгі уақытта төрт ракағат етіп оқиды. Ал, әдеті үтір намазын бес ракағат оқу болса, ұйықтап, не ауырып оқи алмай қалса, оның қазасын келесі күні күндізгі уақытта алты ракағат етіп оқиды, т.с.с. Пайғамбар صلى الله عليه وسلم осылай істеуші еді. Оның әдеті – үтір намазын он бір ракағат оқу болған. Аиша анамыз رضي الله عنها пайғамбар صلى الله عليه وسلم туралы: «Түнгі намазынан ұйықтап қалып немесе ауырып қалып оқымай қалса, оны келесі күні күндізгі уақытта он екі ракағат етіп оқитын», - деді (Муслим, 746).

Таң намазының уақыты



Бұл уақытта жасалатын пайғамбардың **صلى الله عليه وسلم** сүннетіне жататын бірнеше амалдар бар:

◆ **Азан және оған байланысты сүннет амалдары.**

◆ **1 Азаншыға еру.**

لا حول ولا قوة إلا بالله

Сүннет бойынша, азанды естіген кісі азаншының артынан ілесіп, сөздерін қайталауы керек. Тек, «Намазға асық!» (Хайя ыаяяс-саяят), «Құтылуға асық!» (Хайя ыаяль-фалях) сөздерінен басқа. Азаншы мына сөздерді айтқан кезде оған ілесуші «Алладан басқа ешкімде де күш пен қуат жоқ!» (Лә хәулә уә лә қууәтә иллә билләһ) сөзін айтуы керек.

Абдулла ибн Амр ибн әл-Астың /ол екеуіне Алла разы болсын/ хадисінде, ол пайғамбардың **صلى الله عليه وسلم** былай деп айтқанын естіді: «Азаншыны естісеңдер, оның айтқанын қайталаңдар...» (Муслим, 384). Және Омар ибн әл-Хаттабтың **رضي الله عنه** хадисінде, ол: «Алла елшісі **صلى الله عليه وسلم** былай деді: «Азаншы «Алла ұлық! Алла ұлық!» десе, сендер де «Алла ұлық! Алла ұлық!» дендер. Одан кейін «Алладан басқа құдай жоқ екеніне куәлік етемін» деп айтса, сендер де «Алладан басқа құдай жоқ екеніне куәлік етемін» деп айтыңдар. Одан кейін «Мұхаммед Алланың елшісі екеніне куәлік етемін» деп



айтса, сендер де «Мұхаммед Алланың елшісі екеніне куәлік етемін» деп айтыңдар. Ал егер «Намазға асық!» деп айтса, сендер «Алладан басқа ешкімде де күш пен қуат жоқ!» дендер. Одан кейін «Құтылуға асық!» деп айтса, сендер «Алладан басқа ешкімде де күш пен қуат жоқ» деп айтыңдар. Ал одан кейін «Алла ұлық! Алла ұлық!» десе, сендер де «Алла ұлық! Алла ұлық!» дендер. Және «Алладан басқа құдай жоқ» десе, сендер де «Алладан басқа құдай жоқ» дендер. Бұл сөздерді шын жүректен айтқан болсаңдар, жәннатқа кіресіңдер!», - деді (Муслим, 385).

الصلاة خير من النوم

Азаншы таң намазы уақытында азан шақырып «Намаз ұйқыдан жақсы!» (*Әс-саләту хайрум-минан-наум*) дегенінде, оның артынан қайталаушы да сол сөздерді айтады.

2 Екі куәліктен кейін зікір айту.

أَشْهَدُ أَنْ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَحْدَهُ لَا شَرِيكَ لَهُ، وَأَنَّ مُحَمَّدًا عَبْدُهُ وَرَسُولُهُ، رَضِيتُ بِاللَّهِ رَبًّا، وَمُحَمَّدٍ رَسُولًا، وَبِالْإِسْلَامِ دِينًا

Азаншы «Мұхаммед Алланың елшісі екеніне куәлік етемін» деп екінші рет айтқаннан кейін төмендегі хадисте келген зікірді айту – сүннет болып табылады. Саад رضي الله عليه وسلم Алла елшісінің былай деп айтқан сөзін жеткізеді: «Азаншыны естігеннен кейін кімде-кім «Серігі жоқ, Жалғыз Алладан басқа құдай жоқ екеніне, және Мұхаммед Оның құлы мен елшісі екеніне куәлік етемін. Аллаға Раббы ретінде, Мұхаммедке Алланың елшісі ретінде, Исламға дін ретінде ризамын» деп айтса, күнәлары кешіріледі» (*Әшһаду алла иләһа иллә Ллаһу уәхда-һу лә шарикә лә-һу уә әннә Мұхаммадан ғабду-һу уә расулю-һу. Радыйту би-Лләхи Раббан, уә би- Мухаммадин расулән уә би-ль-ислами динан*) (Муслим, 386).

3 Азаннан кейін пайғамбарға صلى الله عليه وسلم салауат айту.

Абдулла ибн Амр /ол екеуіне Алла разы болсын/: «Алла елшісі صلى الله عليه وسلم былай деді: «Кімде-кім азаншының азанын естісе, оның айтқанын қайталасын. Сосын маған салауат айтыңдар. Себебі кім маған бір салауат айтса, Алла оған он есе игілік жаудырады. Сосын Алладан мен үшін уәсиләні сұраңдар. Негізінде ол Алла Тағаланың құлдарының біріне ғана тиесілі. Сол адамның мен болуымды қалаймын. Кімде-кім маған уәсиләні сұрайтын болса, оған шапағат етіледі», - деді (Муслим, 384).

اللهم صلّ على محمد وعلى آل محمد ، كما صليت على إبراهيم ...

Пайғамбарға салауаттың ең жақсысы – Ибраһим салауаты: «**Уа, Аллаһым, Ибраһимге және оның отбасына салауат еткеніндей (мейірімің мен разылығыңа бөлегеніндей) пайғамбарымыз Мұхаммедке және оның отбасына салауат еткейсің...**» (*Аллаһумә салли ғалә Мухаммадин уә ғалә али Мухаммад, кәмә салләйтә ғалә Ибраһимә уә ғалә али Ибраһим, иннакә хамийдун мәжсийд. Аллаһумә бәрик ғалә Мухаммадин, уә ғалә али Мухаммад кәмә барәктә ғалә Ибраһимә уә ғалә али Ибраһим, иннакә хамийдун мәжсийд*).


4 Азаннан кейінгі зікір-дұғаны айту.

اللَّهُمَّ رَبَّ هَذِهِ الدَّعْوَةِ التَّامَّةِ، وَالصَّلَاةِ الْقَائِمَةِ، آتِ مُحَمَّدًا الْوَسِيلَةَ وَالْفَضِيلَةَ، وَابْعَثْهُ مَقَامًا مَحْمُودًا الَّذِي وَعَدْتُهُ

Жәбір رضي الله عنه хадисінде, ол: «Алла елшісі صلى الله عليه وسلم былай деді: «Кімде-кім азаннан кейін: «Ей, мына толық азан мен оқылатын намаздың Раббысы Аллаһ! Мұхаммедке уәсиләні, ерен ерекшелікті бер. Оны Өзің уәде еткен мақтаулы шыңға жеткіз» (Аллаһумма раббә һәзиһид-даъуатит-тәммә уәс-саләәтил-қаайимә, әәти Мухаммәдәнил-уәсиләтә уәл- фадиләтә. Уәбъашу мақамәм махмуудәниллази уаъаттәһ), - деп айтар болса, онда оған қиямет күні менің шапағатым бұйырады»», - деді (әл-Бұхари, 614).

5 Азаннан кейін дүға сұрау.

Абдулла ибн Амр /ол екеуіне Алла разы болсын/ хадисінде бір кісі пайғамбарға **صلی الله علیه وسلم** келіп, былай дегені хабарланады: «Уа, Алла елшісі! Шын мәнінде, азаншылар бізден көп озып кетті!». Сонда, Алла елшісі **صلی الله علیه وسلم**: «Олардың айтқандарын қайтала. Ал, қайталап болғаннан кейін, қалағаныңды тіле, жауап аларсың», - деді (Әбу Дәуіт, 524; Ибн Хажар хадисті «жақсы хадис» деді «Натаиж әл-Афкар», 1/367; сол секілді әл-Әлбани «Сахих әл-К



Сондай-ақ, Әнәстың رضي الله عنه хадисінде, пайғамбардың صلى الله عليه وسلم былай дегені хабарланады: «**Азан мен қаматтың арасында жасалған дұға – қабыл болады**» (ән-Нәси, 9895; Ибн Хузейма хадисті «сенімді» деді 1/221/425).



Таң намазының сүннеті және оған байланысты бірнеше сүннет амалдары.

Таң намазының сүннеті ол – мұсылман адам күнінің басында оқитын, «ратиб» сүннеттерінің біріншісі. Және оның өзінде бірнеше сүннет амалдары бар. Оларды атап кетудің алдында «ратиб» сүннеттердің не екенін айтып кеткеніміз дұрыс болады. «Ратиб сүннеттері» - әрдайым парыздармен бірге оқылатын сүннет намаздары. Рақағаттарының жалпы саны – он екі рақағат.

Умму Хабиба رضي الله عنها былай деді: «Мен Алла елшісінің صلى الله عليه وسلم былай деп айтқанын естідім: **«Кімде-кім күні мен түнінде он екі рақағат оқыса, сол үшін оған жәннатта үй салынады»** (Муслим, 728; және әт-Тирмизи осы хадисті риуаят етіп, **«Бесін намазының алдында төрт, және одан кейін екі рақағат, ақшам намазынан кейін екі рақағат, құптан намазынан кейін екі рақағат және таң намазының алдында екі рақағат»** деген пайғамбардың сөздерін әкелді, (әт-Тирмизи, 415) және хадисті «жаксы әрі сенімді» деді).

Ратиб сүннеттерін үйде оқыған абзал.

Зейд ибн Сабит رضي الله عنه пайғамбардың صلى الله عليه وسلم былай деп айтқан сөзін хабарлайды: **«Ей, адамдар! Намазды үйлерінде оқындар. Шын мәнінде, парыз намаздарынан басқа, оқылған ең абзал намаз ол – үйлерінде оқыған намаздарың»** (әл-Бұхари, 7290; Муслим, 781).



Ратиб сүннеттерінің ішінде ең маңыздысы

Ратиб сүннеттерінің ең маңыздысы – таң намазының сүннеті. Бұл туралы мына хадистерде айтылған:

1> **Ради** **Аиша** **анамыз** **Ради** **Алла** **عليه** **وسلم** **«Пайғамбар** **Алла** **عليه** **وسلم** **нәпіл** **намаздардың** **бірін** **де** **таң** **намазының** **алдындағы** **екі** **рақағат** **сүннеті** **сияқты** **тұрақты** **оқымады!»** - деді (әл-Бұхари, 1196; Муслим, 724).

2> **Ради** **Аиша** **анамыз** **Ради** **Алла** **عليه** **وسلم** **пайғамбардың** **Ради** **Алла** **عليه** **وسلم** **мына** **сөздерін** **жеткізеді:** **«Таң** **намазының** **/алдында** **оқылатын/** **екі** **рақағат** **намаз** **– дүниеден** **және** **оның** **ішінде** **барлық** **нәрселерден** **жаксы!»** (Муслим, 725).





◆ Таң намазының сүннеті ерекшеленетін кейбір іс-шаралар:

Біріншіден: екі «Сахих» хадистер жинақтарында келгендей, таң намазының сүннеті жай күндері де, сапар күндері де оқылады. Ал, сапар күндері бесін, ақшам және құптан намаздарының «ратиб» сүннеттерін оқымау – сүннет болып табылады.

Екіншіден: оның сауабы – жоғарыда айтылып кеткендей, дүние және оның ішіндегі барлық нәрселерден жақсы.

Үшіншіден: сүннет бойынша, оны ұзақ оқымау керек. Бұның дәлелін айтып кеткен болатынбыз.

Сондай-ақ, Аиша анамыз رضي الله عنها хадисінде былай деп айтатын: «Алла елшісі таң намазының /сүннетін/ оқығанда, оларды ұзақ оқыған жоқ. Тіпті, мен: «Намазында «Құран анасын (әл-Фатиханы)» оқыды ма екен?» - деп айтатынмын» (әл-Бұхари, 1171, Муслим, 724).

Тек бір шартпен тез оқуға болады: сүннетті орындау кезде, намаз оқитын адам намаздың қандай да бір міндетті әрекеттерін бұзбай немесе адамның намазды тез орындап, сол арқылы тыйым салынған әрекеттерге кіруіне ықпал етпейтін болуы керек.

Төртіншіден: Муслимде келген Әбу Һурайраның رضي الله عنه хадисінде айтылғандай, сүннет бойынша, таң намазының екі ракағат сүннетінде Фатиха сүресінен кейін, бірінші ракағатында {Айт: «Ей, кәпірлер!»} (*Кәфирун сүресі*), екінші ракағатында {Айт: «Ол, Алла - Жалғыз»} (*Ықылас сүресі*) оқылады.

Немесе, бірінші ракағатында Фатиха сүресінен кейін {Айтындар: «Біз Аллаға сендік және бізге түсірілгенге /Құранға/, әрі Ибраһимге, Исмаилға, Исхаққа, Яқұбқа, және ұрпақтарына түсірілгенге және Мұсаға, Исаға берілгенге, әрі Раббысы тарапынан пайғамбарларға берілгенге сендік. Олардың ешқайсысының араларын айырып, бөлмейміз, әрі біз тек Оған бойсұнушымыз», - деп} (Бақара сүресі, 136) аяты оқылады.

Және Муслимде келген Ибн Аббастың رضي الله عنه хадисінде айтылғандай, екінші ракағатында: {/Ей, Мұхаммед!/ Айт: «Ей, кітап берілген қауым! Бізге де, сендерге де бірдей бір сөзге келейік, - Алладан басқаға құлшылық қылмайық, Оған ешнәрсені серік қоспайық. Сондай-ақ, бірімізді біріміз Алладан өзге – иелер етіп алмайық», - деп. Егер олар бет бұрса: «Біздің мұсылман екенімізге



куә болындар», - деп айтындар} (Бақара сүресі, 64) аяты оқылады. Бұл сүннеттер бірде былай, бірде былай оқылатын, әр түрлі көріністермен келген.

Бесіншіден: сүннет бойынша, таң намазының сүннетін оқығаннан кейін оң жақ бүйірімен жату.

Бұл туралы:

Аиша анамыз хадисінде رضي الله عنها: «Пайғамбар صلى الله عليه وسلم таң намазының /сүннет/ екі ракағатын оқығаннан кейін, оң жақ бүйірімен жататын», - деді (әл-Бұхари, 1160).



Мешітке бару және ондағы жасалатын сүннеттер.

Таң намазы бірінші намаз болғандықтан, адам намаз оқу үшін мешітке барып, күнін бастайды. Ендеше, мешітке барған кезде жасалуы керек бірнеше іс бар:



1 Сүннет бойынша, мешітке ертерек бару.

Әбу Һурайраның رضي الله عنه хадисінде, ол: «Алла елшісі صلى الله عليه وسلم былай деді: «Олар намазды уақыты кірген кезде бірден бастайтынның сауабын білсе, оған жарысып барар еді», - деді» (әл-Бұхари, 615; Муслим, 437).



2 Әр жасаған қадамы жазылуы үшін, үйінен таһаратты күйде шығу.

Әбу Һурайраның رضي الله عنه хадисінде, ол: «Алла елшісі صلى الله عليه وسلم былай деді: «Ер адамның жамағатпен оқыған намазының сауабы үйде немесе базарда оқылған намазынан жиырма жеті есе артық. Бұл – егер ол, таһаратын көркем, әрі толық түрде алып, үйінен тек намаз оқу ниетімен ғана шығып, мешітке барса. Онда, мешітке дейін жасаған әр қадамы сайын ол бір дәрежеге көтеріліп, бір жасаған қатесі өшіріледі. Мешітке кірсе, және оны онда ұстап тұрған нәрсе намазы ғана болса, онда ол /намаздың басталғанына





дейін де/ намазда болып есептеледі. Сендердің біреулерің намаз оқыған жерінен тұрып кетпейінше, періштелер оған: «Уа, Алла! Оны рахметіңе бөле! Уа, Алла! Оны кешіріп, жарылқа! Уа, Алла! Оның тәубесін қабыл ет», - деп тілейді. Ешкімге зиян келтірмей, таһаратын бұзып алмаса», - деді (Муслим, 649).

3 Намазға шыққан кезде, құрметті және байсалды түрде шығу.

Әбу Һурайраның رضي الله عنه хадисінде, пайғамбар صلى الله عليه وسلم: «Егер камат түсіргенді естісендер, намазға қарай барындар. Алайда, байсалды, әрі құрметті түрде жүріңдер. Асықпаңдар. Намаздың қай бөлігіне үлгерсеңдер оны /жамағатпен бірге/ оқыңдар. Ал, үлгермей қалған /намазды, жеке/ өтендер», - деді (әл-Бұхари, 636; Муслим, 602).

Имам Нәуәуи /оған Алланың рахыметі болсын/ былай деді: «...«Байсалдылық»: әрекеттерде асықпай, және ойын-сауықтан алыс болу, ал, «құрметті түрде»: көзді түсіріп, дауыстамай, жан-жаққа қарай бермеу» (Нәуәуидің Муслимнің «Сахих» хадистер жинағының түсіндірмесі, 602 хадис, «Намазға барудағы байсалдылық пен құрметпен баруға шақыру, және жүгіріп баруды тыйым салу» тарауы).

4 Мешітке кіргенде оң аяқпен кіру, және шыққанда сол аяқпен шығу.

Әнәстың رضي الله عنه хадисінде, ол: «Мешітке оң аяқпен кіріп, сол аяқпен шығу – сүннет» (хадисті Хаким риуаят етті 1/338, және Муслимнің шарты бойынша хадисті «сенімді» деді).



5 Мешітке кіргенде және шыққанда сүннетте келген зікір-дұғаны айту.

اللَّهُمَّ افْتَحْ لِي أَبْوَابَ رَحْمَتِكَ

Әбу Хумейд немесе Әбу Усейдтің хадисінде, ол: «Алла елшісі صلى الله عليه وسلم былай деді: «Егер біреулерің мешітке кіретін болса, былай десін: «Уа, Алла! Мен үшін Өз рахметіңнің есіктерін аша гөр!» (Аллаһумма-фтах ли әбуәбә рахматик).

اللَّهُمَّ إِنِّي أَسْأَلُكَ مِنْ فَضْلِكَ

Ал шыққанда: «Уа, Алла! Мен Сенің кеңшілігіңнен сұраймын» (Аллаһумма инни әс-әлукә мин фадлик) десін» (Муслим, 713).



6 Мешітке екі ракағат сәлем намазын оқу.

Егер мешітке ертерек келген болса, сүннет бойынша, отырудың алдында екі ракағат намаз оқу керек. Әбу Қатада رضي الله عنه хадисінде, ол: «Пайғамбар صلى الله عليه وسلم былай деді: **«Сендердің біреулерін мешітке кірсе отырмастан бұрын екі ракағат намаз оқысын»»** (әл-Бұхари, 1163; Муслим 714).



Сәлем намазының орнына басқа намаздарды да оқуға болады. Мысалы, таң намаз және бесін намаздары секілді, парыз намаздың алдында сүннет намазы болса, сүннет намаздарды, немесе, духа намазы уақытында мешітке кірсе духа намазын, үтір намазын, оны мешітке оқыса, немесе парыз намаздың өзін де оқуға болады. Себебі, сәлем намаздың мақсаты: адамның отырмастан бұрын намаз оқуы. Сөйтіп, адам мешітке келгенде, оны намазсыз қалдырмай, онда әрдайым намаз оқылады.

7 Ер адамдар үшін жамағаттың бірінші қатарына асығу – сүннет. Себебі, бірінші қатар ер адамдар үшін – ең жақсы қатар болып саналады. Ал, әйелдер үшін ең жақсы қатар – соңғы қатар.

Әбу Һурайра رضي الله عنه хадисінде, пайғамбардың صلى الله عليه وسلم былай дегені хабарланады: **«/Намазда/ ер адамдар үшін ең жақсы қатар – біріншісі, және олар үшін ең жаманы – соңғысы. Ал, әйелдер үшін ең жақсы қатар – соңғысы, және олар үшін ең жаман қатар – біріншісі»** (Муслим, 440). Ең жақсысы, яғни, артықшылығы мен сауабы көбірек; ең жаманы, яғни, артықшылығы мен сауабы азырақ.

Бұл хадис ер адамдар мен әйелдер бір жамағатта, араларын үйдің қабырғасы секілді, еш нәрсе бөлмей тұрған кез туралы келген. Міне, осындайда әйелдер үшін ең жақсы қатар – соңғысы. Себебі, бұл қатарда ер адамдардың көздеріне түсулері аздау болады. Ал, енді араларында үйдің қабырғасы секілді, бір бөгет болса, немесе, қазіргі таңдағы мешіттердің көбінде әйелдерге бөлек намаз оқитын бөлме берілсе, осындай жағдайда әйелдер үшін ең жақсы қатар – бірінші қатар болады. Себебі, олар бұл жағдайда ер адамдардың көздеріне түспейді. Үкім себептің бар немесе жоғына байланысты. Ал, бірінші саптың жалпы артықшылығы жайлы міне мынандай хадис бар:



Әбу Һурайраның رضي الله عنه хадисінде, Алла елшісінің صلى الله عليه وسلم былай деп айтқаны хабарланады: «Егер адамдар азан айту мен бірінші сапта намаз оқудың сауабын білсе еді, әрі сол сауапқа жету үшін таласты тек жеребе тастаумен ғана шешуге болатын болса, жеребе тастар еді. Егер мешітке ерте барудың сауабын білсе еді, онда оған жету үшін жарысар еді. Әрі егер құптан мен таң намазында қандай сауаптың бар екенін білген болса, онда оған еңбектеп болса да келер еді» (әл-Бұхари 615; Муслим 437).

8 Имамның артында тұрған кісі имамға жақын тұруы – сүннет.

Имамға ұйытын кісіге бірінші сапта тұру абзал екені туралы айтып кеткен болатынбыз, сол секілді имамға жақын тұруға да тырысуы керек. Ал, абзалы – имамға сол жақтан немесе оң жақтан жақын тұру.

Бұл туралы мына хадисте айтылған:

Абдулла ибн Масъудтің رضي الله عنه хадисінде, ол: «Алла елшісі صلى الله عليه وسلم былай деді: «Маған кемел жастағылар және саналылар жақын тұрсын» (Әбу Дәуіт, 674; әт-Тирмизи, 228). Бұл дәлел имамға қай жақтан болсын жақын тұру керектігін көрсетеді.





Намаздағы сүннеттер



◆ Жамағат намаздан калуың – сені көптеген сый-сауаптан қалдырады. Мешітке жасаған әр қадамың үшін Алла Тағала дәреженді көтеріп, күнәларыңды өшіреді.



Намаздың бірнеше сүннеттері бар. Олардың кейбірін төменде көрсетіп кетеміз:

⟨1⟩ **Сутра /бөгет/ және оған байланысты сүннет амалдары.**



1 Сутра қою – сүннет амалдарынан болып табылады.

Сутра қою – имам және жеке намаз оқушыға сүннет болып табылады. Имамның сутрасы оған еруші үшін жеткілікті. Ал, жалпы сутра /бөгет/ қою – сүннет.

Әбу Саъид әл-Худри رضي الله عنه хадисінде былай деп айтылған: **«Біреулерің намаз оқи бастаса, өзін адамдардан бөгеттесін...»** (әл-Бұхари, 509; Муслим, 505). Сутраның сүннет екенін дәлелдейтін хадистер көп. Пайғамбар сутра ретінде кереуетті, қабырғаны, ағашты, найзаны, түйені және т.б. қолданған.

Намазда үйдің ішінде немесе ашық жерде болсын, сапар кезінде немесе тұрақты тұратын жерінде болсын, алдынан біреу өтіп кетеді деп қорықса немесе қорықпай оқыса, сутраны қою – әбден заңды және сүннет болып табылады. Себебі, хадистерде үйдің іші немесе ашық жер



деп ажыратылмай айтылған. Және де, пайғамбар **صلی اللہ علیہ وسلم** Әбу Жухайфаның хадисінде айтылғандай сутраны сапарда да, тұрғылықты жерде де қоятын (әл-Бұхари, 501; Муслим, 503).

2 Сутраға жақын тұру да – сүннет.

Егер сутраға жақын тұрғысы келсе, негізінде, сәжде жасалатын орын мен сутраның арасында қой өте алатындай орын қалдыру керек.

Сәһл ибн Саъд әс-Сәъди **رضي الله عنه** хадисінде айтылғандай: «Алла елшісінің **صلی اللہ علیہ وسلم** намаз оқитын жерінен қабырғаға дейін қой өте алатын жер қалатын» (әл-Бұхари, 496; Муслим, 508). «Намаз оқитын жер» деп Алла елшісінің **صلی اللہ علیہ وسلم** сәжде жасайтын орнын айтып тұр. Сондай-ақ, Ахмад және Әбу Дәуіт еңбектерінде пайғамбар мен сутраның арасы – үш шынтақ болғаны келтіріледі (хадисті Ахмад 6231; Әбу Дәуіт, 2024 әкеледі; және әл-Әлбани хадистің сенімділігін «Сахих әби Дәуд» еңбегінде растады, 6/263; хадистің негізі әл-Бұхариде келтірілді 506). Яғни, намаз оқушы тұрып тұрған кезінде оның және сутраның арасы – үш шынтақ болуы керек деген сөз.



3 Намаз оқушының алдынан өткен кісіге жол бермеуі – сүннет.

Әбу Саъид **رضي الله عنه** хадисінде, ол: «Алла елшісі **صلی اللہ علیہ وسلم** былай деді: «Егер біреулерің адамдардан бөгейтін сутраға қарай намаз оқыса, сөйтіп біреу оның алдынан өтуді қаласа, кеудесінен итерсін, егер ол қарсыласса, онымен айқассын, өйткені ол – шайтан», - деді (Муслим, 505).

Егер намаз оқушының алдында әйел, қара ит немесе есек өтем деп жатса, онда дұрыс тұжырымға сәйкес оларды да итеру керек, өйткені бұл намазды бұзады. Бұл Әбу Заррдың **رضي الله عنه** хадисінде айтылған (Муслим, 510). Намаз оқушының алдында басқа біреу / жоғарыда айтылғандардан басқа/ өтіп кетсе, бұл намазды бұзбайды. Бұл пікірді біздің шейх Ибн Усаймин таңдаған, Алла оған рахым етсін.





4 Әр намаздың алдында тісті сиуакпен тазалау.

Бұл – сиуак қолданатын уақыттардың үшіншісі.

Бұл туралы:

Әбу Һурайра رضي الله عنه хадисінде Алла елшісінің صلى الله عليه وسلم былай деп айтқаны хабарланады: **«Егер үмметіме немесе адамдарға қиын келеді деп қорықпағанымда әр намазда сиуак қолдануды бұйырар едім»** (әл-Бұхари, 887).



⟨2⟩ Намазда тұрудағы /қиямдағы/ сүннеттер:

1 Тәкбір әл-ихрам жасау кезінде қолды көтеру.

سَمِعَ اللَّهُ لِمَنْ حَمِدَهُ رَبَّنَا وَلَكَ الْحَمْدُ

Ибн Омардың /ол екеуіне Алла разы болсын/ хадисінде, ол: «Алла елшісі صلى الله عليه وسلم намазды бастағанда қолдарын иықтарының деңгейіне дейін көтеретін, және рукуғ жасау үшін тәкбір айтқанда да, сондай-ақ, рукуғтан басын көтергенде де қолдарын көтеріп: **«Оған мадақ айтып жатқанды Алла естіді. Раббымыз, Саған барлық мақтау-мадақ болсын!»** - деп айтатын. Бірақ, сәжде жасағанда бұны істемейтін» (әл-Бұхари, 735; Муслим, 390).



Ибн Һубейра /оған Алланың рахыметі болсын/: «Тәкбір әл-ихрамды айтқанда қолды көтеру – уәжіп емес, сүннет екені туралы ғалымдардың бірауыздан айтқан пікілері бар» («Әл-ифсах, 1/123).

Қолды көтеру төрт жерде келтіріледі

Тәкбір әл-ихрамда

Рукуғқа барарда

Рукуғтан
көтерілгенде

Бұл үш жер әл-Бұхари мен Муслимнің «Сахих» кітаптарында Ибн Омардың /ол екеуіне Алла разы болсын/ хадисімен бекітілді; ал төртіншісі:

Бірінші тәшәһһудтан
көтерілгенде

Бұл жер де Әл-Бұхаридің «Сахих» кітабында келген Ибн Омардың /ол екеуіне Алла разы болсын/ хадисімен бекітілді

2 Қолды көтергенде саусақтарды бүкпей созу.

Әбу Һурайраның رضي الله عنه хадисінде, ол: «Пайғамбар صلى الله عليه وسلم намазын бастағанында қолын созып /саусақтарын бүкпей/ көтерген», - деді (Ахмад, 8875; Әбу Дәуіт, 753; әт-Тирмизи, 240; әл-Әлбани бұл хадистің сенімділігін растады «Сахих әби Дәуіт» 3/341).

3 Қолды белгілі деңгейге дейін көтеру.



Қолды қай деңгейге дейін көтеру жөнінде пайғамбардан صلى الله عليه وسلم екі түрлі хадистер келді. Екі «Сахих» кітаптарында Ибн Омардан /ол екеуіне Алла разы болсын/ келген хадисте қолды иық деңгейіне дейін көтеру керек екені хабарланады (әл-Бұхари, 735; Муслим, 390).



Ал, қолды құлақ ұштарына дейін көтеру Муслимде Мәлик ибн әл-Хуэйристің رضي الله عنه хадисінде келген (Муслим, 391). Сөйтіп, намаз оқушы бірде былай, бірде былай істей алады.

4 Тәкбір әл-ихрамнан кейін оң қолды сол қолдың үстіне қою.

Бұл ілім иелерінің /олардың барлығына Алланың рахыметі болсын/ бірауызды шешімімен бекітілді. Шешімді Ибн Һубейра «әл-Ифсах» кітабында баяндады (1/124).

5 Сол қолды оң қолмен ұстап, қолды байлау.

Бірінші сипаттама: оң қолын сол қолына қояды; Уаиль ибн Хажар رضي الله عنه хадисінде, ол: «Алла елшісінің صلى الله عليه وسلم намазында тұрғанында оң қолын сол қолының үстіне қойып, байлайтынын көрдім», - деді (Әбу Дәуіт, 755; ән-Нәсәи, 888; әл-Әлбани хадистің сенімділігін растады).

Екінші сипаттама: оң қолын сол қолының білегіне қояды; Саһл ибн Саъд رضي الله عنه хадисінде, ол: «Адамдарға намаздарында оң қолдарын сол қолдарының білектеріне қоюлары әмір етілді», - деді (әл-Бұхари, 740).

Сөйтіп, намаз оқушы сүннетті орындауы үшін оң қолын бірде сол қолына, бірде сол қолының білегіне қояды.



6 Истифтах /ашушы/ дұғасын оқу.

Истифтах дұғасының бірнеше нұсқасы бар. Намаз оқушы бірде бір нұсқасын оқып, екінші рет басқа нұсқасын оқу – мұстахаб болып саналады. Хадистерде келген кейбір нұсқалар:



- 1> سُبْحَانَكَ اللَّهُمَّ وَبِحَمْدِكَ ، تَبَارَكَ اسْمُكَ وَتَعَالَى جَدُّكَ ، وَلَا إِلَهَ غَيْرُكَ
«Уа, Аллаһым! Сені тәсбих етіп (күллі жаратылыс пен нұқсан атаулыдан) пәктеймін. Саған мақтау айтып, мадақтаймын. Сенің қасиетті есімің аса мүбәрак. Және де сенің ұлылығың аса жоғары. Сенен басқа ешбір Құдай жоқ» (Субханәкә Аллаһумма уа бихамдика уә тәбарәкә-смука уә тәғалә жәддука уә лә иләһә гайрук); (Әбу Саъидтің رضي الله عنه хадисінен Ахмад, 11473; Әбу Дәуіт, 776; әт-Тирмизи, 243; ән-Нәсәи, 900 риуаят етті; хадисте әлсіздік бар, бірақ оны күшейтетін басқа да жолдармен келген риуаяттары бар. Ибн Хажар ол туралы «жақсы» хадис деді («әл-Афкәр, 1/412)).
- 2> الْحَمْدُ لِلَّهِ حَمْدًا كَثِيرًا طَيِّبًا مُبَارَكًا فِيهِ
«Уа, Алла! Саған көп, игі, әрі берекелі мадақ пен мақтаулар болсын!» (Әл-хамду лиЛләһи хамдан кәсиран тайибан мубәракән фиһи). Бұл дұғаның артықшылығы туралы Алла елшісі صلى الله عليه وسلم: «Мен он екі періштені бір-бірінің алдында /Аллаға/ жеткізу үшін осы сөздерді жазуға асығып жатқанын көрдім», - деді (Әнәстың رضي الله عنه хадисінен Муслим риуаят етті, 600)
- 3> اللَّهُمَّ بَاعِدْ بَيْنِي وَبَيْنَ خَطَايَايَ كَمَا بَاعَدْتَ بَيْنَ الْمَشْرِقِ وَالْمَغْرِبِ، اللَّهُمَّ نَقِّنِي مِنْ خَطَايَايَ كَمَا يُنْقَى الثَّوْبُ الْأَبْيَضُ مِنَ الدَّنَسِ، اللَّهُمَّ اغْسِلْنِي مِنَ خَطَايَايَ بِالْثَّلَجِ وَالْمَاءِ وَالْبَرَدِ
«Уа, Аллаһым! Мені және менің қателіктерімнің арасын Шығыс пен Батыстың арасын ұзақ еткеніндей алыстата гөр! Уа, Аллаһым, аппақ киімнің кірден тазаратыны секілді мені де қателіктерімнен тазарта гөр! Уа, Аллаһым, қателіктерімді сумен, қармен, бұршақтармен жуып, кетіре гөр!» (Аллаһумма, баъид байни уә бәйнә хатайайа кә-мә баъадта бәйнә-ль-машириқи уә-ль-мағриби, Аллаһуммә, наққи-ни мин ха-тайайа кә-мә йунәққа-с-саубу-ль-абйаду мин әд-дәнәси, Алла-һумма-гсиль-ни мин хатайайа би-с-сальджи, уә-ль-мәи уә-ль-баради) (Әбу Һурайраның хадисінен رضي الله عنه әл-Бұхари, 744; Муслим, 598 риуаят етті).
- 4> اللَّهُ أَكْبَرُ كَبِيرًا ، وَالْحَمْدُ لِلَّهِ كَثِيرًا ، وَسُبْحَانَ اللَّهِ بُكْرَةً وَأَصِيلًا
«Алла ең ұлық! Аллаға көп, әрі барлық мақтау мен мадақ болсын! Және күндіз бен кеш уақытында Алланы пәктеймін!» (Аллаһу әкбар кәбиран, уәль-хамду лиЛляһи кәсиран, уә субхана-Ллаһи букратән уә асылән). Бұл сөздердің артықшылығы жайлы Алла елшісі صلى الله عليه وسلم: «Бұл сөздер мені таңқалдырды! Оларға аспан қақпалары ашылды», - деді (Ибн Омардың /ол екеуіне Алла разы болсын/ хадисінен Муслим риуаят етті 601).



7 «Қуылған шайтаннан Алладан пана сұрап, Оған сиынамын» (истиғаза) сөздерін айту.

Истиғаза сөздерін айту – сүннет. Сондай-ақ, сүннет бойынша истиғаза нұсқаларын бірде бірін, бірде басқасын айту дұрыс. Құран мен сүннетте келген истиғаза нұсқалары:

1> أَعُوذُ بِاللَّهِ مِنَ الشَّيْطَانِ الرَّجِيمِ

«Қуылған шайтаннан Алладан пана сұрап, Оған сиынамын» (Ағузу билләһи минаш-шайтанир-ражим).

Бұл нұсқаны ғалымдардың көбісі (оларға Алланың рахыметі болсын) таңдаған. Себебі, Алла Тағала Құранда былай деген: **{Құранды оқыған кезінде, қуылған шайтаннан Аллаға сиынып, Оның қорғауын сұра}** (ән-Нахл, 98).

2> أَعُوذُ بِاللَّهِ السَّمِيعِ الْعَلِيمِ مِنَ الشَّيْطَانِ الرَّجِيمِ

«Қуылған шайтаннан бәрін Естуші, бәрін Білуші Алладан пана сұрап, оған сыйынамын» (Ағузу биЛляһис-Самиъиль-Ъалими минаш-шайтанир-ражим)

Алла Тағаланың Құранда айтқанындай: **{Ей, Мұхаммед! Ал, қашан саған шайтаннан азғыру болса, Аллаға жүгініп, өзінді қорғауын тіле. Өйткені, Ол – бәрін Естуші, бәрін Білуші}** (Фуссыләт, 36).

8 «Аса Мейірімді, ерекше Рахымды Алланың атымен» (бәсмәлә) сөздерін айту.

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

Сүннет бойынша, истиғазадан кейін бәсмәлә айтылады. **«Аса Мейірімді, ерекше Рахымды Алланың атымен»** (БисмиЛләһи-р-Рахмани-р-Рахим) дейді. Нуғайм әл-Мужамирдің хадисінде رضي الله عنه айтылғандай, Нуғайм: «Әбу Һурайраның رضي الله عنه артында намаз оқығанымда, ол: «БисмиЛләһи-р-Рахмани-р-Рахим»-ді оқып, одан кейін Құран Анасын /Фатиха сүресін/ оқыды...», сондай-ақ, осы хадисте: «Рухым Оның қолында болғанмен ант етемін /Алламен ант етемін/! Менің намазым сендердің араларыңда Алла елшісінің صلى الله عليه وسلم намазына ең қатты ұқсайды!» - деді (ән-Нәсәи, 906; Ибн Хузейма хадистің сенімділігін растап, рияуат етті 1/251; әд-Дәрукутни хадис туралы: «Бұл хадис сенімді хадис, әрі барлық риуаят етушілер – сенімді», - деді «әс-Сунан», 2/46).

Бәсмәләнің уәжіп емес екеніне Әбу Һурайраның رضي الله عنه хадисі дәлел бола алады. Онда, пайғамбар صلى الله عليه وسلم намазында немқұрай болған кісіге үйреткен кезінде, оған бәсмәләні үйретпей, бірден Кітап ашушы /Фатиха/ сүресін үйреткен болатын. (әл-Бұхари, 757; Муслим, 397).

9 Имаммен бірге «Әмин» деп айту.

Жария намазында имам Фатиха сүресінен кейін «Әмин» деп айтса, сүннет бойынша, оған еруші де «Әмин» деп айтуы керек. Әбу Һурайраның رضي الله عنه хадисінде, пайғамбардың صلى الله عليه وسلم былай деп айтқаны хабарланады: **«Имам «әмин» десе, сендер де «әмин» деңдер. Кім де кімнің «әмин» деуі періштелердің «әмин» деуіне дәл келсе, жасаған күнәлары кешіріледі»** (әл-Бұхари, 780; Муслим, 410).

10 Фатиха сүресінен кейінгі сүрені оқу.

Фатиха сүресінен кейінгі сүрені оқу - ғалымдардың көбісі айтуы бойынша, бірінші және екінші ракағатта сүннет болып табылады. Әбу Қатада رضي الله عنه хадисінде, ол: «Пайғамбар صلى الله عليه وسلم бесін намазын оқығанда, бірінші және екінші ракағатында Фатиха сүресінен кейін тағы сүре оқитын. Бірінші ракағатында ұзақ сүрені оқып, екіншісінде қысқа сүре оқитын еді», - деді (әл-Бұхари, 759; Муслим, 451).

Ал, жария намазында имамға еруші Фатихадан кейінгі сүрені оқымай, имамға ұйып, оны мұқият тыңдайды.

3 Рукуғ жасау кезіндегі сүннеттер:

1 Екі тізеге екі қолды қойып, оларды саусақтарын жинамай ұстау.

Әбу Хумейд رضي الله عنه хадисінде, ол: «Мен араларында Алла елшісінің صلى الله عليه وسلم намазын ең көп жаттаған едім. Ол тәкбір жасағанда қолдарын иық деңгейіне дейін көтергенін, және рукуғ жасағанында қолдарын тізелеріне қойғанын, одан кейін арқасын тік ұстағанын көрдім...», - деді (әл-Бұхари, 828). Сондай-ақ, Әбу Мас'уд رضي الله عنه хадисінде: «Саусақтарын бір-біріне тигізбей тізелерінің үстіне қойды...» делінеді (Ахмад, 17081; Әбу Дәуіт, 863; ән-Нәсәи, 1038 жақсы иснәдпен риуаят етті. Және бұл хадисті растаушы /шәхид/ тағы бір Ибн Хузейма риуаят еткен Уәиль ибн Хажардің хадисі бар, 594).





2 Рукуғ жасаушы арқасын созып, түзу ұстайды.

Әбу Хумейд әс-Саъидидің رضي الله عنه хадисінде: «Алла елшісі صلى الله عليه وسلم рукуғ жасағанда қолдарын тізелеріне қойып, арқасын түзу ұстады...» (әл-Бұхари, 828). «Арқасын түзу ұстау» дегеніміз арқасын рукуғқа иілгенде оны қисайтпай түзу ұстау. Сондай-ақ, басын қатты көтеріп немесе түсірмей, басын өзінің қалыпты деңгейінде ұстауы да – сүннет. Бұл жайлы Аиша анамыз رضي الله عنها Мұсылымде келген хадисінде пайғамбардың صلى الله عليه وسلم рукуғ жасағанын сипаттап былай деді:

«Ол рукуғ жасағанда басын тым түсірмеді де, тым көтермеді, бірақ екі деңгейдің арасында ұстады» (Мұсылым, 498).



3 Намаз оқушы рукуғ жасағанда шынтақтарын денесінің екі жағына қысып ұстамауы тиіс.

Яғни, қолдарын денесіне қатты жақындатып ұстамайды. Алдында айтып кеткен Әбу Масъудтің رضي الله عنه хадисінде, ол: «...одан кейін рукуғқа барды, қолдарын екі жағына денесі мен қолдары арасында орын қалатындай, әрі саусақтарын бір-біріне тигізбей тізелеріне қойды...» сосын былай деді: «Алла елшісі صلى الله عليه وسلم осылай намаз оқығанын көрдім» (Ахмад, 17081; Әбу Дәуіт, 863; ән-Нәсәи, 1038; «Хашия» (2) қара).



Алайда, бұл сүннет қасында тұрғандарға кедергі жасамау шартымен ғана істеледі. Негізінде, намаз оқушы адам намазда тұрған басқа кісілерге кедергі жасайтын сүннеті орындамауы тиіс.

Имам Нәуәуи /оған Алланың рахыметі болсын/: «Бұл амалдың мұстахаб екендігінде ғалымдардың арасында пікірталас жоқ. Және әт-Тирмизи екі қолды рукуғта және сәждеде дененің екі жағына қатты жақындатып қысып ұстамауы мұстахаб екенін ғалымдардан еш пікірталассыз жеткізген» («әл-Мажмуъ» 3/410 қара).

4 Рукуғта сүннетте келген дұға-зікірлерді айту.

سبحان ربي العظيم

Рукуғ жасаушыға «Ұлы Раббым пәк» (*Субхана раббия-ль-ъазым*) сөздерімен бірге пайғамбар сүннетінде келген басқа да зікір-дұғаларды айту – сүннет. Олар:

- 1> **سُبْحَانَكَ اللَّهُمَّ رَبَّنَا وَبِحَمْدِكَ، اللَّهُمَّ اغْفِرْ لِي**
«Раббымыз, Алла! Сен Пәксің және Саған мадақ! Уа, Алла, мені кешіре гөр!» (*Субханакәл-Лаһумма раббәнә уә бихамдикә, Аллаһумма-ғ-фир ли!*) (әл-Бұхари, 794; Муслим, 484; Аиша анамыздың *رضي الله عنها* хадисінен).
- 2> **سُبُّوحٌ قُدُّوسٌ رَبُّ الْمَلَائِكَةِ وَالرُّوحِ**
«Пәк әрі Қасиетті, періштелер мен Жәбірейілдің Раббысы» (*Суббухун қуддусун раббу-ль-мәләикәти уәр-рух*) (Муслим, 487; Аиша анамыздың *رضي الله عنها* хадисінен)
- 3> **اللَّهُمَّ لَكَ رَكَعْتُ ، وَبِكَ آمَنْتُ ، وَلَكَ أَسْلَمْتُ ، خَشَعْتُ لَكَ سَمْعِي ، وَبَصَرِي ، وَنَفْسِي ، وَعَظْمِي**
«Уа, Алла! Өзіңе рукуғ еттім /иілдім/ және Өзіңе иман келтіріп, Өзіңе бой ұсындым. Саған құлағым, көзім, миым, сүйегім, сіңірім бой ұсынды» (*Аллаһумма ләкә рақәъту, уә бикә амәнту, уә ләкә әсләмту, хашаъә ләкә сәмъи, уә бәсари, уә муххы, уә ъаз-ми, уә ъасаби*) (Али *رضي الله عنه* хадисінен Муслим риуаят етті, 771)
- 4> **سَبْحَانَ ذِي الْجَبَرُوتِ وَالْمَلَائِكَةِ وَالْعِزَّةِ وَالْعَظَمَةِ**
«Күш-құдірет, билік, айбын мен ұлылық иесі Алла /кемшілік атаулыдан/ Пәк!» (*Субханә зил-жәбәрути, уәл-мәләкути, уәл-кибриә и уәл-ъазамәһ*) (Ауф ибн Мәликтің хадисінен *رضي الله عنه* Әбу Дәуіт, 873; ән-Нәсәи, 1050 риуаят етті; және әл-Әлбани хадистің сенімділігін растады «Сахих әби Дауд» 4/27).

4 Рукуғтан көтерілу және ондағы сүннеттер:

1 Рукуғтан кейін ұзақ тұру.

Бұл туралы: Сәбит әл-Бунанидің Әнәстан *رضي الله عنه* жеткізген хадисінде, Әнәс *رضي الله عنه*: «Шын мәнінде, мен сендермен Алла елшісі *صلی الله عليه وسلم* бізбен қалай намаз оқығанындай намаз оқуға барымды саламын», - деді. Хадисті жеткізген Сәбит: «Әнәс әрдайым бір нәрсені істеп жүрді, оны сендер жасап





жүргендерінді мен көріп жүргенім жоқ. Ол руқұтан басын көтергеннен кейін, /сонша ұзақ/ тұрды, тіпті, кейбірі «/сәжде туралы/ ұмытып кеткен шығар» деп ойлап қалатын. Ал, сәждеден басын көтергеннен кейін, /сонша ұзақ/ отырды, тіпті, кейбірі «/екінші сәжде туралы/ ұмытып кеткен шығар» деп ойлап қалатын», - деді (әл-Бұхари, 821; Муслим, 472).

2 «Раббымыз, және Саған мақтау-мадақ болсын» сөздерін төмендегілермен алмастыру.

1> اللَّهُمَّ رَبَّنَا وَلَكَ الْحَمْدُ

«Уа, Алла, Раббымыз, және Саған мақтау-мадақ болсын» (Аллаһумма Раббәнә, уә лә-кәл-хамд) (Әбу Һурайраның رضي الله عنه хадисінен әл-Бұхари риуаят етті, 795).

2> اللَّهُمَّ رَبَّنَا لَكَ الْحَمْدُ

«Уа Алла, Раббымыз, Саған мақтау-мадақ болсын» (Аллаһумма Раббәнә, лә-кәл-хамд) (Әбу Һурайраның رضي الله عنه хадисінен әл-Бұхари, 796; Муслим, 404 риуаят етті)

3> رَبَّنَا وَلَكَ الْحَمْدُ

«Раббымыз, және Саған мақтау-мадақ болсын» (Раббәнә, уә лә-кәл-хамд) (Аиша анамыздың хадисінен әл-Бұхари, 799; Муслим, 411 риуаят етті).

4> رَبَّنَا لَكَ الْحَمْدُ

«Раббымыз, Саған мақтау-мадақ болсын» (Раббәнә, лә-кәл-хамд) (Әбу Һурайраның رضي الله عنه хадисінен әл-Бұхари риуаят етті, 722).

Бұл сөздердің бірде бірін, бірде екіншісін оқып, орындарын алмастырған жақсы.

3 Руқұтан бой түзегеннен кейін сүннетте келген зікір-дұғаларды оқу.

Руқұтан көтерілгеннен кейін оқылатын сүннетте келген зікір-дұғалар:

1> رَبَّنَا لَكَ الْحَمْدُ ، مِلْءُ السَّمَاوَاتِ وَالْأَرْضِ ، وَمِلْءُ مَا شِئْتَ مِنْ شَيْءٍ بَعْدُ ، أَهْلُ الثَّنَاءِ وَالْمَجْدِ ، أَحَقُّ مَا قَالَ الْعَبْدُ ، وَكُلُّنَا لَكَ عَبْدٌ ، اللَّهُمَّ لَا مَانِعَ لِمَا أَعْطَيْتَ ، وَلَا مُعْطِيَ لِمَا مَنَعْتَ ، وَلَا يَنْفَعُ ذَا الْجَدِّ مِنْكَ الْجُدُّ

«Уа, Раббымыз! Саған мақтау-мадақтар болсын, және ол көктер мен жерді толтырсын, әрі Өзің қалаған нәрселерді де толтырсын! Сен мақтау-мадақпен ұлылыққалайықтысың. Біз барлығымыз Сенің құлдарыңбыз, ал құлдың айтар сөзінің ең дұрысы: «Уа,



Алла! Сен берген нәрсеңнен ешкім айыра алмайды, әрі Сен бермеген нәрсені ешкім де бере алмайды. Сондай-ақ күш-қуат иесінің күш-қуаты Сенің алдында пайдасыз болып қалады»» (Раббәнә, ләкәл-хамду, мил-у-с-сәмәуәти уәл-арды, уә мил-у мә ши тә мин шәй-ин бәъду. Әһлу-с-сәнәи уәл-мәжди, ахаққу мә қалә-л-ъабду, уә куллунә ләкә ғабдун. Аллаһумма, лә мәниғә лимә ағтайтә, уә лә муғтыйә лимә мәнәғтә, уә лә янғәу зәл-жәдди минкәл-жәдду) (Әбу Саьидтің رضي الله عنه хадисінен Муслим риуаят етті, 477).

2> الْحَمْدُ لِلَّهِ حَمْدًا كَثِيرًا طَيِّبًا مُبَارَكًا فِيهِ

«Аллаға көп-көп, ізгі әрі берекелі мақтау-мадақтар болсын!» (Әл-хамду лиЛләһи хамдан кәсиран тайибан мубәракән фиһи). Бұл сөздер туралы пайғамбар صلى الله عليه وسلم: «Мен он екі періштені бір-бірінің алдында /Аллаға/ жеткізу үшін осы сөздерді жазуға асығып жатқанын көрдім», - деді (Муслим, 600; әл-Бұхари, 799).

3> اللَّهُمَّ طَهِّرْني بِالْمَاءِ الْبَارِدِ ، اللَّهُمَّ طَهِّرْني مِنَ الذُّنُوبِ وَالْخَطَايَا كَمَا يُنْقَى الثَّوْبُ الْأَبْيَضُ مِنَ الْوَسَخِ

«Уа, Алла, мені қармен, бұршақтармен, салқын сумен тазарта гөр! Уа, Алла, аппақ киімнің кірден тазаратыны секілді мені де күнәларым мен қателіктерімнен тазарта гөр!» (Аллаһумма, таһһирни бис-сәлжи уәл-баради уәл-маил-бариди, Аллаһумма, таһһирни миназ-зунуби уәл-хатайа кәмә йунәққас-сәубуль-абйяду минәл-уасах) (Муслим, 476).

Мұсылман адам мына зікір-дұғаларды оқитын болса, руқуғтан кейін ұзақ тұра алады.

< 5 > Сәжде жасау және ондағы сүннеттер:

1 Сәжде жасаушы қолдарын денесінің екі жағына және сандарын ішіне тигізбей сәжде жасауы тиіс.

Абдулла ибн Бухайнаның رضي الله عنه хадисінде айтылғандай: «Алла елшісі صلى الله عليه وسلم намаз оқығанда қолдарын /денесінен/ сонша алыс ұстаған, тіпті, қолтығының ағы көрініп тұратын» (әл-Бұхари, 390; Муслим, 495). Сондай-ақ, Маймунаның رضي الله عنها хадисінде, ол: «Пайғамбар صلى الله عليه وسلم сәжде





жасағанда қолдарының арасымен кішкентай қозы өткісі келсе өтіп кетуші еді», - деді (Муслим, 496). Сүннет бойынша, қолдарды денеден қасындағы басқа кісілерге кедергі жасамайтындай алыс ұстау керек. Руқұғта қолдарды денеден алыс ұстаудағы секілді.

Сондай-ақ, намаз оқушы сәжде жасағанда сандарын бір-біріне тигізбей, араларында бос орын қалдыру және ішін сандарына жатқызбай, араларын алыстату да – сүннет амалдарынан. Бұл жөнінде, Әбу Хумейдтің *رضي الله عنه* пайғамбардың *وسلم عليه* намазын сиппаттаған хадисінде айтылған: «Сәжде жасағанда сандарының арасында орын қалдырып, ішін сандарының ешқай жеріне де жатқызған жоқ» (Әбу Дәуіт, 735). Бұл амал – Шәукани және басқалары жеткізгендей ғалымдардың бірауызды пікірлері бойынша сүннет болып табылады.

Шәукани /оған Алланың рахыметі болсын/: «Хадис сандардың арасында бос орын қалдыру және ішті сандарға /жатқызбай/ көтерудің заңды /сүннет/ екенін дәлелдейді. Және бұл мәселеде пікірталас жоқ!» - деді («Нәйлүль-әутар» 2/257 қара)

2 Сәжде жасаушы аяқтарының саусақтарын құбыла жаққа қаратуы.

Әбу Хумейд /ол екеуіне Алла разы болсын/ хадисінде, ол: «Мен Алла елшісінің намазын сендердің араларыңда ең көп жаттағанмын», - деді. Және осы хадисте: «Сәжде жасағанда шынтақтарын жерге тигізбей, қолдарын жұдырықтамай, /жерге/ тірейтін; және аяқтарының саусақтарын құбыла жаққа қарататын еді», - деді (әл-Бұхари, 828).



Ал, қол саусақтары, сүннет бойынша, сәжде жасағанда шашыраңқы қалыпта емес, жинақы түрде құбыла жаққа қаратылады. Бұл жөнінде, Имам Мәликтің «Муатта» кітабында келтірілген Ибн Омардың /ол екеуіне Алла разы болсын/ хадисінде айтылған («Муатта» Имам Мәлик, қара). Сонымен қатар, Ибн Әбу Шайбаның «Мусаннаф» кітабында Хафс ибн Асыйм *رضي الله عنه*: «Намазда қолды жерге жайып, саусақтарды бірге ұстау және қолды құбыла жаққа қарату – сүннет», - деген («Мусаннаф Ибн Әби Шәйба», 1/236 қара). Бұл хабарды растаушы /шәһид/ хадис бар: Уәиль



ибн Хужр: «Пайғамбар صلى الله عليه وسلم сәжде жасағанда, саусақтарын бірге ұстайтын», - деді (әл-Хайсами бұл хадисті «жақсы хадис» деді «Мажмаъ әз-Зәуәид, 2/135).

3 Сәжде жасағанда айтылатын сүннетте келген зікір-дұғаларды айту.

سبحان ربي الأعلى

Сәжде жасаушы «**Аса Жоғары Раббым Пәк!**» (*Субханә Раббиял-Аълә!*) сөздеріне қоса сәжде жасау уақытында басқа да сүннетте келген дұғаларды оқиды. Олар:

1> سُبْحَانَكَ اللَّهُمَّ رَبَّنَا وَبِحَمْدِكَ، اللَّهُمَّ اغْفِرْ لِي

«**Раббымыз, Алла, Сен Пәксің және Саған мадақ. Уа, Алла! Мені кешіре гөр!**» (Субханәкә-Ллаһуммә, Раббәнә, уә бихамдик. Аллаһуммә-ғфир ли) (Аиша анамыздың хадисінен رضي الله عنها әл-Бұхари, 794 және Муслим, 484 риуаят етті).

2> سُبُّوحٌ قُدُّوسٌ رَبُّ الْمَلَائِكَةِ وَالرُّوحِ

«**Пәк әрі Қасиетті, періштелер мен Жәбірейілдің Раббысы**» (Суббухун, Қуддусун, Раббул-мәләикәти уә-р-рух) (Аиша анамыздың хадисінен رضي الله عنها Муслим, 487 риуаят етті).

3> اللَّهُمَّ لَكَ سَجَدْتُ ، وَبِكَ آمَنْتُ ، وَلَكَ أَسْلَمْتُ ، سَجَدَ وَجْهِي لِلَّذِي خَلَقَهُ وَصَوَّرَهُ، وَشَقَّ سَمْعَهُ وَبَصَرَهُ، تَبَارَكَ اللَّهُ أَحْسَنُ الْخَالِقِينَ

«**Уа, Алла! Саған сәжде еттім, Саған иман келтірдім, Саған бой ұсындым. Жүзім оны Жаратқанға, оны бейнелеп, оған есту және көру қабілетін бергенге сәжде етті. Расында, Жаратушылардың ең жақсысы - Алла Игі-Берекелі**» (Аллаһуммә, ләкә сәжәдту уә бикә ә-мәнту, уә ләкә әсләмту, сәжәдә уәжһия ли-Лләзи халәқаһу, уә саууараһу, уә шаққа сәмъаһу уә бәсараһу, тәбәракә-Ллаһу ахсанул халиқин) (Алидің رضي الله عنه хадисінен Муслим, 771 риуаят етті).

4> اللَّهُمَّ اغْفِرْ لِي ذَنْبِي كُلَّهُ دِقَّةً وَجَلَّةً ، وَأَوَّلَهُ وَآخِرَهُ، وَعَلَانِيَتَهُ وَسِرَّهُ

«**Уа, Алла! Менің кіші-үлкен, әуелгі-кейінгі, әшкере-жасырын жасалған бүкіл күнәларымды кешіре гөр!**» (Аллаһуммә-ғфир ли занби кулләһу, диққаһу уә жилләһу, уә әуәләһу уә әхирәһу, уә ғаләниятәһу уә сирраһу) (Әбу Һурайраның رضي الله عنه хадисінен Муслим, 483 риуаят етті).



5> اللَّهُمَّ أَعُوذُ بِرِضَاكَ مِنْ سَخَطِكَ ، وَبِعَافَاتِكَ مِنْ عُقُوبَتِكَ ، وَأَعُوذُ بِكَ مِنْكَ ، لَا أُخْصِي ثَنَاءً عَلَيْكَ ، أَنْتَ كَمَا أَثْنَيْتَ عَلَى نَفْسِكَ

(Сبحан Ри еظیم) (Сبحан Ри ағлы)

«Уа, Алла! Мен Сенің ашу-ызаңнан ризалығыңа, жазалауыңнан кешіріміңе сиынамын. Мен Сенен Өзіңе сиынамын. Мен Саған лайықты болған бүкіл мақтау-мадақтарды санап тауыса алмаймын. Өйткені Сен ғана Өзіңді жетерлік мөлшерде мақтағансың» (Аллаһумма, инни аъзу би-ридо-ка мин сәхатыка, уә бимуъафәтика мин ъуқубәтика, уә аъзу бика минка, лә ухсы сәнә-ән ъаләйка Әнтә камә әснәйтә ъалә нәфсика) (Аиша анамыздың رضي الله عنها хадисінен). Сәжде жасаушы, мүмкіндігінше, жоғарыда келтірілген зікір-дұғаларды, оларды кезектестіріп айтуы жөн. Рукуғ жасау кезде «Ұлы Раббым (кемшілік атаулыдан) Пәк!» (Субханә Раббиял-Ғазыйм) сөздерін бір рет айту уәжіп, ал одан көп рет айту сүннет екені белгілі, сол секілді сәжде жасау кезде де «Аса Жоғары Раббым Пәк!» (Субханә Раббиял-Аълә) сөздерін бір рет айту уәжіп, ал екінші және үшінші рет айту сүннет болып табылады.

4 Сәжде жасау кезде Алладан дұға-тілектерді сұрауды ұзарту.

Муслимде келген Ибн Аббастың /ол екеуіне Алла разы болсын/ хадисінде: «Ал сәжде жасау болса, онда дұға сұрауда ыждаһат танытындар. Себебі, /ондай уақытта және ондай жерде/ жасалған дұғаға жауап алу – әбден мүмкін», - деп айтылады. (Муслим, 479).



<6> Екі сәжденің арасындағы отырыс кезіндегі жасалынатын сүннеттер.

1 Намаз оқушы сол аяғын жерге жайып, үстіне отырады, ал, оң аяғының ұшын тік тұрғызады.

Әбу Хумейдтің رضي الله عنه хадисінде, ол: «Екі ракағаттан кейін отырған кезінде, сол аяғына отырып, оң аяғын /ұшымен/ тік тұрғызатын», - деді (әл-Бұхари, 828).



2 Екі сәжденің арасында ұзақ отыру.

Айтылып кеткен Сәбит әл-Бунанидің رضي الله عنه хадисінде келтірілді.

3 Екінші, төртінші немесе кез келген /жұп/ ракағатқа тұрам деген кісі, тұрудың алдында сәл отыруы.

Бұл отырыс – «дем алу отырысы» деп аталады. Ол отырыста белгілі бір зікір-дұға айтылмайды.

«Дем алу отырысының» намазда бекітілгені туралы үш хадисте айтылған, олардың бірі:

Мәлик ибн әл-Хуейристің رضي الله عنه хадисінде, ол пайғамбардың صلى الله عليه وسلم намаз оқып жатқанында, тақ санды ракағаттан кейін жақсылап отырып алмай тұрмайтынын хабарлады (әл-Бұхари, 823). Мәлик ибн әл-Хуейрис رضي الله عنه бізге пайғамбардың صلى الله عليه وسلم мына сөзін жеткізген еді: **«Менің қалай намаз оқығанымды көргендеріңдей намаз оқыңдар»** (әл-Бұхари, 631).

«Дем алу отырысының» сүннет екенінде ғалымдардың арасында келіспеушілік бар. Алайда, дұрысы – ол отырыс ешқай шүбәсіз сүннет болып табылады. Мәлик ибн әл-Хуейристің رضي الله عنه хадисі бұған дәлел. Отырыстың сүннет екені туралы пікірді ұстанған ғалымдар: ән-Нәуәуи, әш-Шәукәни, Ибн Баз және әл-Әлбани (оларға Алланың рахыметі болсын), олармен қатар Ғылыми зерттеулер мен фәтуә шығару тұрақты комитеті («Фәтәуә уә мақаләт мутәнәууиә» 11/99; «Фәтәуә әл-ләжнә әд-дәймә» 6/445-446).

Ән-Нәуәуи /оған Алланың рахыметі болсын/: «/Дем алу отырысы сүннет екені туралы пікір/ дұрыс болып табылады. Ол жөнінде сенімді хадистер бекітілді», - деді («Әл-мәжмұ» 3/441).

⟨7⟩ Тәшәһһуд оқу кезіндегі сүннеттер:

1 Намаз оқушы тәшәһһуд оқыған кезде сол аяғын жерге жайып, оң аяғының ұшын тік тұрғызады.

Намаз оқушы жоғарыда сипатталған отырыс сипатымен қиямы бар, отырысы, сәждесі, руқуғы бар екінші ракағатынан кейін отырады. Төрт не үш не екі ракағатты намаз болсын, намаздың екінші ракағатында тәшәһһуд оқыған





кезде осы сипатты отырыста отырады. Әбу Хумейд әс-Саидидің رضي الله عنه хадисінде айтылғандай: «Екі ракағаттан кейін отырған кезінде, сол аяғына отырып, оң аяғын /ұшымен/ тік тұрғызатын» (әл-Бұхари, 828), және Аиша анамыздың رضي الله عنها хадисінде: «Әрбір екі ракағаттан кейін «Әт-тәхиятты» айтатын, және сол аяғын жерге жайып, оң аяғын /ұшымен/ тік тұрғызатын» (Муслим, 498).

Ал, төрт немесе үш ракағатты намаздардың соңғы тәшәһһуд айтылатын кездегі отырыстың сипатын соңыра ескеріп кетеміз.

2 Тәшәһһудты айтып жатқан кезде қолды әркелкі ұстау.

Тәшәһһуд айту кезде қолдарды екі сипатпен ұстайды:

Біріншісі: қолдарын екі санына қою.

Екіншісі: екі қолын екі тізесіне қойып, сол қолымен сол тізені ұстайды, ал, оң қолымен біз алда көрсететін сипатпен ишарат етеді. Ал, сол қолы болса, әрдайым бос жатады.



Ибн Омардың /ол екеуіне Алла разы болсын/ хадисінде, ол: «Пайғамбар صلى الله عليه وسلم намазында отырған кезде, оң қолын оң санына қойып, саусақтарының барлығын /жұдырық қалпына/ жинап сұқ саусағымен ишарат ететін. Ал, сол қолын сол санына қоятын еді», - деді (Муслим, 580); және басқа бір риуаятта: «сол қолымен сол тізесін ұстады», - деп келтіріледі (Муслим, 579).

3 Тәшәһһуд айту кезінде қолының саусақтарын әркелкі ұстау.

Тәшәһһуд айту кезінде қол саусақтарын қоюдың екі сипаты бар:

Біріншісі: оң қолының барлық саусақтарын жұдырыққа жинап, сұқ саусақпен ишарат ету. Ал, сол қолы бос күйінде жатады.



Жоғарыда Ибн Омардың /ол екеуіне Алла разы болсын/ хадисінде айтылып кеткеніндей: «...саусақтарының барлығын /жұдырық қалпына/ жинап сұқ саусағымен ишарат ететін...» (Муслим, 580).

Екіншісі: кішкентай саусақ пен аты жоқ саусақты алақанға қысып, ортаңғы саусақ пен бас бармақты дөңгелетіп қосу және сұқ саусақпен ишарат ету. Ал сол қол саусақтары бос күйінде жатады.



Ибн Омардың /ол екеуіне Алла разы болсын/ хадисінің басқа бір риуаятында келгендей: «Пайғамбар صلى الله عليه وسلم тәшәһһуд оқуға отырғанда сол қолын сол тізесіне, оң қолын оң тізесіне қойып, (кішкентай саусақ пен аты жоқ саусақты алақанға қысып, ортаңғы саусақ пен бас бармақты дөңгелетіп қосып) сұқ саусақпен ишарат ететін еді» (Муслим, 850).

4 Тәшәһһудтің әр түрлі зікір-дұғаларын кезектестіріп оқу.

Бірде бір нұсқасын, екіншіде басқа нұсқасын оқу, олар:

- 1> التَّحِيَّاتُ لِلَّهِ ، وَالصَّلَوَاتُ ، وَالطَّيِّبَاتُ ، السَّلَامُ عَلَيْكَ أَيُّهَا النَّبِيُّ وَرَحْمَةُ اللَّهِ وَبَرَكَاتُهُ ، السَّلَامُ عَلَيْنَا وَعَلَى عِبَادِ اللَّهِ الصَّالِحِينَ ، أَشْهَدُ أَنْ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ ، وَأَشْهَدُ أَنَّ مُحَمَّدًا عَبْدُهُ وَرَسُولُهُ

«Сәлемдер, салауаттар және барлық жақсылықтар Аллаға тән. Уа, Пайғамбар! Саған /Алланың/ сәлемі және Алланың рақымы әрі Оның берекеті болсын! Алланың сәлемі бізге және Оның ізгі құлдарына болсын! Алладан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ екендігіне куәлік беремін және Мұхаммед – Оның құлы әрі елшісі екендігіне куәлік беремін» (Әт-тәхййату ли-Лләһи, уә-с-саләуәту, уә-т-таййибәту, әс-саләму ғаләй-кә әй-юһән-нәбию уә рахмәту-Лләһи уә бәрәкәтуһу, әс-саләму ғаләйнә уә ғалә ғибәди-Лләһи-с-салихинә. Әшһәду әл-лә иләһә иллә-Лләһу уә әшһәду әннә Мұхаммәдан ғабдуһу уә расулуһ) (әл-Бұхари, 1202; Муслим, 402, Ибн Масъудтің رضي الله عنه хадисінен).

- 2> التَّحِيَّاتُ الْمُبَارَكَاتُ ، الصَّلَوَاتُ الطَّيِّبَاتُ لِلَّهِ ، السَّلَامُ عَلَيْكَ أَيُّهَا النَّبِيُّ

«Берекелі сәлемдер, салауаттар және барлық жақсылықтар Аллаға тән. Уа, Пайғамбар! Саған /Алланың/ сәлемі болсын...»



(*Әт-тәхийату әл-мубаракәту, ә-с-саләуәту, ә-т-тайибәту ли-Лләһи, әс-саләму ғаләй-кә әй-юһән-нәбию...*) алдыңғы зікірдей жалғастырады (Ибн Аббастың /ол екеуіне Алла разы болсын/ хадисінен Муслим, 403 риуаят етті).

- 3> **التَّحِيَّاتُ الطَّيِّبَاتُ الصَّلَوَاتُ لِلَّهِ ، السَّلَامُ عَلَيْكَ أَيُّهَا النَّبِيُّ**
«Сәлемдер, барлық жақсылықтар, салауаттар Аллаға тән. Уа, Пайғамбар! Саған /Алланың/ сәлемі болсын...» (*Әт-тәхийату, ә-т-тайибәту, ә-с-саләуәту ли-Лләһи, әс-саләму ғаләй-кә әй-юһән-нәбию...*) алдыңғы зікірдей жалғастырады (Әбу Муса رضي الله عنه хадисінен Муслим, 404 риуаят етті).

5 Төрт немесе үш ракағатты намаздың соңғы тәшәһһуд оқу отырысында намаз оқушы «тәуэррук» отырыс сипатында отырады.

Ол дегеніміз, төрт немесе үш ракағатты намаздың соңғы тәшәһһуд оқу отырысында намаз оқушы сол аяғын астына бүктеп еденге құйрығымен отырады. «Тәуэррук» отырысы бірнеше сипаттармен келген, сол себепті, оларды кезектестіріп қолданған жөн.

Сүннетте келген «тәуэррук» отырысының сипаттары:

- 1> Сол аяғының ұшын оң аяқ сирағының астынан шығарады, ал, оң аяғын ұшымен тік тұрғызып, құйрығымен жерге отырады.



Бұл сипатты әл-Бұхари /оған Алланың рахыметі болсын/ Әбу Хумейд әс-Саъидидің رضي الله عنه хадисінен риуаят етті (әл-Бұхари, 828).

- 2> Құйрығымен жерге отырып, екі аяғын да оң жаққа қарай бүгіп жерге жатқызады.



Ал, бұл сипатты Әбу Хумейд әс-Саъидидің رضي الله عنه хадисінен Әбу Дәуіт (731), Ибн Хиббан (1867), әл-Байхақи (2/128) риуаят етті және әл-Әлбани ол хадистің сенімділігін растады /олардың барлығына Алланың рахыметі болсын/.



Дұрысы – «тәуэррук» отырысы әрбір соңғы тәшәһһуд айту кезінде қолданылмайды. Екі рақағат намазда қолданбай, тек үш немесе төрт рақағатты намазда ғана қолданады.

6 Пайғамбарға صلى الله عليه وسلم салауат айтудың бірнеше нұсқасын кезектестіріп оқу.

Сүннетте пайғамбарға صلى الله عليه وسلم салауат айтудың бірнеше нұсқасы келген. Сүннет бойынша, оларды кезектестіріп оқыған дұрыс болып табылады. Олар:

- 1> اللَّهُمَّ صَلِّ عَلَى مُحَمَّدٍ ، وَعَلَى آلِ مُحَمَّدٍ ، كَمَا صَلَّيْتَ عَلَى إِبْرَاهِيمَ ، وَعَلَى آلِ إِبْرَاهِيمَ إِنَّكَ حَمِيدٌ مَجِيدٌ ، اللَّهُمَّ بَارِكْ عَلَى مُحَمَّدٍ ، وَعَلَى آلِ مُحَمَّدٍ ، كَمَا بَارَكْتَ عَلَى إِبْرَاهِيمَ ، وَعَلَى آلِ إِبْرَاهِيمَ إِنَّكَ حَمِيدٌ مَجِيدٌ

«Уа, Алла! Сен Ибраһимге және оның отбасына игілік еткеніндей, Мұхаммедке және оның отбасына да игілік ет, шын мәнінде, Сен Аса Мақтаулы әрі Даңқтысың! Уа, Алла! Сен Ибраһимге және оның отбасына береке бергеніндей, Мұхаммедке және оның отбасына да береке бере гөр. Шын мәнінде, Сен Аса Мақтаулы әрі Даңқтысың!» (Аллаһумма, салли ғалә Мухаммадин уә ғалә әли Мухаммад, кәмә салләйтә ғалә Ибраһимә уә ғалә әли Ибраһим, иннәкә Хамидун, Мәжид. Аллаһумма бәрик ғалә Мухаммадин уә ғалә әли Мухаммад, кәмә бәрактә ғалә Ибраһимә уә ғалә әли Ибраһимә, иннәкә Хамидун, Мәжид) (Кәаб ибн Тужраның رضي الله عنه хадисінен әл-Бұхари (3370) риуаят етті).

- 2> اللَّهُمَّ صَلِّ عَلَى مُحَمَّدٍ وَعَلَى آلِ مُحَمَّدٍ كَمَا صَلَّيْتَ عَلَى آلِ إِبْرَاهِيمَ ، وَبَارِكْ عَلَى مُحَمَّدٍ وَعَلَى آلِ مُحَمَّدٍ ، إِنَّكَ حَمِيدٌ مَجِيدٌ بَارَكْتَ عَلَى آلِ إِبْرَاهِيمَ ، فِي الْعَالَمِينَ ، إِنَّكَ حَمِيدٌ مَجِيدٌ

«Уа, Алла! Сен Ибраһимнің отбасына игілік еткеніндей, Мұхаммедке және оның отбасына да игілік ет. Уа, Алла! Сен Ибраһимнің отбасына береке бергеніндей, Мұхаммедке және оның отбасына да береке бере гөр. Бүкіл әлемдерде. Шын мәнінде, Сен Аса Мақтаулы әрі Даңқтысың!» (Аллаһумма, салли ғалә Мухаммадин уә ғалә әли Мухаммад, кәмә салләйтә ғалә әли Ибраһим, уә бәрик ғалә Мухаммадин уә ғалә әли Мухаммад, кәмә бәрактә ғалә әли Ибраһимә, филь-ғаләминә, иннәкә Хамидун, Мәжид) (Әбу Масъуд әл-Ансаридің رضي الله عنه хадисінен Муслим (405) риуаят етті).



3> اللَّهُمَّ صَلِّ عَلَى مُحَمَّدٍ وَعَلَى أَزْوَاجِهِ وَذُرِّيَّتِهِ ، كَمَا صَلَّيْتَ عَلَى آلِ إِبْرَاهِيمَ ، وَبَارِكْ عَلَى مُحَمَّدٍ وَعَلَى أَزْوَاجِهِ وَذُرِّيَّتِهِ ، كَمَا بَارَكْتَ عَلَى آلِ إِبْرَاهِيمَ ، إِنَّكَ حَمِيدٌ مَجِيدٌ

«Уа, Алла! Сен Ибраһимнің жанұясына игілік еткеніндей, Мұхаммедтің жұбайлары мен оның ұрпақтарына да игілік ете гөр, және Ибраһимнің жанұясына береке бергеніндей, Мұхаммедтің жұбайлары мен оның ұрпақтарына да береке бере гөр. Расында, Сен Аса Мақтаулы, Даңқтысын!» (Аллаһумма, салли ғала Мухаммадин уә ғала әзуәжиһи уә зуррийятиһи, кәмә салләйтә ғала әли Ибраһимә. Уә бәрик ғала Мухаммадин уә ғала әзуәжиһи уә зуррийятиһи, кәмә бәрактә ғала әли Ибраһимә, иннәкә Хамидун, Мәжид) (Әбу Хумейд әс-Саъидидің رضي الله عنه хадисінен әл-Бұхари (3396), Муслим (407) риуаят етті).

7 Сәлем берудің алдында төрт нәрседен Алладан пана сұрау.

Бұл амал – ғалымдардың көбісінің пікірлері бойынша сүннет болып табылады. Бұған Әбу Һурайраның رضي الله عنه хадисі дәлел:

«Пайғамбар صلى الله عليه وسلم былай деді: «Сендердің біреулерің соңғы тәшәһһудтан босаса, төрт нәрседен Алладан пана сұрасын: тозақ азабынан, қабір азабынан, өмір мен өлім сынағынан және Дәжжәлдің жамандығынан» (Муслим, 588; әл-Бұхари, 832).

Және сәлемнен бұрын айтылатын дұғалардың сүннетте басқа да түрлері келген. Намаз оқушы, сүннет бойынша, сәлемнің алдында оларды кезектестіріп оқығаны жөн. Олар:

1> اللَّهُمَّ إِنِّي أَعُوذُ بِكَ مِنَ الْمَأْثَمِ وَالْمَغْرَمِ

«Уа, Алла! Шын мәнінде, мен күнә мен қарыздардан Өзіңнен пана сұраймын!» (Аллаһумма, инни әбузу бикә минәл ма'сами уәл-мәғрам) (әл-Бұхари, 832; Муслим, 589).

2> اللَّهُمَّ إِنِّي أَسْأَلُكَ الْجَنَّةَ وَأَعُوذُ بِكَ مِنَ النَّارِ

«Уа, Алла! Расында, мен Сенен Жәннатты сұраймын, әрі Оттан Өзіңе сиынамын!» (Аллаһумма инни әс-әлукәл жәннатә уә әбузу бикә мин ән-нәр) (Әбу Дәуіт, 792; және әл-Әлбани иснәді сенімді деді «Сахих Әби Дәуд» 3/377).



- 3> اللَّهُمَّ إِنِّي ظَلَمْتُ نَفْسِي ظُلْمًا كَثِيرًا وَلَا يَغْفِرُ الذُّنُوبَ إِلَّا أَنْتَ فَاعْفُ عَنِّي مَغْفِرَةً مِنْ عِنْدِكَ وَارْحَمْنِي ، إِنَّكَ أَنْتَ الْعَفُورُ الرَّحِيمُ

«Уа, Алла! Шын мәнінде, мен өзіме аса көп зұлымдық жасадым. Күнәларды кешіретін Өзіңнен басқа ешкім жоқ. Өз жарылқауыңмен мені кешір де, маған рақым ет. Расында, Сен аса Жарылқаушы, ерекше Рахымдысың!» (Аллаһуммә, инни заләмту нәфси зулмән кәсиран уә лә яғфиру-з-зунубә иллә Әнтә. Фағфир ли мәғфиратән мин ындикә уәрхамни, иннәкә Әнтә-л-Ғафуру-р-Рахим!) (әл-Бұхари, 6326; Муслим, 2705).

- 4> اللَّهُمَّ أَعِنِّي عَلَى ذِكْرِكَ ، وَشُكْرِكَ ، وَحُسْنِ عِبَادَتِكَ

«Уа, Алла! Өзіңді зікір етуге, Өзіңе шүкір етуге, әрі Өзіңе көркем түрде құлшылық етуге маған жәрдем ет» (Аллаһуммә, әйинни ғалә зикрикә, уә шукрикә, уә хусни ғибәдәтик) (Ахмад, 22119; Әбу Дәуіт, 1522; ән-Нәсәи, 1304; әл-Әлбани хадистің сенімділігін растады «Сахих әл-Жәмиъ» 2/1320).

- 5> اللَّهُمَّ إِنِّي أَعُوذُ بِكَ مِنَ الْبُخْلِ ، وَأَعُوذُ بِكَ مِنَ الْجُبْنِ ، وَأَعُوذُ بِكَ أَنْ أُرَدَّ إِلَى أَرْدَلِ الْعُمْرِ ، وَأَعُوذُ بِكَ مِنْ فِتْنَةِ الدُّنْيَا ، وَأَعُوذُ بِكَ مِنْ عَذَابِ الْقَبْرِ

«Уа, Алла! Ақиқатында, мен Саған сарандықтан сиынамын, әрі Саған қорқақтықтан сиынамын, және Саған қаусаған қарт болып қалудан сиынамын, сондай-ақ Саған дүние бүлігінен және қабір азабынан сиынамын» (Аллаһуммә, инни әузу бикә мин әл-бухли, уә әузу бикә мин әл-жубни, уә әузу бикә ән урадда илә әрзәлил-ғумури, уә әузу бикә мин фитнати-д-дунйа уә әузу бикә мин ғазәбил-қабр) (әл-Бұхари, 6370).

- 6> اللَّهُمَّ حَاسِبْنِي حِسَابًا يَسِيرًا

«Уа, Алла! Есебімді жеңіл түрде бере гөр!» (Аллаһуммә, хасибни хисабән ясиран) (Ахмад, 24215; әл-Әлбани хадистің сенімділігін растады «Тахқиқ мишкат әл-Масабих» 3/1544)

Осы зікірлердің бірінен кейін бетін бұрып сәлем береді. Сәлем жасағандағы бетті бұру – сүннет болып табылады, және бетті асырып / қатты/ бұру да – сүннет. Себебі, пайғамбар صلى الله عليه وسلم сәлем беріп, бетін бұрғанда артындағылар бетінің ағын көрген екен. Саһад ибн Әби Уакқас رضي الله عنه: «Алла елшісі صلى الله عليه وسلم оң жаққа және сол жаққа сәлем беріп, бетін бұрғанда, бет-жақтарының ағарып тұрғанын көрдім», - деді (Муслим, 582).



8 Парыз намаздарының сәлемін беріп, одан кейін сүннетте келген зікір-дұғаларды айту - сүннет.

Ән-Нәуәуи /оған Алланың рахыметі болсын/ былай деді: «Намаздан кейін зікір-дұғаларды оқуды – ғалымдар бірауызды пікірмен мұстахаб амал деп айтты» («Әл-Әзкар», 66 бет қара).

Сонымен қатар, зікірлерді айтқан кезде дауысын шығарып айту да – мұстахаб болып табылады. Бұл туралы Ибн Аббастың /ол екеуіне Алла разы болсын/ хадисінде айтылған: «Пайғамбардың صلى الله عليه وسلم кезінде, адамдар парыз намазынан шыға бастағанда, зікірді дауыстап айту орын алған» (әл-Бұхари, 841; Муслим, 583).

Парыз намазынан кейін оқылатын зікір-дұғалар:

1> اللَّهُمَّ أَنْتَ السَّلَامُ وَمِنْكَ السَّلَامُ ، تَبَارَكْتَ ذَا الْجَلَالِ وَالْإِكْرَامِ

«Алладан кешірім сұраймын» (Астағфируллаһ) сөздерімен үш рет Алладан кешірім сұрайды, одан кейін: «Уа, Алла! Сен Мінсіз, әрі есен-амандық Сенен, уа, Ұлылық пен Құрмет Иесі, Сен Игі-Берекелісің» (Аллаһумма, Әнтә-с-Сәләму, уә минкә-с-сәләму, тәбарактә, йә Зәл-жәләли уәл-икрам) дейді (Саубанның رضي الله عنه хадисінен Муслим (591) риуаят етті).

2> لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَحْدَهُ لَا شَرِيكَ لَهُ ، لَهُ الْمُلْكُ وَلَهُ الْحَمْدُ وَهُوَ عَلَى كُلِّ شَيْءٍ قَدِيرٌ ، لَا حَوْلَ وَلَا قُوَّةَ إِلَّا بِاللَّهِ ، لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ ، وَلَا نَعْبُدُ إِلَّا إِيَّاهُ ، لَهُ الْبَغِيَّةُ وَلَهُ الْفَضْلُ ، وَلَهُ الثَّنَاءُ الْحَسَنُ ، لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ مُخْلِصِينَ لَهُ الدِّينَ ، وَلَوْ كَرِهَ الْكَافِرُونَ

«Алладан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ. Ол Жалғыз әрі Оның серігі жоқ. Билік Оған тән, әрі барлық мақтау Оған лайық. Сондай-ақ Оның күш-күдіреті барлық нәрсеге толық жетеді. Барлық күш-қуат тек Аллаға ғана тән. Алладан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ. Біз Одан басқа ешкімге құлшылық етпейміз. Нығметтерді Ол береді, артықшылықтарға да Ол ие, Оған көркем /лайықты/ мақтау-мадақтар болсын. Алладан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ, ал біз Алланың алдында дінде ықыластымыз, тіпті бұл кәпірлерге ұнамаса да» (Лә иләһә иллә-Ллаһу уәхдәһу лә шәрикә ләһу, ләһул-мулку, уә ләһул-хамду уә һууә ғалә кулли шәй-ин қадир. Лә хаулә уә лә қууатә иллә биЛләһ. Лә иләһә иллә-Ллаһу, уә лә нәъбуду иллә ийәһу, ләһу-н-ниъмәту уә ләһул-фәдлу уә ләһу-с-сәнә-ул-хәсәнү, лә иләһә иллә-Ллаһу мухлисына ләһу-д-динә уә ләу кәриһәл-кәфирун) (Муслим, 596).



- 3> لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَحْدَهُ لَا شَرِيكَ لَهُ ، لَهُ الْمُلْكُ وَلَهُ الْحَمْدُ وَهُوَ عَلَى كُلِّ شَيْءٍ قَدِيرٌ ، اللَّهُمَّ لَا مَانِعَ لِمَا أَعْطَيْتَ ، وَلَا مُعْطِيَ لِمَا مَنَعْتَ ، وَلَا يَنْفَعُ ذَا الْجَدِّ مِنْكَ الْجَدُّ

«Алладан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ. Ол Жалғыз. Оның серігі жоқ. Билік Оған тән әрі барлық мақтау Оған лайық, және Оның күш-құдіреті барлық нәрсеге толық жетеді. Уа, Алла! Сен берген нәрседен ешкім айыра алмайды. Ал Сен бермеген нәрсені ешкім бере алмайды. Күш-құдірет иесінің күш-құдіреті Сенің алдында пайдасыз болып қалады» (Лә иләһа иллә-Ллаһу уахдәһу лә шәрикә ләһу, ләһул-мулку уә ләһул-хамду уә һууә ғалә кулли шәй-ин қадир. Аллаһуммә, лә мәниһа лимә әһтайта, уә лә муһтыйя лимә мәнәһтә, уә лә янфәу зәл-жәдди минкәл-жәдду) (әл-Бұхари, 844; Муслим, 593).

- 4> Одан кейін сүннетте келген тасбих сөздерін айтады. Оның бірнеше нұсқасы бар:

سبحان الله، والحمد لله، والله أكبر

لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَحْدَهُ لَا شَرِيكَ لَهُ ، لَهُ الْمُلْكُ وَلَهُ الْحَمْدُ وَهُوَ عَلَى كُلِّ شَيْءٍ قَدِيرٌ

Біріншісі: 33 реттен «Алла /барлық кемшіліктерден/ Пәк!» (СубханаЛлаһ), «Аллаға барлық мадақ-мақтаулар тән» (ӘлхамдулиЛләһ), «Алла Ұлық» (Аллаһу Акбар) деп айту және жүз етіп толықтыру үшін «Алладан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ, Ол Жалғыз, Оның серігі жоқ. Билік Оған тән, барлық мақтау-мадақ Оған лайық. Сондай-ақ Оның күш-құдіреті барлық нәрсеге толық жетеді» (Лә иләһа иллә-Ллаһу уахдәһу лә шәрикә ләһу, ләһул мулку уә ләһул-хамду уә һууә ғалә кулли шәй-ин қадир) деп айту.

Бұл жөнінде Әбу Нурейраның رضي الله عنه хадисінде айтылған: «Алла елшісі صلى الله عليه وسلم: «Кімде-кім әр намаздан кейін Алланы отыз үш рет пәктесе, Аллаға отыз үш рет мақтау-мадақ айтса, Алланы отыз үш рет ұлықтаса – міне, бұл тоқсан тоғыз болады. Одан кейін жүзге дейін толықтыру үшін: «Алладан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ, Ол Жалғыз, Оның серігі жоқ. Билік Оған тән, барлық мақтау-мадақ Оған лайық. Сондай-ақ Оның күш-құдіреті барлық нәрсеге толық жетеді» деп айтса, оның күнәлары кешіріледі, тіпті олар теңіз көбігі сияқты /көп/ болса да», - деді (Муслим, 597).



سبحان الله، والحمد لله، والله أكبر

Екіншісі: 33 реттен «Алла /барлық кемшіліктерден/ Пәк!» (СубханаЛлаһ), «Аллаға барлық мадақ-мақтаулар тән» (ӘлхамдулиЛләһ), және 34 рет «Алла Ұлық» (Аллаһу Акбар) деп айту. Кэаб ибн Ыужраның رضي الله عنه хадисінде айтылғандай: «Алла елшісі صلى الله عليه وسلم былай деді: «Мына сөздерді әрбір намаздан кейін айтқан адамның көңілі қалмайды: отыз үш рет «Алла пәк» (СубханаЛлаһ), отыз үш рет «Барлық мақтау-мадақ Аллаға тән» (ӘлхамдулиЛләһ), және отыз төрт рет «Алла ұлық!» (Аллаһу Акбар)» (Муслим, 596).

سبحان الله، والحمد لله، والله أكبر، ولا إله إلا الله

Үшіншісі: «Алла /барлық кемшіліктерден/ Пәк!» (СубханаЛлаһ) 25 рет, «Аллаға барлық мадақ-мақтаулар тән» (ӘлхамдулиЛләһ) 25 рет, «Алла Ұлық» (Аллаһу Акбар) 25 рет және «Алладан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ» (Лә илләһа иллә-Ллаһ) 25 рет айту.

Бұл тасбих нұсқасы Абдулла ибн Зейдтің رضي الله عنه хадисінде келген. Хадисті әт-Тирмизи риуаят етті (3413) және әл-Әлбани сенімділігін растады «Тахқиқ мишкат әл-Масабих» 1/307).

سبحان الله، والحمد لله، والله أكبر

Төртіншісі: «Алла /барлық кемшіліктерден/ Пәк!» (СубханаЛлаһ) 10 рет, «Аллаға барлық мадақ-мақтаулар тән» (ӘлхамдулиЛләһ) 10 рет, «Алла Ұлық» (Аллаһу Акбар) 10 рет айту.

Мына тасбих нұсқасы Аdbулла ибн Ыамрдың /ол екеуіне Алла разы болсын/ хадисінде келген. Хадисті әт-Тирмизи риуаят етті (3410) және әл-Әлбани сенімділігін растады «Тахқиқ мишкат әл-Масабих» 2/743).

Алдыңғы зікірлердегі айтылып кеткен қағида сияқты, мына нұсқаларда да сол қағиданы қолданып, бірде бір нұсқаны, екіншіде екіншісін оқу абзал.

Сүннет бойынша, тасбих қол саусақтарымен орындалады. Ахмад және әт-Тирмизиде келген хадисте: «Пайғамбар صلى الله عليه وسلم: «Тасбих қылыңдар және саусақтарыңмен санандар, шын мәнінде, олардан сұралады және олар сөйлейтін болады», - деп айтқан (Ахмад, 27089; әт-Тирмизи, 3486; әл-Әлбани хадисті «жақсы хадис» деді «Сахих әл-жамиһ» 2/753).



5> Аят әл-Күрси оқу.

Әбу Умаманың رضي الله عنه хадисінде, ол: «Алла елшісі صلى الله عليه وسلم былай деді: **«Кімде-кім әрбір парыз намаздың соңынан Аят әл-Күрси оқыса, оған жәннатқа кіруіне тек өлім ғана кедергі болады»** (ән-Нәсәи «Әс-сунан әл-кубра» (9928), әл-Мунзири хадисті сенімді деді «Әт-тарғиб уә әт-тархиб» (2373), Ибн ғабд әл-Һади «Әл-Мухаррар» (1/198), Ибн әл-Қайим «Зәд әл-Миһад» (1/303)).

6> {Айт: «Таңның Раббысына сиынып, қорғауын тілеймін}, {Айт: «Адамдардың Раббысына сиынып, қорғауын тілеймін} сөздерінен басталатын пана сұрау сүрелерін оқу / әл-Фалақ және ән-Нас сүрелері/.

Букба ибн Ғамир رضي الله عنه хадисінде, ол: «Алла елшісі صلى الله عليه وسلم маған әр намаздан кейін пана сұрау /әл-Фалақ және ән-Нас/ сүрелерін оқуды әмір етті», - деді (Әбу Дәуіт, 1525; және әл-Әлбани былай деді: «Хадистің иснәді сенімді, сондай-ақ хадистің сенімділігін Ибн Хузейма мен Ибн Хиббан растады» «Сахих Әби Дәуд» (5/254)).

Міне, намаз оқушы намазында қолдануы мұстахаб болатын намаз сүннеттері – осылар. Алайда, біз әлі «Таң намазының уақыты» бөлімінде жүрміз. Жоғарыда көрсетіп кеткеннің барлығын, әр намазда қажет ететін сүннеттерді білуіміз үшін айтып кеткен болатынбыз. Ал, Алла Тағала барлық нәрсені жақсы Білуші!

<9> Сүннет амалдарынан – таң намазынан кейін намаз оқитын жерде күн шыққанша дейін отыру.

Жәбір ибн Сумраның رضي الله عنه мынандай сөзі жеткізіледі: «Пайғамбар صلى الله عليه وسلم таң намазынан кейін мешітінде күн көтеріліп /жарқырап/ шыққанша дейін отыратын еді» (Муслим, 670).



- ◆ Алла елшісі ﷺ: «Алла Тағала Өзінің көлеңкесінен басқа ешқандай сая болмайтын күнде, Өзінің көлеңкесінен жеті түрлі адамға жай береді...», - деп олардың ішінде: «...жүрегі мешітке байланған кісі»-ні айтты.



Таңғы зікірлер



Таңғы зікірлер уақыты таң атқаннан басталады. Азаншы таң намазына азан шақырғаннан бастап таңғы зікірлердің уақыты басталады. Зікір – пенденің дүниеде берік қорғаны, ал, ақыретте ұлы қазынасы екенінде күмән жоқ.



Таңғы және кешкі зікірлер:

1

لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَحْدَهُ لَا شَرِيكَ لَهُ ، لَهُ الْمُلْكُ وَلَهُ الْحَمْدُ ، وَهُوَ عَلَى كُلِّ شَيْءٍ قَدِيرٌ

«Алладан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ. Ол Жалғыз әрі Оның серігі жоқ. /Бүкіл/ билік Онiкi, әрi /барлық/ мақтау-мадақ Оған лайық. Әрi Оның күш-құдіреті барлық нәрсеге толық жетеді» (Лә иләһа иллә-Ллаһу уәхдәһу лә шәрикә



ләһу, ләһу-л-мулку уә ләһу-л-хамду уә һууә ғалә кулли шәй-ин қадир) деп таңертең он рет айтқан адамға жүз ізгілікті істер жазылып, ал жазылған жүз жаман істері өшіріледі, және ол құлды босатқанмен тең болады. Бұл сөздер оған күні бойы кешке дейін шайтаннан қалқан болады. Ал кім кешке қарай тура осылай айтса, оған да солай болады /таң атқанға дейін/» (Ахмад, 8719; иснәдін Ибн Баз жақсы деді /оған Алланың рахыметі болсын/).

2 **أَمْسَيْنَا وَأَمْسَى الْمُلْكُ لِلَّهِ ، وَالْحَمْدُ لِلَّهِ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَحْدَهُ لَا شَرِيكَ لَهُ اللَّهُمَّ إِنِّي أَسْأَلُكَ مِنْ خَيْرِ هَذِهِ اللَّيْلَةِ وَخَيْرِ مَا فِيهَا ، وَأَعُوذُ بِكَ مِنْ شَرِّهَا وَشَرِّ مَا فِيهَا ، اللَّهُمَّ إِنِّي أَعُوذُ بِكَ مِنَ الْكَسَلِ وَالْهَرَمِ ، وَسُوءِ الْكَبَرِ ، وَفِتْنَةِ الدُّنْيَا ، وَعَذَابِ الْقَبْرِ**

«Біз күн батырдық, әрі осы кеште бүкіл үстемдік Аллаға тән. Барлық мақтау-мадақтар Аллаға лайық, Алладан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ. Ол Жалғыз, әрі Оның серігі жоқ. Уа, Алла! Мен Сенен осы түндегі жақсылықты сұраймын, әрі осы түндегі жамандықтардан сақтауынды тілеймін. Уа, Алла! Мен жалқаулықтан әрі қаусап қартаюдан, дүние бүлігінен және қабір азабынан Өзіңе сиынамын!» *(Әмсәйнә уә әмсал мульку ли-Лләһи, уәлхамду ли-Лләһи, лә иләһа иллә-Лләһу уәхдәһу лә шәрикә ләһу. Аллаһуммә, инни әс-әлукә мин хайри һәзиһи-л-ләйләти уә хайри мә фиһа, уә әбузу бикә мин шәрриһа уә шәрри ма фиһа. Аллаһуммә, инни, әбузу бикә минәл-кәсәли, уәл-һарами, уә су-ил-кибәри, уә фитнәтид-дунья, уә ғазәби-л-қабр).*

أَصْبَحْنَا وَأَصْبَحَ الْمُلْكُ لِلَّهِ... أَسْأَلُكَ خَيْرَ مَا فِي هَذَا الْيَوْمِ وَخَيْرَ مَا بَعْدَهُ ، وَأَعُوذُ بِكَ مِنْ شَرِّ مَا فِي هَذَا الْيَوْمِ وَشَرِّ مَا بَعْدَهُ

Ал, таңертең былай дейді: «Біз таң атырдық, әрі осы таңда бүкіл үстемдік Аллаға тән... Мен Сенен осы күнгі және одан кейінгі жақсылықты сұраймын, әрі осы күнгі және одан кейінгі жамандықтан сақтауынды тілеймін...» *(Асбахна уә асбахәл-мулку ли-Лләһи, уәлхамду ли-Лләһи, лә иләһа иллә-Лләһу уәхдәһу лә шәрикә ләһу. Аллаһуммә, инни, әс-әлукә мин хайри мә фи һәзәл йәуми уә хайри мә бәъдиһи, уә әбузу бикә мин шәрри мә фи һәзәл йәуми уә шәрри ма бәъдиһи. Аллаһуммә, инни, әбузу бикә минәл-кәсәли, уәл-һарами, уә су-ил-кибәри, уә фитнәтид-дунья, уә ғазәби-л-қабр)* (Муслим, 2723).



3 اللَّهُمَّ أَنْتَ رَبِّي لَا إِلَهَ إِلَّا أَنْتَ خَلَقْتَنِي وَأَنَا عَبْدُكَ، وَأَنَا عَلَى عَهْدِكَ وَوَعْدِكَ مَا اسْتَطَعْتُ، أَعُوذُ بِكَ مِنْ شَرِّ مَا صَنَعْتُ، أُبُوءُ لَكَ بِنِعْمَتِكَ عَلَيَّ، وَأُبُوءُ لَكَ بِذُنُوبِي فَاعْفُرْ لِي فَإِنَّهُ لَا يَغْفِرُ الذُّنُوبَ إِلَّا أَنْتَ

Кешірім сұрау сөздердің төресі (сайидуль-истиғфар): «Уа, Алла! Сен менің Раббымсың, Сенен басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ. Сен мені жараттың, ал мен Сенің құлыңмын. Мен күш-күдіретім жеткенше Саған деген уәдемді, әрі сертімді сақтаймын. Әрі жасаған істерімнің жамандығынан Өзіңе сиынамын. Маған берген нығметтеріңді мойындаймын, әрі күнәларымды да мойындаймын. Мені жарылқай гөр! Шын мәнінде, Сенен өзге күнәларды жарылқаушы ешкім жоқ» (Аллаһумма, Энтә Рабби, лә иләһа иллә Энтә, халәқтәни уә әнә ʔабдука, уә әнә ʔалә ʔаһдикә уә уәʔдикә мә-стәтаʔту, ʔбузу бикә мин шәрри мә санʔту ʔбу-у ләкә би-ниғмәтикә ʔаләййә уә ʔбу-у ләкә би-занби, фәғфир ли, фә иннәһу лә яғфиру-з-зунубә иллә Энта). Алла елшісі صلى الله عليه وسلم: «Кім /осы сөздерді/ күндіз айтатын болса, әрі өзінің айтып жатқан сөздеріне кәміл сенсе, және сол күні кеш батқанға дейін қайтыс болса, сол Жәннат тұрғындарының арасында болады. Ал кім өзінің айтқан сөздеріне кәміл сенген күйде /осы сөздерді/ түнде айтатын болса, әрі таң атқанға дейін қайтыс болса, сол Жәннат тұрғындарының арасында болады», - деді (әл-Бұхари, 6306).

4 اللَّهُمَّ بِكَ أَصْبَحْنَا، وَبِكَ أَمْسَيْنَا، وَبِكَ نَحْيَا، وَبِكَ نَمُوتُ، وَإِلَيْكَ النُّشُورُ

«Біреулерің таң атырса: «Уа, Алла! Сенімен таң атырдық және Сенімен кеш батырдық. Сенімен өмір сүреміз, әрі Сенімен көз жұмамыз, және қайтар жеріміз Сен жақ» (Аллаһумма, бикә асбахна, уә бикә әмсайна, уә бикә нәһйә, уә бикә нәмуту уә иләйкә-н-нушур) десін.

اللَّهُمَّ بِكَ أَمْسَيْنَا وَبِكَ أَصْبَحْنَا وَبِكَ نَحْيَا وَبِكَ نَمُوتُ وَإِلَيْكَ الْمَصِيرُ

Ал, кеш батырса: «Уа, Алла! Сенімен күн батырдық және Сенімен таң атырдық, Сенімен өмір сүреміз, Сенімен көз жұмамыз, және қайтуымыз Сен жақ» (Аллаһумма, бикә әмсайна, уә бикә асбахна, уә бикә нәһйә, уә бикә нәмуту, уә иләйкәл мәсыйр) десін» (Әбу Дәуіт, 5068; әт-Тирмизи, 3391; ән-Нәсәи «әс-Сунан әл-кубра», 9836; Ибн Мәжәһ, 3868; Ибн Баз хадистің иснәдін сенімді деді /оган Алланың рахыметі болсын).



- 5 **اللَّهُمَّ فَاطِرَ السَّمَوَاتِ وَالْأَرْضِ ، عَالِمَ الْغَيْبِ وَالشَّهَادَةِ ، لَا إِلَهَ إِلَّا أَنْتَ رَبِّ كُلِّ شَيْءٍ وَمَلِكُهُ ، أَعُوذُ بِكَ مِنْ شَرِّ نَفْسِي وَمِنْ شَرِّ الشَّيْطَانِ وَشَرِّكَهٖ ، وَأَنْ أَقْتَرِفَ عَلَى نَفْسِي سُوءًا ، أَوْ أَجْرُهُ إِلَى مُسْلِمٍ**

«Уа, Алла, көктер мен жердің Жаратушысы, көмес пен көрнеуді Білуші, Сенен басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ, барлық нәрселердің Раббысы әрі Патшасы! Өз нәпсімнің кесірінен әрі шайтанның жамандығы мен көпқұдайшылығынан Өзіңе сиынамын. Әрі өзіме немесе басқа бір мұсылманға жамандық жасап қоюдан Өзіңе сиынамын» (Аллаһумма, Фәтира-с-сәмауәти уәл-арды, Балимәл-ғайби уә-ш-шәһәдәти, лә иләһа иллә Әнтә, Раббә кулли шәй-ин уә Мәликәһу, әбузу бикә мин шәрри нәфси, уә мин шәрри-ш-шәйтани уә ширкиһи, уә ән әқтәрифә ғалә нәфси су-ән әу әжурра-һу илә муслимин). Пайғамбар: «Мына сөздерді таңертең, кешке және ұйықтар алдында /төсегіңе жатқаныңда/ оқы», - деді (Ахмад, 6597; Әбу Дәуіт, 5076; әт-Тирмизи, 3529; ән-Нәсәи, 7699; иснәдін Ибн Баз сенімді деді /оған Алланың рахыметі болсын/.

- 6 **بِسْمِ اللَّهِ الَّذِي لَا يَضُرُّ مَعَ اسْمِهِ شَيْءٌ فِي الْأَرْضِ وَلَا فِي السَّمَاءِ وَهُوَ السَّمِيعُ الْعَلِيمُ**

««Алланың атымен. Оның есімімен көктер мен жерде ешбір нәрсе зиян тигізе алмайды, өйткені Ол – Толық Естуші, Аса Білуші!» (Бисми-Лләһи-лләзи лә ядурру мәға-смиһи шәй ун фи-л-арды уә лә фи-с-сәма-и уә һууә-с-Сәмиғул-Балим) деп әрбір күннің таңында және әрбір түннің кешінде үш реттен қайталайтын кісіге еш нәрсе зиян тигізе алмайды» (Ахмад, 446; әт-Тирмизи, 10179; Ибн Мәжәһ, 3869; Ибн Баз /оған Алланың рахыметі болсын/былай деген: «Әт-Тирмизи /оған Алланың рахыметі болсын/ бұл хадис жөнінде «жақсы сенімді» деді. Ол хадис ғалымның айтқанындай болып шықты».

- 7 **رَضِيتُ بِاللَّهِ رَبًّا ، وَبِالْإِسْلَامِ دِينًا ، وَبِمُحَمَّدٍ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ نَبِيًّا**

««Мен Аллаға Раббы ретінде, Исламға дін ретінде және Мұхаммедке, оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын, пайғамбар ретінде разымын» (Радыйту би-Лләһи Раббән, уә бил-Ислами динән, уә би-Мухаммадин, саллә-Ллаһу ғаләйһи уә сәлләма, нәбийян) деп таңертең және кешке үш қайтара айтып жүрген мұсылман пендені Қиямет Күнінде Алла міндетті түрде разы қылады» (Ахмад, 18967; әт-Тирмизи, 3389; Ибн Мәжәһ, 3870; Ибн Баз иснәдін «жақсы иснәд» деді /оған Алланың рахыметі болсын/).

- 8 **اللَّهُمَّ إِنِّي أَسْأَلُكَ الْعَافِيَةَ فِي الدُّنْيَا وَالْآخِرَةِ ، اللَّهُمَّ إِنِّي أَسْأَلُكَ الْعَمُوَ وَالْعَافِيَةَ فِي دِينِي وَدُنْيَايَ ، وَأَهْلِي وَمَالِي ، اللَّهُمَّ اسْتُرْ عَوْرَاتِي ، وَأَمِنْ رَوْعَاتِي ، اللَّهُمَّ احْفَظْنِي مِنْ بَيْنِ يَدَيْ وَمِنْ خَلْفِي ، وَعَنْ يَمِينِي وَعَنْ شِمَالِي ، وَمِنْ فَوْقِي ، وَأَعُوذُ بِعَظَمَتِكَ أَنْ أُغْتَالَ مِنْ تَحْتِي**

«Уа, Алла! Мен Сенен дүние мен Ақыретте есен-амандықты тілеймін. Уа, Алла! Мен Сенен дінімде, тұрмыс-тіршілігімде, жанұям мен мал-мүлкімде жарылқау мен есен-амандық тілеймін. Уа, Алла! Менің ұятты жерлерімді жасыр, мені қорқыныштан аман ет. Уа, Алла! Мені алдымнан да, артымнан да, оң жағымнан да, сол жағымнан да, және төбемнен де Өзің қорғай гөр! Сондай-ақ, маған /аяқ/ астымнан да қиянат жасалып, өлтірілуімнен Сенің ұлылығыңа сиынамын!» (Аллаһумма, инни әс-әлукә-л-ъафията фи-д-дунйа уә-л-әхираһ, Аллаһумма, инни әс-әлукә-л-ъафуа уә-л-ъафияһ: фи дини, уә дунйа-йа, уә әһли, уә мәли. Аллаһумма-стур ъәурати уә ә-мин рауъати. Аллаһумма-хфазни мин бәйни ядәййа, уә мин холфи, уә ъан ями-ни, уә ъан шимәли, уә мин фәуқи, уә әъзу би-ъазомәтикә ән уғтә-лә мин тәхти) (Ахмад «әл-Муснад», 4785; Әбу Дәуит, 5074; ән-Нәсәи «әл-Кубра», 10401; Ибн Мәжәһ, 3871; әл-Хәким хадисті сенімді деді).

- 9 **أَعُوذُ بِكَلِمَاتِ اللَّهِ التَّامَّاتِ مِنْ شَرِّ مَا خَلَقَ**

«Алланың кемел сөздерімен Оның жаратқан мақұлықтарының кесірінен Оған сиынамын» (Әбузу би-кәлимәти-Лләһи-т-тәммәти мин шәрри мә халәқ) (Әбу Һурайраның رضي الله عنه хадисінен Ахмад (7898), әт-Тирмизи (3437) риуаят етті және Ибн Баз /оған Алланың рахыметі болсын/ хадистің иснәдін «жақсы иснәд» деді.

- 10 **أَصْبَحْنَا عَلَى فِطْرَةِ الْإِسْلَامِ ، وَكَلِمَةِ الْإِخْلَاصِ ، وَدِينِ نَبِيِّنَا مُحَمَّدٍ - صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ - وَمِلَّةِ أَبِينَا إِبْرَاهِيمَ حَنِيفًا ، وَمَا كَانَ مِنَ الْمُشْرِكِينَ**

Алла елшісі صلى الله عليه وسلم таңертең былай деп айтатын еді: «Біз Ислам аясында, ықылас сөзіне сәйкес, пайғамбарымыз Мухаммад, оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын, әкелген дінін ұстанып, сондай-ақ атамыз Ибраһимнің миллетін ұстанып таң атырдық. Ол /Ибраһим/ ханиф еді, әрі мүшриктерден емес еді» (Асбахнә ғалә фитратил-Ислами уә ғалә кәлимәтил-ихлас, уә ғалә дини нәбиийнә Мухаммадин, саллә-Ллаһу ғаләйһи уә салләм, уә ғалә милләти әби-нә Ибраһима ханифән. Уә мә кәнә минәл-муширикін) (Ахмад, 15367,21144;),



ал кешке қарай: «Біз Ислам аясында, ықылас сөзіне сәйкес, пайғамбарымыз Мухаммад, оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын, әкелген дінін ұстанып, сондай-ақ атамыз Ибраһимнің миллетін ұстанып кеш батырдық. Ол /Ибраһим/ ханиф еді, әрі мүшриктерден емес еді» (*Әмсәйнә ғалә фитратил-Исләми уә ғалә кәлимәтил-ихлас, уә ғалә дини нәбиийнә Мухаммадин, сәллә-Ллаһу ғаләйһи уә сәлләм, уә ғалә милләти әби-нә Ибраһима ханифән. Уә мә кәнә минәл-мушрикин*) дейтін еді (хадистің иснәдін Ибн Баз /оған Алланың рахыметі болсын/ сенімді деді).

Жоғарыда айтылып кеткен зікірлердің барлығы Ибн Баздың /оған Алланың рахыметі болсын/ «Құран мен сүннетте келген пайдалы зікір-дұғаларды баян етудегі ең жақсы сыйлық» кітабында, «Таңғы және кешкі зікірлер» бөлімінде келтірілген.

11 يَا حَيُّ يَا قَيُّوْمُ بِرَحْمَتِكَ أَسْتَغِيْثُ أَصْلِحْ لِيْ شَأْنِيْ كُلَّهُ ، وَلَا تَكِلْنِيْ إِلَى نَفْسِيْ طَرْفَةَ عَيْنٍ

«Уа, мәңгі Тірі! Уа, мәңгі Жасаушы /Алла!/ Өз рахыметіңмен менің барлық істерімді онда Сондай-ақ мені өз нәпсіме қасқағым сәтке болса да беріп қойма!» (*Йа Хайю, йа Қайюму, би-рахмәтиқә әстәғису, аслих ли ша`ни кулләһу уә лә тәкил-ни илә нәфси тарфәтә ғайн*) (ән-Нәсәи, 10405; әл-Баззар 2/282 риуаят етті; Ибн Хажар және әл-Әлбани хадисті «жақсы хадис» деді, «Натаиж әл-әфкәр» 177, «Сильсиләтуль-ахадис әс-сахиха» 1/449 қара).

12 حَسْبِيَ اللهُ لَا إِلَهَ إِلَّا هُوَ عَلَيْهِ تَوَكَّلْتُ وَهُوَ رَبُّ الْعَرْشِ الْعَظِيمِ

«Кімде-кім «Маған Алла жетіп артады. Одан басқа құлшылыққалайықтықұдай жоқ. Оған тәуекелеттім. Сондай-ақ Ол ұлы Ғаршының Раббысы» (*Хәсбия-Ллаһу, лә иләһа иллә һууә, ғаләйһи тәуәккәлтү уә һууә Раббул Ғаршил-ғазыйм*) сөздерін таңертең және кешке 7 рет оқыса, Алла Тағала оның /дүниеде де, Ақыретте де/ уайымдарынан құтқарады» (Әбу әд-Дарданың хадисінен Әбу Дәуіт (5081) риуаят етті; дұрысы: иснәдтағы жеткізушілер – сенімді мұсылмандар, бірақ хадистің өзі «мауқуф» болып тұр. Алайда, әл-Әлбани бұл хадистің үкімі «марфуъ» деді («Әс-сильсилә» 11/449 қара).



Духа намазы уақыты



Сүннет бойынша, түске дейінгі уақытта «духа» намазы оқылады.



Бұл жөнінде:

- 1> Әбу Һурайраның رضي الله عنه хадисінде, ол: «Маған менің сүйікті досым /пайғамбарым/ صلى الله عليه وسلم үш нәрсені өсиет етті: әр айдың үш күнінде /нәпіл/ ораза ұстау, екі ракағат духа намазын оқу, ұйықтар алдында үтір намазын оқу», - деді. Сондай-ақ, пайғамбар صلى الله عليه وسلم духа намазын оқуды Әбу әд-Дардаға رضي الله عنه (Муслим, 722), Әбу Заррға رضي الله عنه да өсиет еткен (ән-Нәсәи «Әс-сунан әл-кубра» (2712), әл-Әлбани хадистің сенімділігін растады «әс-Сахиха» (2166)).



- 2> Әбу Заррдың رضي الله عنه хадисінде, ол: «Пайғамбар صلى الله عليه وسلم былай деді: «Әр адамның буынындай мөлшерде садақа беруі керек. «Алла пәк» (Субханаллаһ), «Барлық мақтау-мадақ Аллаға тән» (Әлхәмдулилләһ), «Алладан басқа құдай жоқ» (Лә иләһа илләллаһ) немесе «Алла ұлық» (Аллаһу әкбар) деп айту садақа болады. Жақсылықты уағыздау, жамандыққа кедергі болу да садақа болады. Духа намазы болса, бұлардың барлығының орнын басады», - деді (Муслим, 720).

Сондай-ақ, Муслимнің «Сахих» хадистер жинағында Аиша анамыздан رضي الله عنها жеткен хадисінде әр адамның үш жүз алпыс буыны бар екені туралы айтылған, және кімде-кім ол санға тең садақа берсе, Қиямет күні өзін тозақтан құтқарып алған халде жүреді деп баян етілген.

◆ Уақыты:

Духа намазының уақыты — күннің найзаның биіктігіне дейін көтерілгенінен басталады, яғни, намаз оқуға тыйым салынған уақыт біткеннен кейін.

Аяқталуы: түс уақытының алдында, яғни бесін намазына шамамен он минут қалғанда.

Бұл туралы: Ғамр ибн Ғабаса رضي الله عنه хадисінде: «Таң намазын оқы. Бірақ, күн шығып /найзаның биіктігіне дейін/ көтерілгенше намаздан тыйыл. Одан кейін көлеңке найзаның өзіне тұрақталғанға / көлеңке тым қысқа болғанға/ дейін намаз оқы. Шын мәнінде, бұл намазға келіп, куә болатындар бар. Одан кейін намаздан тыйыл, себебі, ол уақытта тозақтың оты жағылады...», - делінеді (Муслим, 832).

◆ Духа намазын орындау үшін ең абзал уақыт:

Уақытының соңында /түске қарай/, яғни жердің сондай қатты қызғаны үшін түйе боталары жерде тұруды қиынсынатын уақытта.

Бұл жөнінде: Зейд ибн Аркамның رضي الله عنه хадисінде, ол: «Пайғамбар صلى الله عليه وسلم: «Тәубеге келушілердің намаз уақыты – түйе боталарының тұяқтары күйе бастағанда» (Муслим, 748).

◆ Духа намазының рақағаттар саны

Духа намазының ең аз рақағаттар саны – екі рақағат. Екі «Сахих» хадистер жинағындағы Әбу Һурайраның رضي الله عنه хадисінде келгендей: «...үш нәрсені өсиет етті...» олардың ішінде: «духа намазының екі рақағатын оқу» сөздері бар (әл-Бұхари, 1981; Муслим, 721).

Духа намазының ең көп рақағаттар саны: ол намаздың ең көп рақағаттар саны «сегіз» деген тұжырымға қарсы болып табылатын, дұрыс тұжырым бойынша, ол намаздың ең көп рақағаттар саны жоқ. Намаз оқушы сегіз рақағаттың үстінен оған Алла қаншалықты рақағат жолын ашса, сонша қоса алады. Аиша анамыздың رضي الله عنها хадисінде айтылғандай: «Алла елшісі صلى الله عليه وسلم духа намазын төрт рақағат етіп оқитын және оның үстіне қалағаныша қосатын» (Муслим, 719).



◆ Пайғамбар صلى الله عليه وسلم духа намазының үлкен артықшылық-қасиеттері үшін, сахабаларына оны орындауды өсиет қылған.



Бесін намазы уақыты



Бұл бөлім бірнеше мәселелерден тұрады:



Бесін парызының алдында және одан кейін оқылатын сүннет намаздарын оқу.

«Рауатиб» сүннет намаздары тақырыбында айтып кеткеніміздей, бесін парызының алдында төрт рақағат, ал одан кейін екі рақағат сүннет намаздары оқылады. Бұл жөнінде Аиша, Умму Хабиба аналарымыздың және Ибн Омардың رضي الله عنهم хадистерінде айтылған.



Сүннет бойынша, бесін парызының бірінші рақағатын ұзақ оқу.

Әбу Саъид әл-Худридің رضي الله عنه хадисінде, ол: «Бесін намазы басталғанда, біреуіміз өзінің қажеттіліктерін өтеу үшін «әл-Бақиъ» зиратына барып, одан кейін таһаратын алып намаз оқуға келгенінде, Алла елшісі صلى الله عليه وسلم әлі бірінші рақағатын оқып тұратын еді. Оны соншалық ұзартып оқитын», - деді (Муслим, 454).

Сөйтіп, бесін парызының бірінші рақағатын ұзақ оқу мешіттегі имамға да, жеке оқып жатқан адамға да, тіпті әйелге де сүннет болып табылады. Өкінішке орай, бұл амал – ұмытылған сүннеттердің қатарында. Пайғамбар

صلى الله عليه وسلم сүннетіне ұмтылып, оны кәміл түрде орындауымызды мүмкін етуді Алладан сұраймыз!




Сүннет бойынша, күн ыстығы қатты қызып жатса, намазды күннің салқындаған уақытына дейін кешіктіру.

Бұл жөнінде:

Әбу Һурайраның رضي الله عنه хадисінде: **«Күннің ыстығы тым қатты болса, намазды кешіктіріңдер. Шын мәнінде, /күннің/ ыстығы тозақтың лебізінен болады»,** - деп айтылған (әл-Бұхари, 533,534; Муслим, 615).

Шейх Ибн Усеймин /оған Алланың рахыметі болсын/: «Егер бесін намазының уақыты жазды күні сағат он екілерде кіреді деп санасак, ал екінті намазы шамамен сағат төрт жарымда болса, онда бесін намазды сағат төртке дейін кешіктіруге болады /күн салқындағанша дейін/», - деді («Әл-Мумтиъ» 2/104).

Дұрыс пікір бойынша, күннің ыстығында намазды кешіктіру – жамағатқа, жеке оқитын кісіге және әйелдерге жалпы үкім болып табылады. Және осы пікірді шейх Ибн Усеймин /оған Алланың рахыметі болсын/ таңдаған. Әбу Һурайраның رضي الله عنه хадисінде үкім жалпы түрде айтылғаны үшін, жоғары аталғандардың барлығына да күн ыстық болып тұрғанда намазды кешіктіру – сүннет болады.





◆ Алла елшісі ﷺ: «Намаз – нұр», - деген. Ол сен үшін дүниеде де, Ақыретте де нұр болады.

Екінті намазы уақыты



«Рауатиб» сүннет намаздары тақырыбында айтылғандай, екінті намазының алдында ешқандай сүннет намаздары жоқ екені айтылған.

Шейхуль-ислам Ибн Теймия /оған Алланың рахыметі болсын/ бұл жөнінде былай деген: «Екінті намазының алдында оқылатын намаз туралы айтатын болсақ, пайғамбар صلى الله عليه وسلم екінті намазының алдында намаз оқыды деп ешкім айтпаған. Айтса да, бұл хабарлар әлсіз, тіпті қате деп айтуға болады» («әл-Фәтәуә» 23/125 қара).

Дұрысы /Ал, Алла жақсы біледі/: Екінті намазының /парызына/ байланған сүннет намазы жоқ. Ал, егер біреу екінті намазының алдында екі немесе одан да көп ракағат намаз оқимын десе, тыйым салынған уақыттардан басқа уақыттарда жалпы нәпіл намаздарды оқып жүргені секілді оқи алады. Бірақ екінті намазына байлап, сүннет деп оқымайды.



◆ Таңертең және кешке оқылатын зікір-дұғалар:

Таңертең және кешке оқылатын зікір-дұғалардың уақыты қашан басталады?

◆ Таңертеңгі зікір-дұғалардың уақыты:

Таң атқаннан кейін, яғни азаншы таң намазына азан шақырғанда таңғы зікір-дұғалардың уақыты басталады. Бұл ғалымдардың көбісінің пікірі /оларға Алланың рахыметі болсын/. Сондай-ақ, күн шыққаннан кейін де оқуға болады, әсіресе таң намаз уақытында себептері болғаны үшін оларды оқи алмай тастап кетсе. Және, күн шықса да ол уақыт – таңғы уақыт /таңертең/ деп аталуы үшін де оқи алады. Оларды оқымай тастап, күні бойы шалағай жүргеннен гөрі, күн шықса да таңғы зікірлерді оқып, артықшылықтарына және берекетіне қол жеткізген әлде қайда абзал.

◆ Кешкі зікір-дұғалардың уақыты:

Дұрысы /Ал, Алла жақсы біледі/: екінті намазынан бастап күн батқанға дейін. Алайда, күн батқаннан кейін оқи берсе де болады, әсіресе, белгіленген уақытта оқымауға себептері болса. Және, күн батса да ол уақыт – «кеш» деп аталуы үшін де оқи алады. Оларды оқымай тастап, күнінің қалған уақытында шалағай жүргеннен гөрі, күн батса да кешкі зікірлерді оқып, артықшылықтарына және берекетіне қол жеткізген әлде қайда абзал.





Ақшам намазы уақыты



Бұл бөлім бірнеше мәселелерден тұрады:



Сүннет бойынша, ақшам намазы кіргенде балаларды далаға шығармау.



Сүннет бойынша, ақшам намазы кіргенде Алланың атын атап үйдің есіктерін жабу.

Адам бұл екі сүннетті ұстанса шайтандар мен жындардан қорғау табады. Ақшам намазы кірген уақытта балаларын далаға шығармаса, ол уақытта жер бетінде таралатын жындар мен шайтандардан сақтап қалады. Тура сол секілді, есікті де Алланың атымен жабатын болса, үйлерін шайтандардан сақтайды. Қаншама бала және қаншама үй дәл осы уақытта шайтандардан зардап шеккен?! Исламның біздің үйлерімізге және балаларымызға деген қамқорлығы қандай керемет!



Бұл жөнінде:

Жәбір ибн Абдулла /ол екеуіне Алла разы болсын/ хадисінде, ол: «Алла елшісі صلى الله عليه وسلم былай деді: **«Түн басталса немесе кеш батқан кезде балаларыңды /қастарыңда/ ұстандар. Шын мәнінде, шайтандар осы уақытта таралады. Одан біраз уақыт өткеннен кейін оларды /балаларыңды/ жібере аласыңдар. Және Алланың атын атап есіктеріңді жабыңдар. Ақиқатында, шайтандар жабық тұрған есікті аша алмайды!»** (әл-Бұхари, 3304; Муслим, 2012).



Ақшам намазы кірген кезде балаларды далаға шығармау және есіктерді жабу – мұстахаб болып табылады («Фәтәуә әл-ләжнә әд-дәймә» 26/317).



Ақшам намазы парызының алдында екі ракағат намаз оқу.

Абдулла ибн Муғаффәл әл-Музанидің رضي الله عنه хадисінде, ол: «Пайғамбар صلى الله عليه وسلم: **«Ақшам намазының /парызының/ алдында намаз оқыңдар»**, - деді, және үшінші рет қайталап жатқанында: «кім қаласа», - деп, адамдар бұл амалды /рәуәтиб/ сүннет намазы ретінде алмаулары үшін қосты», - деді (әл-Бұхари, 1183).

Сондай-ақ, әрбір азан мен қамат арасында екі ракағат намаз оқу – сүннет амалдарынан.

Бұл екі ракағат таң намазының /парызының/ алдындағы немесе бесін намазының алдындағы екі ракағат «рәуәтиб» сүннеттері болса да бола алады. Себебі, мына сүннетті орындауға оларды оқыған жеткілікті. Немесе, мешітте отырған кезінде екінті немесе құптан намазына азан шақырылса, сүннет бойынша, тұрып екі ракағат намаз оқығаны жөн.

Бұл жөнінде:

Абдулла ибн Муғаффәл әл-Музанидің رضي الله عنه хадисінде, ол: «Алла елшісі صلى الله عليه وسلم былай деді: **«Әрбір екі азан арасында – намаз»**. Және бұл сөздерді үшінші рет қайталап жатқанында: «кім қаласа», - деген сөздерді қосты», - деді (әл-Бұхари, 624; Муслим, 838).




Ақшам намазының /парызының/ алдындағы немесе екі азан арасындағы екі ракағат намаз – «рәуәтиб» сүннеттері секілді бекітілген сүннеттерге жатпайтынында күмән жоқ. Оларды әрдайым оқымай, кей-кезде тастап кетуге болады. Сол себепті, пайғамбар ﷺ үшінші рет қайталап жатқанында «**кім қаласа**» деген сөздерді қосқан. Бұл амалды адамдар /бекітілген/ сүннет ретінде қабылдамаулары үшін.



Құптан намазының алдында ұйықтау – мәкруһ.

Әбу Барза әл-Әсләмидің رضي الله عنه хадисінде, ол: «Пайғамбар ﷺ құптан намазын кешіктіруді мұстахаб, құптанның алдында ұйқыны мәкруһ, және одан кейін біреумен сөйлескенді мәкруһ деп көретін», - деді (әл-Бұхари, 599; Муслим, 647).

Құптан намазының алдында ұйықтаудың мәкруһ болған себебі: адам қатты ұйқысы үшін құптан намазына тұра алмай, оны қаза қылып алу мүмкіндігінде.



- ◆ Күндіз және түнінде тәубе ету – адамға Алланың жолында жүруге көмектесетін кілт. Алла елшісі ﷺ: «Шын мәнінде, Алла Тағала күндіз күнә жасаған адамға тәубесін қабыл алу үшін түнде Қолын созады. Және түнде күнә жасаған адамға тәубесін қабыл алу үшін күндіз Қолын созады», - деді.



Құптан намазы уақыты



Бұл бөлім бірнеше мәселелерден тұрады:



Құптан намазынан кейін отырыс және біреумен сөйлесу – мәкруһ болып табылады.

Әбу Барза әл-Әсләмидің رضي الله عنه жоғарыда айтылып кеткен хадисінде айтылғандай: «...құптанның алдында ұйқыны мәкруһ, және одан кейін біреумен сөйлескенді мәкруһ деп көретін». **Ал, егер бір қажеттілік үшін сөйлесу керек болса, ондай сөйлесу – мәкруһ болмайды.**

Құптан намазынан кейін сөйлесудің мәкруһ болғанының себебі /Ал, Алла жақсы біледі/: ұйқысы кешіктеп, таң намазын уақытында орындамау немесе таң намазының кірген уақытынан ұйықтап қалу, немесе әдеті бойынша түнгі намазға тұра алмау қауіпі болғаны үшін.

Имамға ұйып оқитын мүміндерге қиыншылық тудырмаса, құптан намазын кешіктіру абзал.

Бұл жөнінде:

Аиша анамыздың رضي الله عنها хадисінде, ол: «Бір түні пайғамбар түннің біраз уақыты өтіп, мешіттегілер ұйықтап қалған уақытқа дейін шыққан жоқ. Сосын шығып, намаз оқып, былай деді: **«Бұл /құптан намазының/ нағыз уақыты. Үмметіме қиыншылық тудырмасам»**», - деді (Муслим, 638).

Сондай-ақ, әйел үшін де, жамағат намазымен байланысы жоқ болғанымен, оған қиыншылық тудырмаса, құптан намазын кешіктіріп оқуы – сүннет. Сонымен қатар, сапарда жүргендегі секілді жамағат намазымен байланбаған ер адам да, сүннет бойынша, құптан намазын кешіктіріп оқиды.

Сүннет бойынша, әр түнде «Ықылас» сүресін оқу.

Әбу әд-Дардадан رضي الله عنه келген хабарында, ол: «Пайғамбар صلى الله عليه وسلم былай деді: **«Сендердің біреулерің түнінде Құранның үштен бір бөлігін оқи ала ма?»**. Сонда олар: «Құранның үштен бір бөлігін қалай оқимыз?» - деп сұрады. Пайғамбар صلى الله عليه وسلم: **«Айт: Ол, Алла – Жалғыз» /Ықылас сүресі/ Құранның үштен бір бөлігіне тең**», - деді», - деді (Муслим, 811; әл-Бұхари, 5015 Әбу Саъидтің رضي الله عنه хадисінен).





◆◆ Ұйқымен байланысты сүннеттер ◆◆

Ұйқы және ондағы сүннеттер:

◆ 1 Ұйықтар алдында есіктерді жабу.

Жәбірдің رضي الله عنه хадисінде, ол: «Алла елшісі صلى الله عليه وسلم былай деді: «Егер ұйқыға баратын болсаңдар, шамдарыңды сөндіріп, есіктеріңді жауып, /су сақтайтын/ ыдыстардың ауыздарын байлап, тағам мен сусынның бетін жабыңдар», - деді (әл-Бұхари, 5624; Муслим, 2012).



Есіктерді жабу әмірінің себебі – алдында айтылып кеткен Жәбірдің رضي الله عنه басқа хадисінде айтылғандай, шайтандардың үйге кіруіне жол бермеу:

«...Және Алланың атын атап есіктеріңді жабыңдар. Ақиқатында, шайтандар жабық тұрған есікті аша алмайды!» (әл-Бұхари, 5623; Муслим, 2012).

◆ 2 Ұйықтар алдында жағылған отты сөндіру.

Жоғарыда айтылған Жәбірдің رضي الله عنه хадисінде, айтылғандай: «Егер ұйқыға баратын болсаңдар, шамдарыңды сөндіріңдер...».



Сондай-ақ, Ибн Омардың /ол екеуіне Алла разы болсын/ хадисінде, ол: «Пайғамбар صلى الله عليه وسلم былай деді: «Ұйықтаған уақыттарыңда үйлеріңде жағылған отты тастамаңдар», - деді (Муслим, 2015).

Бұған үйдің ішіндегі өртке себеп бола алатын барлық нәрселер жатады. Мысалы, жылытатын электр құрылғыларға жақын тұрып, тез жанатын, өртке себеп болатын заттардан сақтану керек. Себебі, пайғамбарымыз صلى الله عليه وسلم айтқандай, өрт – жау.

Осыған орай, егер ұйқыда жатқан кісі оттан аман күйде жатса, және оттың әсері болмай, қасында оның таралып кетуіне себеп болатын заттар қойылмаса, ондай отты қалдыруда ешқандай оқасы жоқ. Себебі, шариғи



үкім себептің бар болуы немесе жоқ болуына байланысты. Егер себеп жойылған болса, онда шариғи үкім де күшін жоғалтады.

3 Ұйықтар алдында таһарат алу.

اللَّهُمَّ إِنِّي أَسْلَمْتُ وَجْهِي إِلَيْكَ

Бароә ибн Ғазибтің رضي الله عنه хадисінде, ол: «Алла елшісі صلى الله عليه وسلم былай деді: «Ұйықтарда намазға алатын таһарат секілді таһарат ал, одан кейін оң жақ қырыңмен жат та былай де: «Уа, Алла! Шын мәнінде, мен бетімді Саған бұрдым...»», - деді (әл-Бұхари, 247; Муслим, 2710).



4 Жатар алдында төсекті қағып-сілкеу.

بِسْمِكَ رَبِّ وَضَعْتُ جَنْبِي

Әбу Һурайраның رضي الله عنه хадисінде, ол былай деді: «Пайғамбар صلى الله عليه وسلم «Біреулерің төсегіне жатқысы келсе, оны изарының ішкі жағымен қағып-сілкісін. Өйткені, ол төсегінде одан кейін кім болғанын білмейді. Сосын былай десін: «Уа, Раббым! Сенің атыңмен бүйіріме жаттым...»», - деді (әл-Бұхари, 6320; Муслим, 2714).



Жоғарыда айтылғаннан, төсекті изардың ішкі жағымен үш рет қағып-сілкеу және қағып жатқанда Алланың атын зікір ету – сүннет екені анық болады.

Абзалы – төсекті киімнің ішкі жағымен қағу. Алайда, Ибн Жибрин / оған Алланың рахыметі болсын/ және басқа да ғалымдардың айтуынша, киім немесе басқа да нәрсемен қағып-сілкісе де болады, ең маңыздысы – төсекті қағып-сілкеу. Шейх: «Изардың ішкі жағын қолдану – шарт емес. Сәлдемен немесе оған ұқсас нәрсемен тұтас төсекті қақса – мақсатына жетеді», - деді (шейх Жибриннің пәтуаларынан, нөмірі 2693 қара).

5 Оң жақ бүйірімен ұйықтау.



6 Оң алақанын оң жақ бетінің астына қою.

اللَّهُمَّ إِنِّي أَسْلَمْتُ وَجْهِي إِلَيْكَ

Бұл екі сүннетке Бароә ибн Тазибтің رضي الله عنه хадисі дәлел болады: «Алла елшісі صلى الله عليه وسلم былай деді: «Ұйықтарда намазға алатын таһарат секілді таһарат ал, одан кейін оң жақ қырыңмен жат та былай де: «Уа, Алла! Шын мәнінде, мен бетімді Саған бұрдым...»» (әл-Бұхари, 247; Муслим, 2710).



Және Хузейфаның رضي الله عنه хадисінде, ол былай деді: «Пайғамбар صلى الله عليه وسلم түнгі ұйқысына жатқанда, қолын бетінің астына қоятын еді...» (әл-Бұхари, 6314).

7 Ұйықтар алдында оқылатын зікір-дұғаларды оқу.

Ұйықтар алдында оқылатын зікір-дұғалар Құран Кәрімде және сүннетте келген:

1 Құранда келгендер:

1> Аят әл-Күрсиді оқу.

Сүннет бойынша, ұйықтар алдында аят әл-Күрсиді оқу қажет. Мұсылман адам ол ісімен таң атқанша дейін өзін шайтандардан сақтай алады.

Бұған Әбу Һурайра رضي الله عنه және зекеттен ұрлаған ұры туралы қисса дәлел бола алады. Ол қиссада: «Әбу Һурайра صلى الله عليه وسلم былай деді: «Алла елшісі менен: «Сенің тұтқының кеше не істеді?» - деп сұрады. Мен: «Уа, Алла елшісі, ол Алла Тағала маған пайдалы қылатын сөздерді үйретемін деді, сөйтіп, мен оны жібере салдым», - дедім. Ол: «Ол қандай сөздер?» - деді. Мен: «Ол маған төсекке жатарда аят әл-Күрсиді басынан аяғына дейін оқы деді: {Алла – Одан басқа ешбір құдай жоқ. Ол – әл-Хайй /Тірі/, әл-Қаййум /бәріне тіршілік беріп Басқарушы/...}. Және де ол маған, таң атқанша сенімен бірге Алладан келген сақтаушы болады және шайтан қасыңа жоламайтын болады, деді», - дедім. Сонда пайғамбар صلى الله عليه وسلم: «Расында, ол қандай өтірікші болса да, саған шындықты айтты. Үш түн бойы





сөйлесіп жүргеніңнің кім екенін білесің ба, уа, Әбу Һурайра?» - деп сұрады. Мен: «Жоқ», - дедім. Пайғамбар صلى الله عليه وسلم: «Ол – шайтан», - деді» (әл-Бұхари, 2311; ән-Нәсәи «әс-Сунан әл-кубра», 10795).

2> Бақара сүресінің соңғы екі аятын оқу.

Әбу Саъид әл-Ансаридің رضي الله عنه хадисінде, ол: «Алла елшісі صلى الله عليه وسلم былай деді: **«Кімде-кім Бақара сүресінің соңғы екі аятын түнінде оқыса, олар оған жеткілікті болады»**» (әл-Бұхари, 4008; Муслим, 807). Бірақ, Бақара сүресінің соңғы екі аяты – ұйықтар алдында оқылатын арнайы зікірлерге жатпайды. Негізінде, олар түнде оқылатын зікірлерге жатады. Кімде-кім оларды түнде оқымай, ұйықтар алдында есіне түсірсе, онда оларды оқуына болады.

«...олар оған жеткілікті болады» сөздерінде бірнеше пікір бар.

«Түнгі намазды оқымау үшін жеткілікті болады» делінді, және «шайтаннан қорғаныс ретінде жеткілікті болады» деп те айтылды.

Және «апаттардан жеткілікті болады» деген де сөз бар. Бірақ, Нәуәуи / оған Алланың рахыметі болсын/ айтқандай, бұл сөздер жоғарыда айтылғанның барлығын да қамтиды. (Нәуәуидің Муслимге жасаған түсіндірмесін қара, 808 хадис, «Фатиха сүресінің және Бақара сүресінің соңғы екі аяттарының артықшылықтары» тарауы)

3> Ықылас сүресін, пана сұрау сүрелерін /Фалақ, Нас/ оқып, екі алақанына үрлеп, алақандарымен денесін үш рет сүрту.

Бұл жөнінде:

Аиша анамыздың رضي الله عنها хадисінде: «/Алла елшісі/ әр түн сайын төсегіне жатарда екі қолын бірге ұстап /жайып/ оларға үрлеп, {Айт: «Ол, Алла - Жалғыз}, {Айт: «Таңның Раббысына сиынып, қорғауын тілеймін}, {Айт: «Адамдардың Раббысына сиынып, қорғауын тілеймін} сүрелерін оқитын. Одан кейін, алақандарымен денесінің қай жеріне жете алатындай, басы мен бетінен бастап, денесінің алдыңғы жағын үш рет сүртетін еді», - деп хабарланады (әл-Бұхари, 5017).

Хадистен алынатын пайдалы мағлұматтар: Аиша анамыздың رضي الله عنها «әр түн сайын» деп айтуынша, пайғамбарымыз صلى الله عليه وسلم бұл сүннетті әрбір түн сайын жасап отырды. Ал, егер кімде-кім осы сүннетті орындағысы келсе, қолдарын біріктіріп жайып Ықылас пен пана сұрау /Фалақ, Нас/ сүрелерімен үрлеп, одан кейін басы мен бетінен бастап, денесінің қай жеріне қолы жеткенше дейін үш рет сипап-сүртеді.



4> Кәфирун сүресін оқу.

Баруа ибн Нәуфәлдің әкесінен رضي الله عنه жеткізген хадисінде: Пайғамбар صلى الله عليه وسلم Нәуфәлға айтқан сөзінде: «{Айт: «Ей, кәпірлер!}» сүресін оқы, оны аяғына дейін оқып ұйықта. Шын мәнінде, ол – ширктен қорғаныс» (Ахмад, 21934; Әбу Дәуіт, 5055; әт-Тирмизи, 3403; әл-Әлбани хадисті «жақсы хадис» деді).

2> Сүннетте келген дұға-зікірлер көп. Олардан:

1> بِسْمِكَ اللَّهُمَّ أَمُوتُ وَأَحْيَا

«Уа, Алла! Сенің есіміңмен өліп /ұйықтап/, Сенің есіміңмен тірілемін /оянамын/» (Бисмикә-Ллаһумма, әмутуә ахйа) (әл-Бұхари, 6324 Хузейфаның хадисінен).

2> اللَّهُمَّ خَلَقْتَ نَفْسِي وَأَنْتَ تَوَفَّاهَا، لَكَ مَمَاتُهَا وَمَحْيَاهَا، إِنَّ أَحْيَيْتَهَا فَاخْضَعْتُهَا، وَإِنْ أَمَتَهَا فَاغْفِرْ لَهَا، اللَّهُمَّ إِنِّي أَسْأَلُكَ الْعَافِيَةَ

«Уа, Алла! Сен менің жанымды жараттың, әрі оны Сен аласың.

Оның өлуі мен тірі болуы Сенің қолыңда. Егер оған қайта өмір берсең, оны қорғай гөр, ал егер оған өлім берсең, оны жарылқай гөр. Уа, Алла! Расында, мен Сенен кешіріміңді сұраймын!» (Аллаһумма, халәқтә нәфси уә Әнтә тәуәффә-һә, ләкә мәмәту-һә уә мәхйә-һә. Ин ахйайтә-һә, фәхфәз-һә, уә ин әмәттә-һә, фәғфир ләһә. Аллаһумма, инни әс-әлукәл ғафияһ) (Муслим, 2712).

3> اللَّهُمَّ رَبَّ السَّمَاوَاتِ وَرَبَّ الْأَرْضِ وَرَبَّ الْعَرْشِ الْعَظِيمِ، رَبَّنَا وَرَبَّ كُلِّ شَيْءٍ، فَالِقَ الْحَبِّ وَالنَّوَى، وَمُنْزِلَ التَّوْرَةِ وَالْإِنْجِيلِ وَالْفُرْقَانِ، أَعُوذُ بِكَ مِنْ شَرِّ كُلِّ شَيْءٍ أَنْتَ آخِذٌ بِنَاصِيَتِهِ اللَّهُمَّ أَنْتَ الْأَوَّلُ فَلَيْسَ قَبْلَكَ شَيْءٌ، وَأَنْتَ الْآخِرُ فَلَيْسَ بَعْدَكَ شَيْءٌ، وَأَنْتَ الظَّاهِرُ فَلَيْسَ فَوْقَكَ شَيْءٌ، وَأَنْتَ الْبَاطِنُ فَلَيْسَ دُونَكَ شَيْءٌ، اقْضِ عَنَّا الدَّيْنَ وَأَغْنِنَا مِنَ الْفَقْرِ

«Уа, Алла! Көктердің және жердің Раббысы, әрі ұлы Аршының Раббысы. Біздің Раббымыз және барлық нәрселердің Раббысы, дән мен дәнекті Жарушы, Тауратты, Інжілді және Ажыратушыны /Құранды/ түсіруші. Барлық нәрселердің кесірінен Өзіңе сиынамын, өйткені бүкіл нәрсе Саған бағынышты. Уа, Алла! Сен Әуелгісің, өйткені Сенен бұрын еш нәрсе болмаған, Сен Ақырғысың, өйткені Сенен





кейін еш нәрсе болмақ емес. Сен Көрнеусің, Сенің үстінде еш нәрсе жоқ, Сен Жақынсың (Білушісің), Сенен жақын еш нәрсе жоқ. Бізді қарыздарымыздан құтқар, әрі бізді кедейліктен құтқар!» (Аллаһумма, Раббә-с-самәуәти уә Раббә-л-арды, уә Раббә-л-һаршил ғазыйми, Раббәнә уә Раббә кулли шәй-ин, Фәлиқә-л-хабби уә-н-науа, уә мунзилә-т-Таурати, уә-л-Инжили, уә-л-Фурқани, әбузу бикә мин шәрри кулли шәй-ин Әнтә ахызун бинаһыйятиһи. Аллаһумма, Әнтә-л-Әууәлу фә ләйсә қабләкә шәйун, уә Әнтә-л-Әхиру фә ләйсә бәъдәкә шәйун, уә Әнтә-з-Заһиру фә ләйсә фәуқакә шәйун, уә Әнтә-л-Бәтыну фә ләйсә дунәкә шәйун, ақды ғаннә-д-дәйнә уә әғнинә минәл-фәқр)(Муслим, 2713).

- 4> بِسْمِكَ رَبِّ وَضَعْتُ جُنْيِي وَإِنَّكَ أَزْفَعُهُ إِنَّ أَمْسَكَتَ نَفْسِي فَارْجَحْهَا وَإِنْ أَرْسَلْتَهَا فَاحْفَظْهَا بِمَا تَحْفَظُ بِهِ عِبَادَكَ الصَّالِحِينَ

«Сенің есіміңмен, уа, Раббым, /оң/ қырыммен жаттым, әрі Сенің есіміңмен тұрамын. Егер менің жанымды алатын болсаң, оған рахым ете гөр. Егер оны /маған/ қайтаратын болсаң, оны ізгі пенделеріңді /жамандықтан/ сақтағанындай сақтай гөр» (Би-смика, Рабби, уадаъту жәнби уә бикә әрфәуһу, ин әмсәктә нәфси, фәрхамһә, уә ин әрсәлтәһә, фахфәзһә бимә тәхфәзу биһи ғибәдәкә-с-салихин) (әл-Бұхари, 6302; Муслим, 2714).

- 5> الْحَمْدُ لِلَّهِ الَّذِي أَطْعَمَنَا وَسَقَانَا، وَكَفَانَا وَأَوَانَا، فَكَمْ مِمَّنْ لَا كَافِيَ لَهُ وَلَا مُؤَيِّ

«Бізді тамақтандырған және сусындандырған, сондай-ақ бізді қорғап, бізге баспана берген Аллаға мақтаулар болсын. Өйткені қорғаушысы мен баспана берушісі жоқтар қаншама!» (Әлхамду ли-Лләһи-лләзи ат-һаманә уә сәқанә уә кәфәнә уә әуәнә, фә кәм миммән лә кәфия ләһу уә лә му'уия) Әнәстің رضي الله عنه хадисінен алынған: «Алла елшісі صلى الله عليه وسلم төсегіне жатқанда «Бізді тамақтандырған...» сөздерін айтатын еді» (Муслим, 2715).

- 6> اللَّهُمَّ قِنِي عَذَابَكَ يَوْمَ تَبْعُثُ عِبَادَكَ

«Уа, Алла! Мені пенделеріңді қайта тірілтетін күндегі азабыңнан сақтай гөр!» (Аллаһумма, қини ғазәбәкә йәумә тәбъасу ғибәдәкә) (Ахмад, 18660; әл-Әлбани хадистің сенімділігін растады «Сахих әл-Жәмиъ» 2/869).

- 7> «Алла кемшілік атаулыдан Пәк» (СубханаЛлаһ) (33 рет), «барлық мақтау-мадақтар Аллаға тән» (Әлхамдули-Лляһ) (33 рет), «Алла Ұлы» (Аллаһу Әкбар) (34 рет) айту.



«Алла кемшілік атаулыдан Пәк» (*СубханаЛлах*) (33 рет), «барлық мақтау-мадақтар Аллаға тән» (*Әлхамдули-Лляһ*) (33 рет), «Алла Ұлы» (*Аллаһу Әкбар*) (34 рет) ұйықтар алдында айту – сүннет болып табылады. Бұл сөздерді айтудың артықшылығы өте үлкен. Егер мұсылман адам ұйықтар алдында жоғарыда айтылғандай істесе – күні бойы денесіне күш беріледі.

Бұл жөнінде мына хадисте айтылған: Әлидің *رضي الله عنه* хадисінде: «Бірде Фатыма оның қол диірмені оны шаршататынын айтты. Ол күндері пайғамбарға *صلى الله عليه وسلم* тұтқынға түскендерді алып келген болатын. Сонда Фатыма әкесінің үйіне келді, бірақ, оны таба алмай Аишаны кездестіріп оған мән-жайын айтып берді. Ал пайғамбар *صلى الله عليه وسلم* үйіне оралғанда Аиша оған Фатыманың келгені туралы хабарлады. Сонда пайғамбар *صلى الله عليه وسلم* ұйқыға жатып қалған кезімізде келді. Енді тұрайын деп жатқанымызда ол: «**Орындарында қалындар**», - деді. Сосын арамызда солай отырды, мен кеудеммен ол кісінің салқын табандарын сездім, одан кейін: «**Сендер сұрағаннан қайырлы нәрсені сендерге үйретейін бе? Ұйықтар алдында Алла Тағаланы отыз төрт рет ұлықтандар («Алла Ұлық» (*Аллаһу Әкбар*) сөздерімен), отыз үш рет Оны пәктендер («Алла пәк» (*Субхана-Ллах*) сөздерімен), және отыз үш рет Оған мақтау-мадақ айтындар («Бүкіл мақтау-мадақ Аллаға ғана тән» (*Әл-хамду-ли-Лляһ*) сөздерімен). Бұл сендерге қызметшіден жақсы болады!**», - деді (әл-Бұхари, 3705; Муслим, 2727).

Ал хадистің тағы бір риуаятында Әлидың *رضي الله عنه* былай дегені келтіріледі: «Бұны пайғамбардан *صلى الله عليه وسلم* естігенімнен бері тастаған жоқпын». Одан біреу: «Сыффин түнінде де?» - деп сұрады. Әли *رضي الله عنه*: «Сыффин түні де тастағаным жоқ», - деді (әл-Бұхари, 5362; Муслим, 2727).

8> *اللَّهُمَّ إِنِّي أَسْلَمْتُ وَجْهِي إِلَيْكَ ، وَفَوَّضْتُ أَمْرِي إِلَيْكَ ، وَأَجَلْتُ ظَهْرِي إِلَيْكَ ، رَغْبَةً وَرَهْبَةً إِلَيْكَ. لَا مَلْجَأَ وَلَا مُنْجَا مِنْكَ إِلَّا إِلَيْكَ، آمَنْتُ بِكِتَابِكَ الَّذِي أَنْزَلْتَ، وَبَنَيْتُكَ الَّذِي أَرْسَلْتَ*

«Уа, Алла! Жүзімді Саған қараттым, және ісімді Өзіңе тапсырдым, өз қалауыммен әрі Өзіңнен қорқып, Саған өзімді тапсырдым. Сенің Өзіңе ғана жүгінусіз Сенен пана да, құтылу да табу мүмкін емес. Мен Сенің түсірген Кітабыңа әрі жіберген пайғамбарыңа иман келтірдім» (*Аллаһумма, инни әсләмту уәжһи иләйка, уә фәууәдту әмри иләйкә, уә әлжә'ту заһри иләйкә рағбәтән уә раһбәтән иләйкә. Лә мәлжә-ә уә лә мәнжә минкә иллә иләйкә, әмәнту би Китәбикә-лләзи әнзәлтә уә би нәбиййикә-лләзи әрсәлтә*) (әл-Бұхари, 247; Муслим, 2710).



Хадистің соңында пайғамбар **صلى الله عليه وسلم**: «Бұл сөздер соңғы сөздерің болсын. Енді, егер /сол түні/ өлсең, дүниеге келген күйінде /яғни Исламда/ өлген боласың», - деді. Және Муслимде келген риуаятта: «Ал, егер таңертең оянып тұрсаң, жақсылыққа тұрасың», - деді.

Сондай-ақ, бұл хадисте тағы бір сүннетке сілтеме бар. Ол: жоғарыда айтылған зікірді ұйықтар алдында сөздерінің ең соңғысы ету. Бұл істің үлкен сый-жазасы бар: егер мұсылман адамның соңғы сөздері осы зікір болып, сол түні қайтыс болып кетсе, ол өзінің бастапқы күйінде /фитрасында/ өлгендерден болады. Яғни, ханиф Ибраһимнің /оған Алланың сәлемі болсын/ миллетінде, сүннетінде қайтыс болды деген сөз. Ал, егер қайтыс болмай, таңертең оянса, онда ризық-дүниесінде, амалында жақсылық тауып оянады. Хадистегі «жақсылық» сөзі: айтылып кеткен жақсылық болсын, айтылмаған жақсылық болсын, барлық «жақсылықты» қамтиды. Ал, Алла барлығын жақсы Білуші!

اللَّهُمَّ أَنْتَ رَبِّي لَا إِلَهَ إِلَّا أَنْتَ خَلَقْتَنِي وَأَنَا عَبْدُكَ وَأَنَا عَلَى عَهْدِكَ وَوَعْدِكَ مَا اسْتَطَعْتُ أَعُوذُ بِكَ مِنْ شَرِّ مَا صَنَعْتُ
أُبُوءُ لَكَ بِنِعْمَتِكَ عَلَيَّ وَأُبُوءُ لَكَ بِذَنْبِي فَاغْفِرْ لِي فَإِنَّهُ لَا يَغْفِرُ الذُّنُوبَ إِلَّا أَنْتَ

Ұлылық әрі Даңқ Иесі Алла Тағаланың үлкен сыйына себеп болатын аса маңызды зікірге көңіл аударғымыз келеді. Ол әл-Бұхаридің «Сахих» атты хадистер жинағында келген Шаддад ибн Әустың **رضي الله عنه** хадисінде келтіріледі. Пайғамбар **صلى الله عليه وسلم**: «Кешірім сұрау сөздердің төресі (сайидуль-истиғфар) ол былай деп айтқаның: «Уа, Алла! Сен менің Раббымсың, Сенен басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ. Сен мені жараттың, ал мен Сенің құлыңмын. Мен күш-күдіретім жеткенше Саған деген уәдемді, әрі сертімді сақтаймын. Әрі жасаған істерімнің жамандығынан Өзіңе сиынамын. Маған берген нығметтеріңді мойындаймын, әрі құналарымды да мойындаймын. Мені жарылқай гөр! Шын мәнінде, Сенен өзге күнәларды жарылқаушы ешкім жоқ» (*Аллаһумма, Энтә Рабби, лә иләһа иллә Энтә, халәқтәни уә әнә ʿабдука, уә әнә ʿалә ʿаһдикә уә уәʿдикә мә-стәтаʿту, әбузу бикә мин шәрри мә санәʿту әбу-у ләкә би-ниъмәтикә ʿәләййә уә әбу-у ләкә би-занби, фәғфир ли, фә иннәһу лә яғфиру-з-зунубә иллә Энтә*).




Алла елшісі ﷺ: «Кім /осы сөздерді/ күндіз айтатын болса, әрі өзінің айтып жатқан сөздеріне кәміл сенсе, және сол күні кеш батқанға дейін қайтыс болса, сол Жәннат тұрғындарының арасында болады. Ал кім өзінің айтқан сөздеріне кәміл сенген күйде /осы сөздерді/ түнде айтатын болса, әрі таң атқанға дейін қайтыс болса, сол Жәннат тұрғындарының арасында болады», - деді (әл-Бұхари, 6306).



- ◆ Алланы еске алу – сен үшін қорған, әрі жүректі тірілтетін бір себеп. Ендеше, Алланы еске алушылардың қатарынан бол! Алла елшісі ﷺ: «Раббысын еске алатын және Раббысын еске алмайтындар – тірі және өлі /адамдар/ секілді», - деген.

Түс көрумен байланысты сүннеттер.

Түстің үш түрі болады, Мұсылымде келген Әбу Һурайраның رضي الله عنه хадисінде айтылғандай:



- ❶ Салиқалы түс. Бұл – Алла Тағаладан келетін сүйіншісі. Оның әдептерін соңыра айтып кетеміз.
- ❷ Күйінішті, мұңды түс. Бұл – шайтаннан келетін түс. Егер мұсылман адам әдептерін ұстанса, ондай түс оған зиянын келтірмейді. Әдептерін кейін қарастырамыз.
- ❸ Түсінде ұйықтар алдында ойлаған нәрселерін көруі. Бұл түстердің мән-мағынасы жоқ.

Бұл тақырыпқа байланысты сүннеттер және бұл жөнінде келген хадистер:

Әбу Сәләмәдан رضي الله عنه хабарланады: «Бірде, мен түс көріп, дене қызуым көтеріліп ауырып қалдым. Сол уақытта Әбу Қатаданы кездестірдім, ол: «Мен де бұрын ондай түс көріп, ауырып қалғанымда, Алла елшісінің صلى الله عليه وسلم былай деп айтқан сөзін естідім: «Салиқалы түс – Алладан. Егер біреулерің өзі жақсы көретін нәрсені түсінде көрсе, ол туралы тек өзі жақсы көретін адамдарға ғана айтсын. Ал, егер жақсы көрмейтін нәрсені түсінде көрсе, сол жағына үш рет түкірсін, және Алла Тағаладан шайтаннан, әрі сол түстің жамандығынан пана сұрасын. Сондай-ақ, жаман түсін ешкімге айтпасын. Сонда, ол түс оған зиянын келтірмейді», - деді».

Әбу Сәләмә одан кейін: «Маған таудан да ауыр тиетін түстер көрдім. Бірақ, мына хадисті естігеннен кейін, оларға мән берген жоқпын!» (әл-Бұхари, 5747; Муслим, 2261). Хадистің тағы бір риуаятында: «Салиқалы түс – Алла Тағаладан. Ал, жаман түс – шайтаннан. Егер, біреулерің оны қорқытатын /шошытатын/ түс көрсе, сол жағына түкірсін және Алла Тағаладан жамандығынан пана сұрасын. Сонда ол түс оған зиян келтірмейді», - делінген (әл-Бұхари, 3292; Муслим, 2261).

Мұсылымде келген Жәбірдің رضي الله عنه хадисінде: «Алла елшісі صلى الله عليه وسلم: «...Алла Тағаладан шайтанның кесірінен үш рет пана сұрасын да, денесінің екінші жақ бүйіріне жатсын», - деді», - деп хабарланады (Муслим, 2262).



Және әл-Бұхариде келген Әбу Саъид әл-Худридің رضي الله عنه хадисінде: «Біреулерің жақсы көретін түс көрсе, шын мәнінде, ол – Алладан. Сондықтан да, Аллаға мақтау-мадақ айтсын!», - делінеді (әл-Бұхари, 7045).

◆ **Жоғарыда айтылып кеткен хадистерден мынандай нәтижелер ала аламыз:**

① **Кімде-кім жақсы түс көрсе, сүннет бойынша былай істегені дұрыс:**

Біріншіден: жақсы түс көргені үшін Алла Тағалаға мадақ-мақтаулар айтсын. Шын мәнінде, ондай түстер тек Одан ғана келеді.

Екіншіден: жақсы түсі туралы тек жақсы көретін адамдарға ғана хабарлайды.

② **Ал, кімде-кім жаман түс көрсе, сүннет бойынша былай істегені дұрыс:**

Біріншіден: сол жағына үш рет түкіреді.

Екіншіден: «Алла Тағаладан шайтаннан және түсімнің жамандығынан пана сұраймын» (*Әбузу бил-Ләһи минаш-шәйттан, уә мин шарриһа*) деп үш рет Аллаға шайтаннан және түсінің жамандығынан үш рет сиынады.

Үшіншіден: жаман түсін ешкімге айтпайды. Егер осылай істесе, ол түсі оған пайғамбарымыз صلى الله عليه وسلم хабарлағандай, ешбір зиян келтірмейді.

Төртіншіден: денесінің оң жақ бүйірімен ұйықтаған болса, сол жағына аударылып жатады. Немесе, арқасымен жатып ұйықтаса, / оң/ жағына бұрылып жатады.

Бесіншіден: тұрып, екі ракағат намаз оқиды.

Хадистерден алынатын пайдалы мағлұматтар: Мұсылманның түсі – пайғамбарлықтың бір бөлігі. Ал, кімнің түсі ең шынайы болса, ол адам ояу жүрген кезде де ең шыншыл адам болғаны. Бұл – мұсылманға шыншылдықтың әсерінен және берекесінен болып тұр, тіпті түсіне де таралып отыр.

◆ **Түннің ортасында ояңған кісіге, сүннет бойынша, мына зікірді оқығаны дұрыс:**

لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَحْدَهُ لَا شَرِيكَ لَهُ ، لَهُ الْمُلْكُ وَلَهُ الْحَمْدُ وَهُوَ عَلَى كُلِّ شَيْءٍ قَدِيرٌ ، الْحَمْدُ لِلَّهِ وَسُبْحَانَ اللَّهِ ، وَلَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ ، وَاللَّهُ أَكْبَرُ ، وَلَا حَوْلَ وَلَا قُوَّةَ إِلَّا بِاللَّهِ

Ол зікір Ғубада ибн Самиттің رضي الله عنه хадисінде келген: «Пайғамбар صلى الله عليه وسلم былай деді: «Түнде оянып қалған адам: ««Алладан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ. Ол Жалғыз әрі Оның серігі жоқ. /Бүкіл/ билік Онікі, әрі /барлық/ мақтау-мадақ Оған лайық. Әрі Оның күш-күдіреті барлық нәрсеге толық жетеді. Аллаға барлық мадақ-мақтаулар тән, әрі Алла /барлық кемшіліктерден/ Пәк! Алладан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ, Алла Ұлық, Алладан басқа ешкімде де күш пен қуат жоқ» (Лә иләһа иллә-Ллаһу уәхдәһу лә шәрикә ләһу, ләһу-л-мулку уә ләһу-л-хамду уә һууә ғалә кулли шәй-ин қадир. ӘлхамдулиЛләһи, уә субханаЛлаһи, уә лә иләһа иллә-Ллаһу, уә-ллаһу Акбар, уә лә хәулә уә лә қууәтә иллә би-Лләһ), - деп. Одан кейін: «Уа, Алла! Мені кешіре гөр!» десе, немесе дұға жасаса, дұғасы қабыл болады. Ал, егер таһарат алып, намаз оқыса, намазы қабыл болады» (әл-Бұхари, 1154).

Бұл хадисте екі үлкен сүйіншілеу бар. Егер түнде ұйқысынан оянып қалған адам мына зікірді айтса: «Алладан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ. Ол Жалғыз әрі Оның серігі жоқ. /Бүкіл/ билік Онікі, әрі /барлық/ мақтау-мадақ Оған лайық. Әрі Оның күш-күдіреті барлық нәрсеге толық жетеді. Аллаға барлық мадақ-мақтаулар тән, әрі Алла /барлық кемшіліктерден/ Пәк! Алладан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ, Алла Ұлық, Алладан басқа ешкімде де күш пен қуат жоқ» (Лә иләһа иллә-Ллаһу уәхдәһу лә шәрикә ләһу, ләһу-л-мулку уә ләһу-л-хамду уә һууә ғалә кулли шәй-ин қадир. ӘлхамдулиЛләһи, уә субханаЛлаһи, уә лә иләһа иллә-Ллаһу, уә-ллаһу Акбар, уә лә хәулә уә лә қууәтә иллә би-Лләһ) онда оған екі сүйінші бар:

Біріншісі: егер зікірден кейін «Уа, Алла! мені кешіре гөр!» десе, немесе дұға жасаса –дұғасы қабыл болады.

Екіншісі: тұрып, таһарат алып, намаз оқыса – намазы қабыл болады. Бізге осындай амалдардың артықшылықтарын берген Аллаға мадақ пен мақтаулар болсын! Және Одан амалымызда сәттілік сұраймыз!



Міне, осы сүннетпен «белгілі уақытта жасалатын сүннеттер» тақырыбын бітіреміз. Себебі, мына зікірден кейінгі келетін сүннеттер (уақыт бойынша) – біз олардан бастаған «ұйқыдан ояну сүннеттері» келеді. Айтып кеткеніміздей, біріншісі сиуактан басталып, одан кейін мына арнайы зікір келеді: **«Бізді өлтіргеннен соң /яғни өлімнің бауыры – ұйқыны жіберіп/ қайта тірілткен Аллаға мадақ-мақтаулар болсын! Әрі біз Оған қайтушымыз»** (*Әлхамду-лиЛләһи-лләзи ахйәнә бәъда мә әмәтәнә уә иләйһин-нушур*).







Белгілі уақыттары жоқ сүннеттер

Бұл күнделікті сүннеттерге қатысты екінші бөлім. Және мына тарау өте кең, онда әр түрлі жағдайларға, адамдарға, орын-жайларға байланысты және әр түрлі уақыт кезеңінде жасалатын көптеген қажетті сүннет амалдары бар.

Мен күндіз және түнде қайталанатын сүннетті келтіруге тырысамын, және Алла Тағаланың мені бағыттап, маған көмектесуін сұраймын.

Бұл бөлімдегі сүннеттердің бірінші тобы:

Ас ішумен байланысты сүннеттер



1 Ас ішуді Алланың атымен бастау.

Омар ибн Әбу Сәләмә رضي الله عنه: «Кішкентай кезімде Алла елшісінің қамқорлығында өскен едім. Бірде, /ас ішіп отырғанымызда/ қолымды /ортақ/ ыдыстың әрбір жеріне соза бердім. Сонда Алла елшісі صلى الله عليه وسلم маған: «Ей, балақай, Алланың атымен баста, оң қолыңмен же, және алдындағы тағамнан ал», - деді. Одан кейін тура осылай істейтін болдым», - деді (әл-Бұхари, 5376; Муслим, 2022).

بسم الله أوله وآخره

Ал, егер Алланың атын атамай бастап қойса, одан кейін есіне түсірсе, сүннет бойынша былай дейді: «Басында да, соңында да Алланың атымен» (Бисми-Лләһи фи әууәллиһи уә әхириһи).

Аиша анамыздың رضي الله عنها хадисінде, Алла елшісі صلى الله عليه وسلم былай деді: «**Біреулерің тамақтанса Алланың атымен бастасын. Ал, егер басында Алланың есімін атауды ұмытып кетсе, былай десін: «Басында да, соңында да Алланың атымен»** (Бисми-Лләһи фи әууәллиһи уә әхириһи)» (Әбу Дәуіт, 3767; әт-Тирмизи, 1858; және әл-Әлбани хадисті «сенімді» деді).

Сондай-ақ, хадисте адам шайтан секілді болмауы үшін оң қолымен жесін делінген. Мұсылман кісі егер Алланың атын атамай тамағын жесе, онда онымен бірге шайтан да тамақтанады. Ал, сол қолымен жесе,



бұнымен шайтанға ұқсас болады. Себебі, шайтан тамағын сол қолымен жейді, әрі сусынын да сол қолымен ішеді.

Бұл жөнінде:

Абдулла ибн Омардың رضي الله عنه хадисінде, Алла елшісі صلى الله عليه وسلم былай деді: **«Ешқайсың сол қолдарыңмен жейтін болмандар! Әрі ол қолмен сусын да ішпендер! Шын мәнінде, шайтан сол қолымен жейді, ішеді». Және Нафиъ: «Біреулерің сол қолмен бермесін де, алмасын», - сөздерін қосатын еді (Муслим, 2020).**

Шайтан адамдардың үйіне түнеу үшін және тағамдарын жеп, сусындарын ішу үшін кіргісі келіп, тырысып тұрады. Жәбір ибн Абдулла /ол екеуіне Алла разы болсын/ пайғамбардың صلى الله عليه وسلم былай деп айтқан сөздерін естіді: **«Егер адам үйіне кіріп, кірерде және тамақтанарда Алланың есімін атаса, шайтан өзінің атармандарына: «Сендерге түнейтін жер де, кешкі ас та жоқ», - дейді. Ал, егер адам үйіне кіріп, кірерде Алланың есімін атамаса, шайтан: «Түнейтін жер таптыңдар!» - дейді. Ал, егер тамақтанарда Алланың есімін атамаса, шайтан: «Түнейтін жерді де, кешкі асты да таптыңдар!» - дейді» (Муслим, 2018).**

2 Алдында тұрған тағамнан алу.

Бұл жөнінде Омар ибн Әбу Сәләмәнің رضي الله عنه хадисінде пайғамбардың صلى الله عليه وسلم: **«алдындағы тағамнан ал»** деген сөзін айтып кеткен болатынбыз.



3 Тағамның бір үзіндісі жерге құлап қалса, оны тазартып жеу.

Жәбірдің رضي الله عنه хадисінде, ол: **«Пайғамбардың صلى الله عليه وسلم былай деп айтқан сөзін естідім: «Шын мәнінде, шайтан адам не істесе де қасында жүреді. Тіпті тамақтанып отырғанда да. Егер біреулеріңнің тағамдарыңнан бір үзінді жерге құлап қалса, оны жабысып қалған /лас/ нәрселерден тазартып, одан кейін оны шайтанға қалдырмай, жеп қойсын. Ал, егер тамақтанып болса, саусақтарын жаласын. Негізінде, сендер тағамдарыңның қайсысында береке барын білмейсіңдер», - деді (Муслим, 2033).**

Осы хадисті терең ойланып, түсінген адам шайтанның адам не істесе де қасында жүріп, амалына араласуына қатты тырысатынын көреді. Өмірінің берекесін кетіріп, амалдарының көбісін бұзғысы келеді.

Шайтанның адамның соңынан қалмай, бүкіл амалдарына араласқысы келіп, тырысатынына пайғамбардың мына сөзі дәлел болады: **«Шын мәнінде, шайтан адам не істесе де қасында жүреді».**

4 Саусақтарды жалау.

Сүннет бойынша, тамақтанғаннан кейін саусақтарды жалау немесе біреуге, мысалы әйеліне, жалатқызу дұрыс болып есептеледі. Оның үстіне, сүннет бойынша, саусақтарда тағамның қалдықтары қалса, оларды жалаудан бұрын майлықпен сүртілмейді.

Бұл жөнінде, жоғарыда айтылып кеткен Жәбірдің رضي الله عنه хадисінде хабарланған.



Сондай-ақ, екі «Сахих» хадистер жинағында Ибн Аббастың /ол екеуіне Алла разы болсын/ хадисінде, пайғамбардың صلى الله عليه وسلم мына сөзі хабарланады: **«Біреулерің тамақтанса, қолын жаламай немесе жалатпай сүртпесін»** (әл-Бұхари, 5456; Муслим, 2033).

5 Ыдыста тағам қалдықтарын қалдырмау.

Мысалы: егер біреу күріш жесе, онда сүннетке сәйкес, ол жеген ыдыста тамақтың қалдықтары қалмауы керек. Ал егер онда тамақтан бір нәрсе қалса, онда оны (саусақпен және т.б.) тазарту керек. Мүмкін, тағамның соңғы бөлігінде береке жасырылған.



Бұл жөнінде: Әнәстің رضي الله عنه хадисінде, ол: «Пайғамбар صلى الله عليه وسلم ыдыстарымызды тазартып-сүртіндер деп бізге әмір етті», - деді (Муслим, 2034). Сондай-ақ, Муслимде келген Әбу Һурайраның رضي الله عنه хадисінде: **«Әрқайсысың ыдыстарыңды тазартып сүртсін»**, - делінеді (Муслим, 2035).



Шейх Ибн Усеймин /оған Алланың рахыметі болсын/ былай деді: «Бұл хадистің мағынасы: ыдыста қалып қойған тағамның қалдықтарын саусақтарыңмен жинап, жалап тазарту. Бұл да сүннет болып табылады. Бірақ, өкінішке орай, бұл сүннетке адамдардың көбісі немқұрай қарайды. Тіпті, білім іздеушілердің өзі» («Шарх риядус-салихин» 1/892 қара).

6 Үш саусақпен жеу.

Сүннет бойынша, үш саусақпен ұстай алатын тағамды, мысалы құрманы, үш саусақпен жеген дұрыс.

Бұл жөнінде: Каъб ибн Мәлик رضي الله عنه былай деді: «Алла елшісі صلى الله عليه وسلم үш саусақпен жейтін еді. Одан кейін қолын сүртпес бұрын, жалайтын еді» (Муслим, 2032).



7 Ыдыстан тыс үш рет дем алу.

Сүннет бойынша, сусынды ыдыстан үш бөліп ішу және әрбір бөліктен кейін дем алу керек.

Бұл жөнінде: Әнәс رضي الله عنه хадисінде, ол: «Алла елшісі صلى الله عليه وسلم / қандай да бір ыдыстан ішкен/ кезде, ол әдетте үш дем алып, дем шығарып ішетін, және: «/егер осылай ішсе/, ол шөлді жақсы қандырады, /денсаулық үшін/ пайдалы болады және жақсы сіңірілуіне көмектеседі», - дейтін еді». Әнәс رضي الله عنه: «Мен де солай істеймін», - деді (әл-Бұхари, 5631; Муслим, 2028).



Бұл жерде ыдыстан тыс дем алуды айтып отыр. Себебі, ыдыстың ішіне дем алып шығару – мәкруһ амал. Екі «Сахих» хадистер жинақтарында келген Әбу Қатаданың хадисінде айтылғандай: «Алла елшісі صلى الله عليه وسلم былай деді: «Біреулерің сусын ішетін болса, ыдыстың ішіне дем алмасын»» (әл-Бұхари, 5630; Муслим, 267).

8 Тамақтанғаннан кейін Алла Тағалаға мадақ-мақтаулар айту.

Бұл сүннет жөнінде:

Әнәс ибн Мәликтің رضي الله عنه хадисінде, ол: «Алла елшісі صلى الله عليه وسلم былай деді: «Шын мәнінде, Алла Тағала, тамақ жегеннен кейін Оған мадақ-мақтаулар айтатын және сусын ішкеннен кейін Оған мадақ-мақтаулар айтатын пендеге разы болады», - деді (Муслим, 2743).



Мақтау айтудың бірнеше нұсқалары бар. Олардан:

1> الْحَمْدُ لِلَّهِ كَثِيرًا طَيِّبًا مُبَارَكًا فِيهِ غَيْرَ مَكْفِيٍّ ، وَلَا مُدَوِّعٍ ، وَلَا مُسْتَعْفَى عَنْهُ رَبَّنَا

«Аллаға көп, игі, берекелі, әрдайым жиі айтылатын, үздіксіз, біз оған әрдайым мұқтаж болатын мақтаулар болсын. Уа, Раббымыз!» (Әлхамду ли-Лләһи кәсиран тайибән мубәракән фиһи, ғайрә мәкфи-йин, уә лә муәддәъин, уә лә мустағнан ғанһу! Раббәнә!) (әл-Бұхари, 5458).

2> الْحَمْدُ لِلَّهِ الَّذِي كَفَّانَا وَأَرْوَانَا غَيْرَ مَكْفِيٍّ ، وَلَا مَكْفُورٍ

«Қажеттіліктерімізді беріп, шөлімізді қандырған, ешкімге де мұқтаж емес, нығметтеріне шүкіршілік етілетін Алла Тағалаға мадақ-мақтаулар болсын» (Әлхамду ли-Лләһи-лләзи кәфәнә уә әруәнә ғайрә мәкфи-йин, уә лә мәкфурин) (әл-Бұхари, 5459).

9 Үстел басына жиналу.

Сүннет бойынша, ас ішу үшін, бөлек отырмай, үстел басына жиналған дұрыс.

Бұл туралы Жәбір ибн Абдулланың / ол екеуіне Алла разы болсын/ хадисінде, ол: «Алла елшісінің صلى الله عليه وسلم былай дегенін естідім: «Бір адамның тамағы екеуіне жетеді, екі адамның тамағы төртеуіне жетеді, ал, төрт адамның тамағы сегізіне жетеді», - деді (Муслим, 2059).





10 Ұнап қалған тағамды мақтау.

Сүннет бойынша, ұнап қалған тағамды мақтаған дұрыс. Және, күмәнсіз, тағамды оның ішіндегі азық үшін мақтайды.

Бұл туралы Жәбір ибн Абдулланың رضي الله عنه хадисінде, пайғамбар صلی الله علیه وسلم отбасынан дәмдеуіш сұрағаны хабарланады. Олар: «Бізде сірке суы ғана бар», - деді. Сонда сол сірке суын сұрады. Одан кейін онымен бірге жей бастады да: **«Сірке су – қандай керемет дәмдеуіш, сірке су – қандай керемет дәмдеуіш!»** - деді (Муслим, 2052). Хадистегі «сірке суы» сол уақыттардағы дәмдеуіш түрлерінің бірі еді, және ол қазіргі заманның сірке сулары секілді қышқыл емес, дәмі тәтті болған.

Шейх Ибн Усеймин /оған Алланың рахыметі болсын/ былай деген: «Міне, бұл да пайғамбарымыздың صلی الله علیه وسلم көрсеткен жолынан болып тұр. Егер тағамды ұнатқан болса, оны мақтайтын еді. Мысалы, егер нанды мақтағаның келсе, «Пәленшенің наны өте керемет!» деп немесе сол секілді сөздер айтқаның. Міне, бұл да Алла елшісінің صلی الله علیه وسلم сүннеті» («Шарх риядус-салихин» 2/1057).

Қазіргі заманды ойлансақ, көптеген адамдардың пайғамбарымыздың صلی الله علیه وسلم сүннетіне қарсы келгендерін көреміз. Олар тек қана сүннетті қалдыруменен шектелмей, оған қарсы шықты. Бұл қарсы шығулары – кей кездерде тағамды айыптап, оны жамандауларында. Ал, олай істеу – пайғамбарымыздың صلی الله علیه وسلم жолына кері амал болып саналады. Екі «Сахих» хадистер жинағында, Әбу Һурайраның رضي الله عنه хадисінде, ол былай деген: «Пайғамбар صلی الله علیه وسلم ешқашан тағамды жамандаған емес! Егер ұнатқан болса, оны жейтін. Ал, егер ұнатпаса – жемей қалдыратын» (әл-Бұхари, 3563; Муслим 2064).

11 Тамақтандырған кісі үшін дұға жасау.

اللَّهُمَّ بَارِكْ لَهُمْ فِي مَا رَزَقْتَهُمْ ، وَاعْفُ عَنْهُمْ ، وَارْحَمَهُمْ

Бұл туралы Абдулла ибн Бусрдің رضي الله عنه хадисінде, ол: «Алла елшісі صلی الله علیه وسلم әкемнің үйіне дем алып тоқтаған еді. Біз оған тағамын және құрмадан дайындалған астың түрін /уатба/ ұсындық. Пайғамбар ол астан алды, одан кейін құрма алып келдік. Одан да жеді. Құрманың сүйекшелерін сұқ пен орта саусақтарының арасына қойып лақтырып отырды. Одан кейін сусын әкелінді, оны ішті де оң жақта отырғанға берді. Сонда әкем пайғамбардың аяқ артар жануарының жүгенін ұстап: «Біз үшін Алла Тағаладан дұға сұрашы», - деді. Пайғамбарымыз: «Уа,

Алла! Мыналарға берген ризықтарыңда береке бер. Оларды кешіре гөр! Оларға рахымшылығыңды таныта гөр!» (Аллаһумма, барик ля-һум фи-ма разақ-та-һум, уә-ғфир лә-һум уә-рхам-һум!) - деп дұға қылды», - деді (Муслим, 2042).

12 Сол жақта отырған кісіден бұрын алдымен оң жақта отырған кісіні сусындырған жақсы.

Яғни, адам ыдыстан ішкеннен кейін, сүннет бойынша, сусынды оң жақтағы кісіге бергені дұрыс.

Бұл туралы Әнәс ибн Мәликтің رضي الله عنه хадисінде айтылған. Ол былай деп баяндайды: «Алла елшісі صلى الله عليه وسلم біздің үйімізге келіп, сусын сұрады. Біз ол үшін қойымызды саудық. Сосын, мен міне мына құдығымнан су шығарып /сүт пен суды араластырып/ Алла елшісіне صلى الله عليه وسلم ұсындым. Алла елшісі сусыннан ішкенде, сол жағында Әбу Бәкір, ал алдында Омар, оң жағында бәдәуи /көшпелі араб/ тұр еді. Алла елшісі ішіп болғаннан кейін Омар Әбу Бәкірге көрсетіп: «Уа, Алла елшісі, міне – Әбу Бәкір», - деді. Бірақ, Алла елшісі صلى الله عليه وسلم Әбу Бәкір мен Омарды қалдырып, ыдысын бәдәуи арабқа берді. Одан кейін Алла елшісі صلى الله عليه وسلم: **«Оң жақтағылар! Оң жақтағылар! Оң жақтағылар!»**, - деді». Әнәс رضي الله عنه: «Міне, бұл – сүннет, бұл – сүннет, бұл – сүннет», - деді. (әл-Бұхари, 2571, Муслим, 2029).

13 Басқаларды сусындаушы ең соңғы болып ішеді.

Сүннет бойынша, жамағатты сусындырған ең соңғы болып ішеді.

Бұл туралы Әбу Қатаданың رضي الله عنه ұзын хадисінде баяндалған. Онда: «... Сонда Алла елшісі صلى الله عليه وسلم сусынды құйып отырды. Ал мен болсам, ыдысты адамдарға беріп отырдым. Барлығы ішіп болған соң, ішпеген мен және Алла елшісі صلى الله عليه وسلم ғана қалдық. Алла елшісі صلى الله عليه وسلم ыдысқа сусын құйып, маған: **«Іш»**, - деді. Мен: «Уа, Алла елшісі! Сіз ішпейінше, мен ішпеймін», - дедім. Ол болса: **«Қауымды сусындырған – ең соңғы болып ішеді»**, - деді. Бұны естіп, мен іштім, ал, менен кейін Алла елшісі صلى الله عليه وسلم ішті...», - делінеді (Муслим, 681).





Пайдалы мәлімет: Сүннет бойынша, адамның сүт ішкеннен кейін ауызын сумен шайғаны дұрыс. Сүттен қалған ауызындағы майлылығын кетіру үшін. **Бұл туралы** Ибн Аббастың /ол екеуіне Алла разы болсын/ хадисінде айтылған: «Пайғамбар صلى الله عليه وسلم сүт ішкеннен кейін, су сұрады. Сумен ауызын шайып: «Негізінде, сүттің майлылығы бар», - деді» (әл-Бұхари, 211; Муслим, 358).

14 Түн бата бастағанда, Алланың есімін атап ыдыстардың бетін жабу.

Сүннет бойынша, түн бата бастағанда ашық тұрған ыдыстардың беттерін және сусын құйылып тұрған саба немесе шынылардың ауыздарын, олар жабылса, Алланың есімін атап жапқан дұрыс.



Бұл жөнінде Жәбір ибн Абдулланың / ол екеуіне Алла разы болсын/ хадисінде, ол: «Алла елшісінің صلى الله عليه وسلم былай деп айтқанын естідім: «**Ыдыстарыңның беттерін және бөрдектеріңнің ауыздарын жабыңдар. Шын мәнінде, жылда бір түн бар. Ол түнде оба түседі. Ашық тұрған ыдыстардың немесе бөрдектердің қасынан өтпей, ішіне түседі**», - деді (Муслим, 2014). Және әл-Бұхариде келген Жәбірдің /ол екеуіне Алла разы болсын/ хадисінде: «**Бөрдектеріңнің аузын Алланың атын атап жабыңдар! Ыдыстарыңның беттерін Алланың атын атап жабыңдар! Олардың үстіне бірдеңе қойсаңдар да!**», - деп айтылады (әл-Бұхари, 5623).

Сәлемдесу, кездесу және отырыстарға байланысты сүннеттер



1 Сәлемдесу – сүннет болып табылады.

Оның сүннет екені туралы көп, әрі егжей-тегжейлі түрде келген дәлелдер бар. Олардан: Әбу Һурайрадан رضي الله عنه келген хадисте Алла елшісінің صلى الله عليه وسلم былай деп айтқаны келтіріледі: **«Мұсылманның мұсылман бауырының алдында алты міндеті бар»**. Сонда: «Уа, Алла елшісі, ол қандай міндеттер?», - деп сұралды. Ол: **«Егер оны кездестірсең – онымен сәлемдес, ол сені шақырғанда – бар, сенен насихат /кеңес/ сұраса – насихатыңды бер, түшкіріп Аллаға мақтаулар айтса – оған жақсылық тіле, ауырып қалса – зиярат ет, ал егер өмірден озса – оны /соңғы сапарына/ шығарып сал»**, - деді (Муслим, 2162).

Сәлемге жауап беру – уәжіп. Бұған дәлел:



Алла Тағаланың мына айтқан сөзі: {Қашан сендерге қандай да бір амандасу сөзімен сәлем берілсе, сендер одан жақсысымен жауап беріңдер немесе сол сәлемнің өзін қайтарындар. Анығында, Алла – әрбір нәрсенің есебін алушы} (Ниса: 86).

Уәжіп болған әмір, негізінде, кері үкім дәлелденбесе, уәжіп болып қала береді. Ал, сәлемге жауап беру – уәжіп екенін көптеген ғұламалар «ижмә» /бірауызды пікір/ ретінде айтып кеткен, олардың ішінде: Ибн Хазм, Ибн Абдульбарр, шейх Такиюддин және т.б. олардың барлығына Алланың рахыметі болсын («Әл-әдәб әш-шаръия» 1/356, «Муәссәсә әр-рисәлә» баспасы, қара).

السلام عليكم ورحمة الله وبركاته

Сәлемнің және оған жауап берудің ең абзал, әрі ең кәміл нұсқасы: «Сізге Алланың сәлемі, рахыметі және берекесі болсын!» (*Әссәләму ʔаләйкум уә рахматуллаһи уә баракәтуһ*). Міне, мұндай сәлем ең кәміл, әрі ең жақсы амандасу.

Ибн әл-Қайим /оған Алланың рахыметі болсын/: «Пайғамбардың нұсқауы – сәлемді «берекесі болсын» (*баракәтуһ*) сөзіне тоқтау еді», - деді («Зәд әл-Миғад» 2/417 қара).

Сәлемді тарату – сүннет, оған қоса жай ғана сүннет емес, бұл амал үлкен қасиет-артықшылығымен оны істеуге ынталандыратын сүннет. Әбу Һурайраның *رضي الله عنه* хадисінде айтылғандай, Алла елшісі *صلى الله عليه وسلم*: «**Жаным Оның қолындағымен ант етемін! Сендер иман келтірмейінше жәннатқа кірмейсіңдер. Бірақ, бір-біріңді жақсы көрмейінше иман келтірмейсіңдер. Бір-біріңді жақсы көріп кететіндей бір амалды сендерге көрсетейін бе? Араларында сәлемді таратындар!**», - деді (Муслим, 54).

2 Егер қажет болса, сәлемді үш рет қайталау.

Мысалы, егер сәлем беретін адам сәлем берілген адамы естіді ме, естімеді ме деп күмәнданып қалса екінші рет қайталап, ал сәлем берілген адам мүлдем естімей қалса үшінші рет сәлем сөздерін қайталаған жөн. Сондай-ақ, егер сәлем беретін адам көпшілік жиналған жиналысқа кірген болса, оны тек кіре берістің жанында тұрғандар ғана естуі мүмкін, сондықтан да жиналысқа қатысушылардың барлығын қамту үшін оған сәлемдесу сөзін үш рет қайталау қажет.

Бұл туралы Әнәстың رضي الله عنه хадисінде айтылған: «Пайғамбар صلى الله عليه وسلم сөйлеген кезінде, оны /жақсылап/ түсінуі үшін сөзін үш рет қайталайтын. Ал, егер бір қауымға келіп сәлемдесе, сәлемін үш рет қайталайтын еді» (әл-Бұхари, 95).

Әнәстың رضي الله عنه хадисінен: қажет болса, сөзді үш рет қайталаудың сүннет амалдарынан екені алынады. Мысалы, адам сөйлеп жатқан кезінде, біреу сөзін түсінбей қалса, сүннет бойынша оны екінші рет, сонда да түсінбей жатса үшінші рет қайталаған дұрыс.

3 Білетіндерге де, білмейтіндерге де сәлем айту.

Абдулла ибн Амрдың /ол екеуіне Алла разы болсын/ хадисінде: «Бірде, бір кісі Алла елшісінен صلى الله عليه وسلم былай деп сұрады: «Ең жақсы Ислам қандай?» - деп. Сонда пайғамбарымыз: **«Біреуді тамақтандырғаның және білетіндерге де білмейтіндерге де сәлем сөздерін айтқаның»**, - деді (әл-Бұхари, 12; Муслим, 39).

4 Кім бірінші болып сәлемдесетіні туралы сүннет.

Әбу Һурайрадан رضي الله عنه: «Алла елшісі صلى الله عليه وسلم былай деді: **«Салт атты жаяу жүргенге /бірінші болып/ сәлем береді, жаяу жүруші отырған кісіге сәлем береді және аз адам көпшілікке сәлем береді»** (әл-Бұхари, 6233, Муслим, 2160). Және әл-Бұхариде келген риуаятта: **«Кішкентайы үлкеніне, өтіп бара жатқан кісі отырғанға, аз адам көпшілікке /бірінші болып/ сәлем береді»**, - деп айтылған (әл-Бұхари, 6234).

Кіші үлкенмен бірінші болып сәлемдесуі – негіз болып табылады. Алайда, егер үлкені кішімен немесе жаяу жүруші салт аттымен бірінші болып сәлемдесе, онда бұл іс-әрекет амалдардың ең жақсы түріне сәйкес келмесе де, жаман немесе жағымсыз ештеңесі жоқ.

5 Кішкентайлармен сәлемдесу.

Әнәс ибн Мәликтің رضي الله عنه хадисінде, ол: «Алла елшісімен صلى الله عليه وسلم бірге жүргенімде, ол صلى الله عليه وسلم кішкентай балалардың қасынан өтіп бара жатып, оларға сәлем сөздерін айтты», - деді (әл-Бұхари, 6247; Муслим, 2168).






Балаларға сәлем жолдай отырып, мүмін оларды осы әдетке үйретеді және олардың жүректерінде осы сүннетке деген сүйіспеншілік оятады. Сондай-ақ балаларға бірінші болып сәлем беру – қарапайымдылықтан.

6 Үйге кірерде сәлем сөздерін айту.

Үйге кірерде сәлем сөздерін айту – жалпы сәлем таратуға кіреді. Оны сиуақ қолданғаннан кейін айту керек. Себебі, үйге кірерде сиуақты қолдану – сүннет амалдарынан болып тұр. Және бұл сиуақты қолданудың, сүннет бойынша, төртінші жері. Муслимде келген Аиша анамыздың رضي الله عنها хадисінде айтылғандай: «Пайғамбар صلى الله عليه وسلم



үйге кіргенде бірінші кезекте сиуақты қолданды» (Муслим, 253). Адам үйге кіргенде сиуақпен тісін тазалайды, одан кейін үй ішіндегілермен сәлемдеседі. Кейбір ғалымдар: «Сүннет бойынша, үйге кірген кезде сәлем сөздерін айту керек, қандай да үй болмасын, тіпті үйде ешкім болмаса да. Алла Тағала айтқандай: **{Қашан үйлерге кірсеңдер, өздеріңе /бір-біріңе/ Алла тарапынан көркем берекет тіршілігін тілеп, сәлем беріңдер! Осылайша Алла, сендерге аяттарын ашық баян етеді. Әрине түсінерсіңдер}** (Нур: 61)», - деген.

Ибн Хажар /оған Алланың рахыметі болсын/ былай деген: «Жалпы сәлемді таратуға - ешкімі жоқ жерге /үйге/ кірсе де, өз-өзіне сәлем беруі де жатады. Алла Тағаланың айтқанындай: **{Қашан үйлерге кірсеңдер, өздеріңе /бір-біріңе/ Алла тарапынан көркем берекет тіршілігін тілеп, сәлем беріңдер!}**» («Фатхуль-бари», 6235 хадис, Сәлемді тарату бөлімі, қара).

Пайдалы мәлімет: Жоғарыда айтылғандардан, сүннет бойынша, үйге кірерде үш әрекетті жасаған жөн:

- 1> **Біріншісі:** Алла Тағаланың атын атау, әсіресе, түнде.

Жәбір ибн Абдулла /ол екеуіне Алла разы болсын/ хадисінде айтылғандай: ол пайғамбардың صلى الله عليه وسلم былай деп айтқан сөздерін естіді: «Егер адам үйіне кіріп, кірерде және тамақтанарда Алланың есімін атаса, шайтан өзінің атармандарына: «Сендерге түнейтін жер де, кешкі ас та жоқ», - дейді. Ал, егер адам үйіне кіріп, кірерде Алланың есімін атамаса, шайтан: «Түнейтін жер таптыңдар!» - дейді.



Ал, егер тамақтанарда Алланың есімін атамаса, шайтан: «Түнейтін жерді де, кешкі асты да таптыңдар!» - дейді» (Муслим, 2018).

2> **Екіншісі:** Сиуак. Жоғарыда Аиша анамыздың رضي الله عنه хадисінде айтылған болатын. Және ол хадис қай кітаптарда келгенін де атап кеттік.

3> **Үшіншісі:** Үй ішіндегілермен сәлемдесу.

7 **Егер адам бір үйге кірсе, бірақ, араларында ұйықтап жатқандар болса, оларды оятпау үшін сәлемдесу сөздерін дауыстамай айтуы керек.**

Міне, осылай пайғамбар істейтін еді. Микдад ибн әл-Әсуәдтің رضي الله عنه хадисінде айтылғандай: «...сауатын едік. Және әрбір кісі бізден сүт үлесін алатын еді. Пайғамбардың صلى الله عليه وسلم сүт үлесін біз қалдырып отырдық. Ол болса, түнде келіп, ұйықтап жатқандарды оятпайтындай, бірақ, ояу адам еститіндей сәлем беретін» (Муслим, 2055).

8 **Біреу арқылы сәлем айту.**

Біреу арқылы сәлем айту да сүннет болып табылады. Мысалы, біреу саған: «Пәленшеге менен сәлем айт» десе, сүннет бойынша, ол сәлемін сәлем айтқан кісіге жеткізу керек.

Бұл туралы, Аиша анамыздың رضي الله عنها хадисінде, пайғамбардың صلى الله عليه وسلم оған былай деп айтқаны хабарланады: **«Расында, Жәбірейіл саған сәлем айтып жатыр»**. Аиша: «Оған да Алланың сәлемі мен рахымшылығы болсын!», - деді. (әл-Бұхари, 3217; Муслим, 2447).

Хадисте сәлемді жеткізу керек екені айтылған, пайғамбарымыз صلى الله عليه وسلم Жәбірейілдің сәлемін жеткізгендей. Сондай-ақ, біз бұл хадистен біреу арқылы сәлем айтудың сүннет екенін білеміз.

9 **Бір жиналыс немесе отырысқа кіргенде сәлемдесу және одан шыққанда да сәлем сөздерін айтып шығу.**

Әбу Һурайраның رضي الله عنه хадисінде, ол: «Алла елшісі صلى الله عليه وسلم былай деді: **«Біреулерің жиналысқа кірсе, отырғандармен сәлемдессін. Тұрып кеткісі келсе де сәлемдессін. Екіншісі біріншіден кем емес»**, - деді (Ахмад, 9664; Әбу Дәуіт, 5208; әт-Тирмизи, 2706; әл-Әлбани хадистің сенімділігін растады «Сахих әл-Жамиъ» 1/132).



10 Кездесу барысында сәлемдескенде қол ұстасып амандасу.

Былай пайғамбарымыздың сахабалары رضي الله عنهم істеген. Бұған дәлел: Қатаданың رضي الله عنه хадисінде, ол: «/Бірде/ Мен Әнәстан: «Пайғамбар сахабаларының арасында қол ұстасу болды ма екен?» - деп сұрадым. Ол: «Иә», - деді» (әл-Бұхари, 6263).



11 Кездесу кезінде күлімсіреп, жылы шыраймен сөйлесу.

Әбу Заррдың رضي الله عنه хадисінде, ол: «Маған пайғамбар صلى الله عليه وسلم былай деп айтты: «Жақсы амалдардың біреуіне де кішкентай амал деп елемей, немқұрай қараушы болма! Тіпті, /ол амалдардың ішінде/ бауырыңды жылы шыраймен қарсы алғаның болса да», - деді (Муслим, 2626). Сондай-ақ, әт-Тирмизиде келген Әбу Заррдың رضي الله عنه хадисінде, Алла елшісінің صلى الله عليه وسلم былай деп айтқаны хабарланады: «Бауырыңның жүзіне күлімсіреуің, сен үшін садақа» (әт-Тирмизи, 1956; әл-Әлбани хадистің сенімділігін растады («Әс-сахиха» 572).



12 Жақсы сөз айту – садақа.

Кездесу кезінде, жиналыстарда немесе кез-келген басқа жағдайда да жақсы сөз айту – сүннет, әрі садақа болады.

Бұл туралы: Әбу Һурайраның رضي الله عنه хадисінде, ол: «Алла елшісі صلى الله عليه وسلم: «Жақсы /игі/ сөз – садақа», - деді» (әл-Бұхари, 2989, Муслим, 1009).

Көбінесе адамдардың аузынан көп жақсы, әрі игі сөздерді естуге болады, ал егер олар (сауапты іс деп) ниеттеніп сөйлейтін болса еді, ол үшін көптеген сауапқа ие болар еді. Өйткені жақсы сөз – садақа. Әрі, осы садақалардан мол пайда табар еді.

Шейх Усеймин /оған Алланың рахыметі болсын/ былай деді: «Жақсы сөздерге, мысалы біреуден: «Қалайсың?», «Қалың қалай?», «Аға-інілерің қалай?»»,



«Отбасың қалай?» деп сұрғаның, және сол секілді сөздер де жатады. Себебі, жақсы сөздер – адамдарда қуаныш сезімін тудыратын сөздер. Әрбір жақсы сөз – Алланың алдындағы саған садақа, сый, әрі сауап» («Рияд ас-салихин» кітабының түсіндірмесі 2/996, «Кездесуде жақсы сөз айтып, көңілді және жылы шырайлы сөздерді айтқан жөн» бөлімін кара).

13 Жиналыс-отырыстарда Алланы еске алу.

Алланы еске алатын жиналыстардың қадір-қасиетін көрсететін хадистер және ол амалға шақыратын арнаулар көп. Олардан Әбу Һурайраның رضي الله عنه хадисі келтіріледі, онда ол: «Алла елшісі былай деді: **«Шынында, Алланы еске алуды іздейтін періштелер бар, және олар Алланы еске алатын адамдарды тапқанда, бір-біріне: «Іздегендеріңе барыңдар», - дейді. Олар /осындай адамдарды/ қанаттарымен /бүкіл кеңістікті толтыра отырып/ дүние аспанына дейін қоршап алады...»**, - деді» (әл-Бұхари, 6408; Муслим, 2689).



14 Жиналыстың соңында /жиналыс үшін/ өтеу дұғасын оқу.

سُبْحَانَكَ اللَّهُمَّ وَبِحَمْدِكَ أَشْهَدُ أَنْ لَا إِلَهَ إِلَّا أَنْتَ، أَسْتَغْفِرُكَ وَأَتُوبُ إِلَيْكَ

Әбу Һурайраның رضي الله عليه وسلم хадисінде, ол: «Алла елшісі صلى الله عليه وسلم былай деді: **«Кімде-кім жиналыста отырып, ол жиналыста шу көбейіп кетсе, тұрып кеткісі келсе, тұрардан бұрын: «Уа, Алла! Сен Пәксің және бүкіл мадақ Саған! Сенен басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ екеніне куәлік беремін, Сенен кешірім сұраймын және Саған тәубе етемін»** (Субханә-кә-Ллаһумма, уә бихамди-кә, әшһәду әллә иләһә иллә Әнтә, әстәғфирукә уә әтүбу иләйк), - деп айтса, оған отырысында болған барлық нәрсе кешіріледі», - деді (әт-Тирмизи, 3433; әл-Әлбани хадистің сенімділігін растады «Сахих әл-Жамиъ» 2/1065).



Киімге және әшекейлерге байланысты сүннеттер



1 Аяқ киімді оң аяқтан бастап кию.

Сүннетке сәйкес, егер мұсылман аяқ киімін кигісі келсе, ол оң жақтан бастайды, ал егер оларды шешкісі келсе, керісінше сол жақтан бастайды.

Бұл жөнінде: Әбу Һурайраның رضي الله عنه хадисінде, Алла елшісінің صلى الله عليه وسلم былай деп айтқаны хабарланады:

«Қайсыбірің болмасын аяқ киімін киерде алдымен оң аяғынан бастап киің. Ал шешкенде сол аяқтан бастасын. Осылайша, оң аяқ алдымен киіліп, соңынан шешілетін болсын» (әл-Бұхари, 5856).



Және Муслимде келген хадисте: «Қайсыбірің болмасын бір ғана аяқ киімін киіп жүрмесін. Екеуін бірдей киің немесе екеуін де шешіп тастасын», - делінеді (Муслим, 2097).



Бұл екі хадис үш сүннетті қамтиды:



1 Аяқ киімді кигенде оң аяқтан бастау.



2 Аяқ киімді шешкенде сол аяқтан бастау.



3 Аяқ киімнің біреуімен ғана жүрмеу үшін, екеуін де кию немесе екеуін де шешіп тастау.



2 Ақ түсті киімдерді кию.

Ақ түсті киімдерді кию – сүннет амалдарынан болып табылады. Ибн Аббастың /ол екеуіне Алла разы болсын/ хадисінде: «Алла елшісі **صلی الله علیه وسلم**: **«Киімдеріңнің ақ түстісін киіңдер. Шын мәнінде, ондай киімдер – киімдердің ең жақсылары. Және дүниеден озғандарыңды сол түске орандар»,** - деді», - деп хабарланады (Ахмад, 2219; Әбу Дәуіт, 3878; әт-Тирмизи, 994; әл-Әлбани хадистің сенімділігін растады «Сахих әл-Жамиъ» 1/267).



Шейх Усеймин /оған Алланың рахыметі болсын/ былай деді: «Бұл кез-келген ақ киімге қатысты болады, мысалы, көйлек, шалбар және басқа киімдер. Барлық киім ақ болғаны абзал, себебі бұл - ең жақсы киімдер. Алайда, егер адам басқа түсті киім кесе, оның ешқандай жамандығы жоқ» (Шейх Ибн Усейминнің «Риядус-салихин» кітабының түсіндірмесі 2/1087).



3 Әтір қолдану.

Әнәстің **رضي الله عنه** хадисінде айтылғандай: «Алла елшісі **صلی الله علیه وسلم** былай деді: «Дүниеде маған әйелдер мен хош иісті сулар /әтірлер/ сүйкімді етілді. Ал, намаз көзімнің қуанышы болды»» (Ахмад, 12293; ән-Нәсәи, 3940; әл-Әлбани «Сахих ән-Нәсәи» кітабында бұл хадисті «жақсы сенімді хадис» деді).





Ал, «**Маған сендердің дүниелеріңнен үш нәрсе сүйкімді етілді**» сөздері бар хадис – әлсіз хадис болып табылады.

Пайғамбар **صلی اللہ علیہ وسلم** өзінен жағымсыз иіс шыққанын жақсы көрмеген. Әл-Бұхариде келген Аиша анамыздың **رضي الله عنها** хадисінде, ол кісі: «Алла елшісі **صلی اللہ علیہ وسلم** өзінен жағымсыз иіс шыққанын жақсы көрмеген», - деді (әл-Бұхари, 6972). Яғни, хош иіс емес шыққанын жақсы көрмеді.

4 **Әтірді біреу сыйласа, оны қайтару – мәкруһ.**

Әнәстің **رضي الله عنه** хадисінде айтылғандай: «Пайғамбар **صلی اللہ علیہ وسلم** әтірді /біреу сыйлағанда/ қайтармаған еді» (әл-Бұхари, 2582).

5 **Шашты тарағанда оң жақтан бастау.**

Сүннет бойынша, шашты тарағанда бірінші оң жақтан бастап, одан кейін сол жақтағы шашын тараған дұрыс.

Бұл жөнінде:

Аиша анамыздың **رضي الله عنها** хадисінде: «Пайғамбар **صلی اللہ علیہ وسلم** аяқ киімін кигенде, шашын тарағанда, таһарат алғанда және амалдарының барлығында оң жақтан бастауды ұнататын», - деген (әл-Бұхари, 168; Муслим, 268).



Түшкіру мен есінеумен байланысты сүннеттер



Түшкіру сүннеттері:

- 1 Түшкірген адамның «Аллаға мадақ-мақтаулар болсын» (Әлхамду ли-Лләһ) деп айтуы.

الْحَمْدُ لِلَّهِ / يَرْحَمُكَ اللَّهُ / يَهْدِيْكُمْ اللَّهُ ، وَيُصْلِحْ بِالْكُمْ

Әбу Һурайраның رضي الله عنه хадисінде, пайғамбардың صلى الله عليه وسلم былай деп айтқан сөзі жеткізіледі: «Егер сендерден біреуің түшкірсе: «Аллаға мадақ -мақтаулар болсын!» (Әлхамду ли-Лләһ), - десін. Әрі оның (Алланы мадақтағанын естіген) бауыры немесе жанындағы жолдасы: «Алланың саған рахымы болсын» (Йәрхаму-ка-Лләһ), - деп айтсын. Ал егер ол: «Саған Алланың рахымы болсын» (Йәрхаму-ка-Лләһ), - деп айтса, онда түшкірген кісі оған былай деп жауап қайтарсын: «Алла сізді тура жолға бастап, істеріңізді тәртіпке келтірсін!» (Йәһди-қуму-Лләһу уә юслиху бәләқум!)» (әл-Бұхари, 6224).

الْحَمْدُ لِلَّهِ عَلَى كُلِّ حَالٍ

Сондай-ақ, түшкірген кісі кей-кезде «Барлық жағдайларда да Аллаға мақтаулар болсын!» (Әлхамду ли-Лләһи ғалә кулли хәл) сөзін, жоғарыда аталып кеткен сөзбен кезектестіріп айтқаны да сүннет болады. Себебі,



Әбу Дәуіт келтірген хадисте былай деп айтылады: **«Егер сендерден біреуің түшкірсе: «Барлық жағдайларда да Аллаға мақтаулар болсын!»** (Әлхамду ли-Лләһи ғалә кулли хәл) – десін» (Әбу Дәуіт, 5031; Ибн әл-Қайим /оған Алланың рахыметі болсын/ «Зәд әл-Миъад» есімді еңбегінде бұл хадис жөнінде «Иснәді сенімді» деген 2/436).

يَرْحَمُكَ اللَّهُ / يَهْدِيكَمُ اللَّهُ ، وَيُصْلِحْ بَالَكُمْ

Ал жанындағы жолдасы: **«Алланың саған рахымы болсын»** (Йәрхаму-ка-Ллаһ), - деп айтсын. Сонда түшкірген кісі, сүннет бойынша, оған былай деп жауап қайтарады: **«Алла сізді тура жолға бастап, істеріңізді тәртіпке келтірсін!»** (Йәһди-куму-Ллаһу уә юслиху бәләкум!)). Бұның барлығына айтылып кеткен Әбу Һурайраның رضي الله عنه хадисі дәлел болады.

2 Сүннетке сәйкес, түшкіріп Алла Тағаланы мадақтамаған адамға ештеңе айтылмау керек.

Түшкіріп, Алла Тағаланы мадақтамаған кісіге жақсы тілектер айтудың қажеті жоқ. Керісінше, сүннет бойынша оған ештеңе айтылмауы керек. Өнәстің رضي الله عنه хадисінде айтылғандай: «Бірде, пайғамбардың صلى الله عليه وسلم қасында екі кісі түшкірген болатын. Сонда пайғамбар صلى الله عليه وسلم біріне: **«Алланың саған рахымы болсын»**, - деп айтады, ал екіншісіне айтпайды. Сонда әлгі кісі: «Уа, Алла елшісі! Мына кісі түшкіргенде сіз оған: **«Алланың саған рахымы болсын»**, - дедіңіз, ал мен түшкіргенімде, маған олай деген жоқсыз», - дейді. Пайғамбар صلى الله عليه وسلم: **«Негізінде, ол Аллаға мақтаулар айтты. Ал, сен болсаң, Аллаға мақтаулар айтқан жоқсың»**, - дейді» (әл-Бұхари, 6225). Бұл пайғамбардың صلى الله عليه وسلم амалы, ал сөзіне келетін болсақ, Мұслимде келген Әбу Мусаның رضي الله عنه хадисінде, ол: «Алла елшісінің صلى الله عليه وسلم былай деп айтқан сөзін естідім: «Біреулерің түшкіргеннен кейін Аллаға мақтаулар айтса, оған: **«Алланың саған рахымы болсын»**, - деңдер. Ал, егер Аллаға мақтаулар айтпаса, оған айтпаңдар»», - деді (Мұслим, 2992).

Алайда, тәрбиелеу және оқыту мақсатында, мысалы, егер әкесі баласын немесе ұстаз шәкірттерін тәрбиелейтін болса, онда: ««Аллаға мақтаулар болсын» (Әлхамду ли-Лләһ) деп айт», - деп айту керек, осылайша оған осы сүннетті үйрету болады. Мүмкін, ол олай айту сүннет екенін білмейтін шығар.



Сондай-ақ, егер адамға суық тиіп, түшкіре берсе, онда біз оған алғашқы үш рет: «Алланың саған рахымы болсын» деп айтамыз /егер ол Алланы мадақтаған болса/. Үшінші рет айтқаннан кейін бұл сөздер оған айтылмайды.

Бұл жөнінде: Әбу Дәуіттің «Сунан» хадистер жинағында келген Әбу Һурайраның رضي الله عنه хадисінде: **«Бауырыңа «Алланың саған рахымы болсын» деп үш рет айт. Ал, егер үш реттен көп болса, онда оған суық тиген»**, - делінеді (Әбу Дәуіт, 5034; әл-Әлбани /оған Алланың рахыметі болсын/ хадис туралы «жақсы, маукуф, марфуъ хадис» деді «Сахих Әби Дауд» 4/308).

Бұл хадисті Мұслимнің «Сахих» хадистер жинағында келген Сәләмә ибн әл-Әкуәттің رضي الله عنه хадисі қуаттандырады. Хадисте ол кісі пайғамбардың صلى الله عليه وسلم қасында бір кісінің түшкіргені туралы айтады. Сонда пайғамбар صلى الله عليه وسلم түшкірген кісіге: **«Алланың саған рахымы болсын»**, - деді. Бірақ, жаңағы кісі тағы түшкірді. Онда Алла елшісі صلى الله عليه وسلم: **«Мына кісіге суық тиіпті»**, - деді (Мұслим, 2993).

Жоғарыда айтылғандардан, екі жағдайда түшкірген кісіге дұға айтылмайды:

- ❖ 1 Аллаға мақтаулар айтпаса.
- ❖ 2 Үш реттен артық түшкірген болса. Себебі, ол кісіге суық тиген.



Есінеу сүннеттері:



Сүннетке сәйкес, есінеуді басуға тырысу керек, ал егер есінеуді тоқтата алмаса, аузын қолмен жабуы керек.

Бұл жөнінде:

Әбу Һурайраның رضي الله عنه хадисінде, ол былай деді: «Пайғамбар صلى الله عليه وسلم: **«Алла Тағала түшкіргенді жақсы көреді, бірақ есінеуді жақсы көрмейді. Егер адам түшкірсе Аллаға мақтаулар айтады, және бұны естіген мұсылмандардың барлығына оған дұға жасау міндет болады. Ал, есінеу болса, негізінде, ол шайтаннан. Кім есінеуді баса алса, олай істесін. Себебі, «һаа» деп есінеген кезде шайтан оған күледі»**, - деді» (әл-Бұхари, 2663).

Сондай-ақ, Мұслимде келген Әбу Саъидтің رضي الله عنه хадисінде пайғамбар صلى الله عليه وسلم: **«Біреулерің есінеген кездерінде, аузын қолымен жапсын. Расында, /ол арқылы/ шайтан кіреді»**, - деді



(Муслим, 2995). Есінеуді басу – ауызды ашпау арқылы, немесе адам еріндерін тістерімен қысып ұстау арқылы, немесе аузын қолымен жабуы арқылы және т.с. тәсілдермен болады.

Сонымен қатар, есінеуші есінеген кезде «һаа» немесе «ааһ» және соларға ұқсас есінеген кезде шығатын дыбыстарды шығармағаны абзал. Себебі, бұл дыбыстар шайтанның адамға күлуіне себеп болуы мүмкін.


Бұл жөнінде:

Әбу Һурайраның رضي الله عنه хадисінде, ол былай деді: **«Пайғамбар صلی الله عليه وسلم: «Есінеу – шайтаннан. Кім есінеуді баса алса, олай істесін. Себебі, «һаа» деп есінеген кезде шайтан оған күледі», - деді»** (әл-Бұхари, 3298, Муслим, 2994).

Ескерту: кейбір адамдар есінеуден кейін шайтаннан Алладан пана сұрауды әдет қылып алды. Алайда, ондай амалға ешқандай дәлел жоқ, керісінше, пайғамбардың صلی الله عليه وسلم жолына қайшы болып тұр. Себебі, олар пайғамбар صلی الله عليه وسلم бұл жағдайда айтпаған нәрсені айтады.



Басқа күнделікті сүннеттер



Дәретханаға кірерде және одан шыққанда арнайы зікір айту.

Сүннет бойынша, дәретханаға кірерде екі «Сахих» хадистер жинағында келген зікірді айту:

اللَّهُمَّ إِنِّي أَعُوذُ بِكَ مِنَ الْحُبْثِ وَالْجَبَائِثِ

Әнәстан رضي الله عنه: «Алла елшісі صلى الله عليه وسلم дәретханаға кірерде былай деп айтатын: «Уа, Алла! Шын мәнінде, мен ер және әйел жын-шайтандардан Өзіңе сиынамын» (Аллаһуммә инни әбузу бикә минәл-хубси уәл-хабәис)» (әл-Бұхари, 6322; Муслим, 375).



Дәретханадан шыққан кісі сүннет бойынша, мына сөздерді айтады:

غُفْرَانِكَ

Ахмадтың «Муснад» кітабында, Әбу Дәуіттің және әт-Тирмизидің «Сунан» хадистер жинақтарында келген, және әл-Әлбани «сенімді



хадис» деген Аиша анамыздың رضي الله عنها хадисінде: «Пайғамбар صلى الله عليه وسلم дәретханадан шыққан кезде: «/Уа, Алла!/ кешірімді сұраймын» (Ғуфранәк), - дейтін еді», - деп айтылады (Ахмад, 25220; Әбу Дәуіт, 30; әт-Тирмизи, 7; әл-Әлбани «сенімді хадис» деді «Тахқиқ мишкат әл-масабиһ» 1/116).



Өсиет жазу.

Ауырып жатса да, сау болып жүрсе де әрбір мұсылман үшін өсиет жазу – сүннет болып табылады. Алла елшісінің صلى الله عليه وسلم айтқанындай: **«Егер мұсылманда өсиет ете алатын заты болса, өсиет жазбай екі түн де өткізбесін»** (Ибн Омардың /ол екеуіне Алла разы болсын/ хадисінен, әл-Бұхари, 2783; Муслим, 1626). Хадисте «екі түн» деп нақты екі түнді айтып жатқан жоқ, мұсылман үшін аз уақыт өтсе өсиеті жазылып қойғаны дұрыс дегенді білдіреді. Өйткені, ол ажалы қашан келетінін білмейді. Міне, бұл сүннет – барлық адамдарға жалпы сүннет болып табылады.




Алла Тағаланың құқықтарымен байланысты: зекет, қажылық, күнелардан өтелу сияқты өсиетке келер болсақ, немесе адамдардың құқықтарымен байланысты: қарыз, аманатты орындау сияқты өсиеттерге келетін болсақ – мұндай жағдайларда өсиет жазу сүннет емес уәжіп болады. Себебі бұл міндетті құқықтарды орындауға байланысты. Әсіресе, /орындалмай қалған/ құқықтар туралы ешкім білмесе өсиетті жазу - уәжіп. Шариғи ережеде айтылғандай: **[Уәжіп тек бір амал істеумен іске асырылса, ол амал да уәжіп болады]**.



Сату және сатып алу кезінде жомарттылық пен жұмсақтықты таныту.

Бұл – сатушы мен сатып алушы сауда мәмілелері кезінде бір-біріне жомарттылық және жұмсақтық танытып, заттың бағасына саудаласу мен дауда әрқайсысы екіншісіне қатал болмай, мейірімді болулары арқылы жүзеге асады.



Бұл жөнінде:

Жәбір ибн Абдулланың хадисінде /ол екеуіне Алла разы болсын/ Алла елшісінің **صلی الله علیه وسلم** былай деп айтқаны хабарланады: **«Сатуда, сатып алғанда және /ақшасын/ қайтарғанда кең пейілділік танытқан кісіге Алла Тағала мейірімді болады»** (әл-Бұхари, 2076).

Сондай-ақ, өзінің хақысын талап еткенде де, негізінде, сүннет бойынша, жұмсақтық танытқан жөн. Пайғамбардың **صلی الله علیه وسلم** айтқанындай: **«.../ақшасын/ қайтарғанда кең пейілділік танытқан кісіге Алла Тағала мейірімді болады»**.



Әрбір таһараттан кейін екі ракағат намаз оқу.

Міне, бұл амал да күнделікті сүннеттерден. Оны орындау үшін адамға ең үлкен жақсылық беріледі, ол – жәннатқа кіру! Әбу Һурайрадан **رضي الله عنه**: «Пайғамбар **صلی الله علیه وسلم** таң намазынан кейін Біләлдан былай деп сұрады: **«Уа, Біләл! Исламдағы үмігі зор қандай амал жасадың? Шын мәнінде, мен жәннатта алдымда сенің аяқ-киіміңнің тықылдағанын естідім»**. Сонда Біләл: **«Жасаған амалдарымның ішінде, маған үміт беретіні: түнде болсын, күндіз болсын әрбір таһарат алғаннан соң, сол таһаратпен маған жазылған /екі ракағат/ намаз оқитыным»**, - деді» (әл-Бұхари, 1149; Муслим, 2458).



Намазды күту.

Намазды күту – бұл адамды үлкен сыйға апаратын сүннеттердің бірі.

Бұл жөнінде:

Әбу Һурайраның **رضي الله عنه** хадисінде: «Алла елшісі **صلی الله علیه وسلم** былай деді: **«Біреулерінді /мешітте/ ұстап тұрған – намазы ғана, әрі жанұясына оралуына кедергі болып тұрған – намазы ғана болса, онда ол /мешітте өткізген уақыттың барлығында/ намазда болады»**» (әл-Бұхари, 659; Муслим, 649). Мешітте намазды күтіп отырған кісі – өзінің күтуі үшін намаз оқып тұрған секілді сауап алады.





Әбу Һурайрадан رضي الله عنه: «Алла елшісі صلى الله عليه وسلم былай деді: «Біреулерің өзінің намаз оқыған жерінде таһаратын бұзбай, күтіп отырса, ол үшін періштелер «Уа, Алла! Оны кешіре гөр! Уа, Алла! Оған мейірімінді таныта гөр!» деп дұға жасап отырады. Біреулерінді /мешітте/ ұстап тұрған – намазы ғана, әрі жанұясына оралуына кедергі болып тұрған – намазы ғана болса, онда ол /мешітте өткізген уақыттың барлығында/ намазда болады»» (әл-Бұхари, 659; Муслим, 649). «Таһаратын бұзбай» дегені, яғни, таһаратты бұзатын әрекеттерді істемеуі. Сондай-ақ, Муслимде:

«Онда ешкімге зиян келтірмей, таһаратын бұзбай» деп келтіріледі (Муслим, 649). Яғни, мұсылманға ондай сауап – ешкімге зиян келтірмеу және таһаратын бұзбау шартымен беріледі.



Сиуак

Сиуак – кез-келген уақытта жасалатын жалпы сүннеттердің бірі. Пайғамбарымыз صلى الله عليه وسلم осы сүннетіне көп шақыратын еді, тіпті бір сөзінде: «Сендерге сиуакты қолданындар деп көп айтқан сияқтымын», - деді (Әнәстің رضي الله عنه хадисінен әл-Бұхари, 888).



Сондай-ақ, пайғамбарымыз صلى الله عليه وسلم сиуак жөнінде былай да деді: «Сиуак – ауыздың тазалығы және Раббының ризалығы» (Аиша анамыздың رضي الله عنها хадисінен Ахмад, 7; ән-Нәсәи, 5; әл-Әлбани хадистің сенімділігін растады «әл-Ируә» 1/105).

Жоғарыда келтірілген жағдайларда, әсіресе, бұл жағдайлар күндіз және түнде қайталанған кезде сиуакты қолданған – сүннет. Мысалы: түнгі намаз үшін ұйқыдан оянған кезде, таһарат алу алдында, әрбір намаздың алдында, үйге кірерде. Ал, Алла жақсы біледі!



Әрбір намаздың алдында таһаратты жаңарту.

Сүннетке сәйкес, әр намазға таһаратты жаңартып алған жөн. Егер адам ақшам намазы үшін таһарат алып, ақшам намазын оқыған болса, сүннет бойынша, құптан намазының уақыты келгенде, таһаратты бұзбаған болса да, құптан намазы үшін қайтадан таһарат алады.





Бұл жөнінде:

Әл-Бұхариде келген хадисте: «Пайғамбар صلى الله عليه وسلم әрбір намаздың алдында таһарат алатын еді», - делінеді (әл-Бұхари, 214).

Сонымен қатар, адамның күні бойы таһаратты күйде жүруі де – сүннет. Саубанның صلى الله عليه وسلم хадисінде пайғамбардың صلى الله عليه وسلم айтқанындай: **«Таһаратты тек мүмін ғана сақтап жүреді»** (Ахмад, 22434; Ибн Мәжәһ, 277; Әд-Дәrimi, 655; әл-Әлбани хадистің сенімділігін растады «Сахих әл-Жәмиъ» 1/225).



Дұға жасау.

Дұға жасағысы келетін мұсылманға қандай сүннет амалдарын жасау керектігі туралы баяндау. Ол сүннеттерден:

1> Дұға жасап жатқанда таһаратты болуы.

Екі «Сахих» хадистер жинағында келген, Әбу Мусаның رضي الله عنه хадисінде, оның және ағасы Әбу Амирдың رضي الله عنه қиссасы баяндалады. Пайғамбар صلى الله عليه وسلم оны ағасы Әбу Амирдың қоластында Аутас жауынгерлеріне қарсы жіберді. Жалғасы хадисте: «Әбу Амир رضي الله عنه қаза табар алдында пайғамбарға صلى الله عليه وسلم одан сәлем айтуын және оған дұға сұрауын Әбу Мусаға رضي الله عنه өсиет етті. Сонда Әбу Муса رضي الله عنه: «Мен оған /пайғамбарға/ Әбу Амирге және бізге қандай жағдай болғанын хабарладым. Және Әбу Амидің: «Оған айт, мен үшін Алладан кешірім сұрасын», - деген сөзін де жеткіздім. Алла елшісі صلى الله عليه وسلم болса, суды талап етіп, таһарат алды. Одан кейін, қолдарын /жайып/: **«Уа, Алла! Бубейд Әбу Амиді кешіре гөр!»** - деді, /қолдарын көтергені сонша/ қолтықтарының ақ жерлерін көрдім. Одан кейін: **«Уа, Алла! Қиямет күні оны /Әбу Амиді/ жаратқандарыңның немесе адамдардың көбісінен жоғары ете гөр!»** - деді (әл-Бұхари, 4323; Муслим, 2498).

2> Құбылаға қарап дұға сұрау.


Абдулла ибн Аббастан /ол екеуіне Алла разы болсын/: «Маған Омар ибн әл-Хаттаб رضي الله عنه былай деп баяндады: «Бадр шайқасы күнінде Алла елшісі صلى الله عليه وسلم мүшріктерге қарады. Олардың/саны/ мың адам, ал сахабаларының /саны/ тек үш жүз он тоғыз ғана адам болды. Сонда Алланың пайғамбары құбылаға бет бұрып, қолдарын созып Раббысына жалбарына бастады: **«Уа, Алла! Маған уәде бергенінді орындай гөр! Уа, Алла! Маған уәде бергенінді бере гөр! Уа, Алла! Егер сен мына**



мұсылмандар тобын жойып жіберсең, Саған жер бетінде құлшылық етілмейді». Құбылаға қарап, қолын созып, жамылғысы иығынан түсіп кеткенше дейін Раббысына жалбарына берді. Сонда қасына Әбу Бәкір келіп, жамылғысын көтеріп, иығына қайта жауып қойды. Одан кейін артынан құшақтап: «Уа, Алланың пайғамбары, Раббыңа жалбарынғаның жетер. Шын мәнінде, Ол саған берген уәдесін орындайды...», - деді» (Муслим, 1763).

3> Қолды көтеру /жаю/.

Бұған жаңағы Ибн Аббастың /ол екеуіне Алла разы болсын/ хадисі дәлел бола алады: «Алланың пайғамбары құбылаға бет бұрып, қолдарын созып Раббысына жалбарына бастады...». Бұл сүннетке байланысты хадистер көп келген.



4> Дұға сұрағанда, алдымен Алла Тағалаға мақтаулар айтып, елшісіне **صلى الله عليه وسلم** салауат айтудан бастау.

Әт-Тирмизи риуаят еткен Фадала ибн Убейдтің **رضي الله عنه** хадисінде: «Бірде /мешітте/ Алла елшісі **صلى الله عليه وسلم** арамызда отырған еді. Сол уақытта бір кісі кірді, намаз оқығаннан кейін: «Уа, Алла! Мені кешіре гөр! Маған мейірімді таныта гөр!» - дейді. Алла елшісі **صلى الله عليه وسلم** /бұны естіп/: «Ей, намаз оқушы, сен асықтың! Егер намаз оқып /дұғаға/ отырсаң, Аллаға лайық нәрселерімен Оған мақтаулар айт, одан кейін маған салауат айт, ал, одан кейін дұғанды сұра», - деді» (әт-Тирмизи, 3476; әл-Әлбани хадистің сенімділігін растады «Сахих әл-Жәмиъ» 1/172).

5> Алла Тағаладан Оның көркем есімдері арқылы дұға сұрау.

Дұға сұраушы Алланың көркем есімдерінен өзінің дұғасына сәйкес болатын есімді таңдап алады. Егер Алладан ризық сұрағысы келсе «**Уа, Раззақ (Ризық беруші)!**» дейді, ал, Алладан мейірімін сұрағысы келсе «**Уа, Рахман, уа Рахим (Аса Мейірімді, ерекше Рахымды)**» дейді, ал, Алладан айбындылық сұрағысы келсе «**Уа, Ыазиз (Ұлық, Қуатты)**» дейді, ал, Алладан кешірім сұрағысы келсе «**Уа, Ғафур (Аса Кешірімді)**» дейді, ал, Алладан шипа сұрағысы келсе «**Уа, Шәфи (Шипа Беруші)**» дейді.



Сөйтіп, дұғасына сәйкес есімді таңдап Алла Тағалаға жалбарынады. Алла Тағала Құранда айтқандай: **{Ең көркем есімдер – Алланикі. Сол есімдері арқылы Одан тілендер}** (әл-Аъраф: 180).

6> Дұғаны қайталап, табандылық таныту.

Бұл туралы біз айтып кеткен Ибн Аббастың /ол екеуіне Алла разы болсын/ хадисінде айтылған. Пайғамбар: **«Уа, Алла! Маған уәде бергеніңді орындай гөр! Уа, Алла! Маған уәде бергеніңді бере гөр!»** - деп жамылғысы иығынан түсіп кеткенше дейін Раббысына жалбарына берді. Сонда қасына Әбу Бәкір келіп, артынан құшақтап: **«Уа, Алланың пайғамбары, Раббыңа жалбарынғаның жетер...»**, - деді» (Муслим, 1763).

Және екі «Сахих» хадистер жинағында Әбу Һурайрадан رضي الله عنه келген хадисте пайғамбардың صلى الله عليه وسلم Даус тайпасына жасаған дұғасын қайталап сұрағаны хабарланады: **«Уа, Алла! Даус тайпасын тура жолға сала гөр! Оларды жеткізе гөр! Уа, Алла! Даус тайпасын тура жолға сала гөр! Оларды жеткізе гөр!»** (әл-Бұхари, 2937; Муслим, 2524).

Сондай-ақ, Муслимнің «Сахих» хадистер жинағында пайғамбардың صلى الله عليه وسلم былай деп айтқан сөзі келтіріледі: **«Сапары ұзаққа созылған, үсті-басын шаң басқан, шашы ұйпа-тұйпа болып кеткен кісі аспанға қолын созып: «Уа, Раббым! Уа, Раббым!», - дейді»** (Муслим, 1015). Дұғасындағы сөздерді қайталау – табандылықты білдіреді.

Сүннет бойынша, дұға-тілекті үш рет қайталаған дұрыс. Ибн Масъудтің رضي الله عنه екі «Сахихте» келген хадисінде: **«Пайғамбар/дұға жасағанда үш рет қайталайтын, және сұрағанда да сұрауын үш рет қайталайтын. Одан кейін: «Уа, Алла! Құрайыштардың жазаларын бер», - деп үш рет айтты», - деп хабарланады** (әл-Бұхари, 240; Муслим, 1794).

7> Дұға-тілекті жасыру.

Алла Тағала Құранда: **{Өздеріңнің Раббыңа бойсұна, берілген күйде, құпия түрде /іштеріңнен/ тілек тілендер}** (әл-Аъраф: 55), - деді. Дұғаны жасыру – ықыласпен сұрауға жақынырақ болады. Сол үшін Алла Тағала Зәкәрия пайғамбарын /оған Алланың сәлемі болсын/ **{Міне, кезінде ол Раббысына /өзгелерден/ жасырын түрде жалбарынды}**



деп мақтады. Яғни, тәпсір ғалымдарының айтуы бойынша, Зәкәрия ықыласқа жетуі үшін олай істеді.

◆ **Пайдалы мәлімет:** Кейбір адамдар «Дұға сұрағанымда не деп айтамын?» деп сұраулары мүмкін.

Жауабы: Алладан осы дүниенің және Ақыреттің хайырлысынан сұраңыз. Және сөзі аз, бірақ мағынасы көп жағдайды қамтитын дұғаларды таңдаңыз. Ондай дұғалар Құран Кәрім мен сүннетте бар. Олар осы дүние өмірінде және Ақырет өміріндегі хайырлы нәрселерді қамтиды. Ондай сұрақ пайғамбарымызға да қойылған, сонда пайғамбарымыз ұлы сөздермен жауап берді. Ол сөздер туралы қатты ойланыңыз! Және бұл дұғалар – ең қуанышты жаңалық, ең жақсы сыйлық, өйткені адамға оларда айтылған нәрсе берілсе, ол – адамдардың ішінде ең бақытты болары сөзсіз! Сондықтан да бұл дұғаларды ұстанып, олар туралы ойланыңыз!



Әбу Мәлик әл-Әшжаби өзінің әкесінен /ол екеуіне Алла разы болсын/ мына сөздерді жеткізеді: «Бірде, пайғамбарға صلى الله عليه وسلم бір кісі келіп: «Уа, Алла елшісі! Раббымнан /бірдеңе/ сұрағанда, мен не дейін?» - деп сұрайды. Сонда пайғамбар صلى الله عليه وسلم: «Айт: «Уа, Алла! Мені кешіре гөр! Маған мейірімінді таныта гөр! Маған ден-саулық, әрі ризық бере гөр! (Аллахумма-ғфир ли, уә-рхам-ни, уә ғафи-ни, уә-рзук-ни)» - деп жауап береді. Одан кейін қолдарының бармағынан басқа саусақтарын жинап: «Шын мәнінде, бұл сөздер саған дүниеңде де Ақыретіңде де бар нәрселерді жинап береді», - деді» (Муслим, 2697).

اللَّهُمَّ اغْفِرْ لِي ، وَارْحَمْنِي ، وَغَافِنِي ، وَارْزُقْنِي

Хадистің басқа бір риуаятында: «Адамдардың біреуі Исламды қабылдағанда пайғамбар صلى الله عليه وسلم оған намаз оқуды үйретіп, одан кейін мына сөздермен дұға етуді әмір ететін: «Уа, Алла! Мені кешіре гөр! Маған мейірімінді таныта гөр! Мені тура жолға сала гөр! Маған ден-саулық, әрі ризық бере гөр!» (Аллахумма-ғфир ли, уә-рхам-ни, уә-хди-ни, уә ғафи-ни, уә-рзук-ни)», - деп келтіріледі (Муслим, 2697).

◆ **Пайдалы мәлімет:** Адам өзінің бауырына сырттай дұға жасағаны да – сүннет амалдарынан. Осылай жасалған дұға - Алланың рұқсатымен қабыл болады. Ал, дұға жасаушы үлкен құрметке ие болады. Мұслимнің «Сахихінде» Әбу әд-Дарданың رضي الله عنه хадисінде: «Алла елшісі صلى الله عليه وسلم былай деді: **«Мұсылманның бауырына сырттай жасаған дұғасы қабыл болады. Бауырына жақсылықты әр сұраған сайын, қасына белгіленіп қойған періштесі: «Әмин. Саған да сол болсын», - дейді», - делінеді (Муслим, 2733).**

◆ **Күнделікті сүннеттерден – Алла Тағаланы еске алу /зікір ету/.**

Ал, олардың ең ұлысы – Алланың қасиетті кітабын оқу. Алдыңғы ізгі мұсылмандар Алланың кітабын оқимыз деп түні бойы ұйықтамай, жылы төсектерін қалдырған екен: **{Олар түнде аз ғана ұйықтаушы еді. Олар таң сәрілерде жарылқану тілеуші еді}** (Әз-зәрият: 18). Түндерінде Құранды Алла елшісінен صلى الله عليه وسلم жеткен зікір-дұғалармен бірге оқитын. Аллаға құлшылық өткізумен өткен түн қандай керемет! Ал, біз түндеріміз бен таң алдындағы уақыттарымызды құлшылықпен өткізбей қаншама жақсылықтардан айырылып жатырмыз? Соған қарамастан, Раббымыз бізге мейірімділік танытып, бізді Оған бағынбаушылықтан сақтайды деп сенеміз!



◆ Өз нәпсімен жеке отырып, өз-өзіңнен есеп алу, әрі Раббыңды еске алу – сен үшін қаншалықты қажет! Өсіресе, қазіргі бейкамдыққа толы заманда...



Хаммад ибн Зейд, Ғата ибн әс-Сәибтен Әбу Абдурахманның былай дегенін жеткізеді: «Біз сахабалардан Құран үйренген болатынбыз. Ал, олар он аятты үйренген болса, олардың мағынасын толыққанды түсінбейінше келесі он аятты үйренбейтін еді. Сол секілді, біз де Құранды үйреніп, онымен амал етуді де үйрендік. Бірақ, бізден кейін Құранды мұра етіп алатындар – оны су секілді ішеді /жаттайды/. Алайда, ол /Құран/ олардың тамақтарынан төмен түспейді» («Сияр аьләм ән-нубәлә 4/269).



Алланы еске алу – жүректерге өмір береді.

Қазіргі уақытта үнемі жұмыс істегендіктен көбіміз жүректеріміздің қатайып кеткеніне, бейқамдылығына шағымданамыз. Ал, Алланы еске алумен – жүректер тіріліп, тыныштық табады, әрі жұмсарады! Әл-Бұхаридің «Сахихінде» келген Әбу Мусаның رضي الله عنه хадисінде пайғамбардың صلى الله عليه



وسلم былай деп айтқаны хабарланады: **«Раббысын еске алатын және Раббысын еске алмайтындар – тірі және өлі /адамдар/ секілді», және Муслимнің нұсқасында: «Раббысын еске алатын үй мен Раббысын еске алмайтын үй – тірі және өлі /үйлер/ секілді», - делінеді (әл-Бұхари, 6407; Муслим, 779).**



Көптеген аяттарда Алла Тағала бізді Оны еске алуға шақырады. Ондай аяттардан:

1

Алла құлдарын Оны мүмкіндігінше жиі еске алуға шақырады. Алла Тағала: **{Ей, иман келтіргендер! Алланы жиі-жиі, көп еске алыңдар. Әрі таңертең және кешке Оны дәріптендер}, - деді (әл-Ахзаб: 41-42).**

2

Алла Тағала Алланы жиі еске алатын ерлер мен әйелдерге Раббыларынан үлкен сауап пен жарылқауды уәде еткен. Ұлы Жаратушы: **{Алланы көп еске алушы ерлер және /Алланы көп/ еске алушы әйелдерге Алла кешірім әрі ұлы сый дайындады}, - деді (әл-Ахзаб: 35).**

3

Және Алла Тағала бізді екіжүзділердің сипаттарынан ескертеді. Олар мұсылмандар секілді Алланы еске аламын дейді, бірақ олардың қалай еске алатындары туралы ойлан. Раббымыз:



{Ақиқатында, мұнафиқтар/екіжүзділер/Алланы алдамақшы болады, алайда Алла олардың өздерін алдандырып қояды. Олар намазға тұрғандарында, салғырт күйде адамдарға көріну үшін тұрады, әрі олар Алланы өте аз еске алады}, - дейді (ән-Ниса: 142).

4

Сондай-ақ, Алла Тағала бізді Оны еске алудан алшақтататын нәрселерден ескертті. Ол нәрселер – балалар мен мал-мүлік. Ұлы Жаратқан Иеміз: {Ей, иман келтіргендер! Дүние-мүліктерің мен балаларың сендерді Алланы еске алудан аландатып, бұрып қоймасын. Кім бұлай жасаса, міне, солар – зиян шегушілер}, - деді (әл-Мұнафиқун: 9).

5

Менімен бірге осы үлкен абырой мен жоғары мәртебе туралы ойланып көріңіз, өйткені Алла Тағала былай деді: {Мені еске алыңдар, Мен де сендерді еске аламын}, және қудси хадисте: «Құлым мен туралы қалай ойласа, Мен де сондаймын. Ол Мені еске алса, Мен де онымен біргемін. Ол Мені іштей еске алса, Мен де оны іштей еске аламын. Егер ол Мені жамағаттың ішінде еске алса, Мен де оны олардан да жақсы жамағаттың ішінде еске аламын», - деді (Әбу Һурайраның رضي الله عنه хадисінен әл-Бұхари, 7405; Муслим, 2675)



Алланы еске алудың пайғамбарымыздың **صلى الله عليه وسلم** сүннетінде көптеген түрлері келеді. Олардың кейбіреулерін төменде келтірдік:

1

لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَحْدَهُ لَا شَرِيكَ لَهُ، لَهُ الْمُلْكُ وَلَهُ الْحَمْدُ، وَهُوَ عَلَى كُلِّ شَيْءٍ قَدِيرٌ

Әбу Һурайрадан رضي الله عنه: «Алла елшісі **صلى الله عليه وسلم** былай деді: «Кімде-кім «Алладан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ. Ол Жалғыз әрі Оның серігі жоқ. (Бүкіл) билік Онікі, әрі (барлық) мақтау-мадақ Оған лайық. Әрі Оның күш-күдіреті барлық нәрсеге толық жетеді» (*لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَحْدَهُ لَا شَرِيكَ لَهُ، لَهُ الْمُلْكُ وَلَهُ الْحَمْدُ، وَهُوَ عَلَى كُلِّ شَيْءٍ قَدِيرٌ*), - деп күнінде жүз рет айтса, он құлды босатқанмен тең болады және оған жүз ізгілікті істер жазылып, ал жазылған жүз жаман істері өшіріледі. Бұл сөздер оған күні бойы кешке дейін шайтаннан қалқан болады, әрі оларды жүз реттен көбірек қайталаған адамды



санамағанда, ешкім осыдан лайықтырақ іс істей алмайды. Ал кімде-кім «Алла (кемшілік атаулыдан) Пәк әрі мақтау-мадақ Оған тән» (*Субхәнәл-Лаһи уә бихамдиһ*), - деп күнінде жүз рет айтса, оның қателері, тіпті теңіздің көбігіндей көп болса да, өшіріледі» (әл-Бұхари, 3293; Муслим, 2691).

2

لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَحْدَهُ لَا شَرِيكَ لَهُ، لَهُ الْمُلْكُ وَلَهُ الْحَمْدُ، وَهُوَ عَلَى كُلِّ شَيْءٍ قَدِيرٌ

Әбу Айюбтан رضي الله عنه: «Пайғамбар صلى الله عليه وسلم былай деді: «Кімде-кім «Алладан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ. Ол Жалғыз әрі Оның серігі жоқ. (Бүкіл) билік Онікі, әрі (барлық) мақтау-мадақ Оған лайық. Әрі Оның күш-құдіреті барлық нәрсеге толық жетеді» (*Лә иләһа иллә-Ллаһу уәхдәһу лә шәрикә ләһу, ләһу-л-мулку уә ләһу-л-хамду уә һууә ғалә кулли шәй-ин қадир*), - деп он рет айтса, Исмағилдің ұрпағынан болған төрт құлды босатқан адам секілді болады» (әл-Бұхари, 6404; Муслим, 2693).

3

Саъад ибн Әбу Уаққастан رضي الله عنه: «Алла елшісінің صلى الله عليه وسلم жанында болғанымызда ол былай деп сұрады: «Сендердің біреулерің күн сайын мың жақсы амал істей ала ма?». Сонда отырғандардың біреуі: «Біз мың жақсы амалды қалай істей аламыз?» - деді. Пайғамбар: «Алла /кемшілік атаулыдан/ пәк» (*Субхана-Ллаһ*) деп жүз рет айтса, оған мың жақсы амал жазылады, немесе, жазылып қойған мың жаман амалы өшіріледі», - деді» (Муслим, 2698).

4

سُبْحَانَ اللَّهِ وَبِحَمْدِهِ

Әбу Һурайрадан رضي الله عنه: «Алла елшісі صلى الله عليه وسلم былай деді: «Кімде-кім «Алла (кемшілік атаулыдан) Пәк әрі мақтау-мадақ Оған тән» (*Субхәнәл-Лаһи уә бихамдиһ*), - деп күнінде жүз рет айтса, оның қателері, тіпті теңіздің көбігіндей көп болса да, өшіріледі» (әл-Бұхари, 6405; Муслим, 2692), және Муслимнің риуаятында: «Кімде-кім «Алла (кемшілік атаулыдан) Пәк әрі мақтау-мадақ Оған тән» (*Субхәнәл-Лаһи уә бихамдиһ*), - деп таңертең және кешке жүз рет қайталайтын болса, онда Ақырет Күні бұдан лайықтырақ нәрсені өзімен бірге тек осы сөздерді сонша рет, немесе одан да көбірек рет қайталаған адам ғана әкеле алады» - делінеді (Муслим, 2692).



لَا حَوْلَ وَلَا قُوَّةَ إِلَّا بِاللَّهِ

Зікірлердің түрлері мен артықшылықтары туралы сүннетте келген хадистер өте көп. Жоғарыда біз айтып кеткендеріміз: артықшылық-қасиеттері бар зікірлердің ең сенімді, әрі танымал хадистері. Бірақ, сүннетте олардан да басқа хадистер бар. Әбу Муса әл-Әшғариден رضي الله عنه: «Алла елшісі صلى الله عليه وسلم менен былай деп сұрады: **«Жәннаттың қазыналарының біреуі туралы саған айтайын ба?»**. Мен: «Әрине», - дедім. Сонда: **«Барлық күш-қуат тек Аллаға ғана тән»** (Ла хаула уә ла қууәтә иллә би-Лләһ), - деп айт», - деді (әл-Бұхари, 4202; Муслим, 2704).

سُبْحَانَ اللَّهِ , وَالحَمْدُ لِلَّهِ , وَلَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ , وَاللَّهُ أَكْبَرُ

Әбу Һурайрадан رضي الله عنه: «Алла елшісі صلى الله عليه وسلم былай деді: **««Алла пәк, Аллаға мақтаулар болсын, Алладан басқа құдай жоқ және Алла ұлық»** (Субхана-Ллаһи, уәл-хамду ли-Ллаһи, уә ләә иләһә илла-Ллаһу, уә-Ллаһу акбар) деген сөздер, мен үшін, күннің көзі шыққан барлық нәрселерден де артық» (Муслим, 2695).

Алладан кешірім сұрау /истигфар/ да Алланы еске алудың бір түрі болып есептеледі. Әл-Ағарр әл-Музаниден رضي الله عنه: «Пайғамбар صلى الله عليه وسلم: **«Расында, /кей-кезде/ жүрегім қоршалған сияқты болады. Және, расында, мен күніне Алладан жүз рет кешірім сұраймын»**, - деді (Муслим, 2702).

Міне, бұл пайғамбардың صلى الله عليه وسلم іс-әрекеттерінен болады. Сонымен қатар, ол Алладан кешірім сұрауға өзінің сөзімен де шақырған, Муслимнің «Сахихінде» келген Әл-Ағаррдың رضي الله عنه хадисінде: «Алла елшісі صلى الله عليه وسلم: **«Ей, адамдар! Аллаға тәубе етіндер! Шын мәнінде, мен Аллаға күніне жүз рет тәубе етемін»**, - деді» (Муслим, 2702).

Сондай-ақ, әл-Бұхариде келген Әбу Һурайраның رضي الله عنه хадисінде: «Алла елшісінің صلى الله عليه وسلم былай деп айтқанын естідім: **«Алламен ант етемін! Мен күніне жетпістен артық рет Алладан кешірім сұрап, Оған тәубе етемін!»**» (әл-Бұхари, 6307). Сондықтан да, Алланың құлы Алладан кешірім сұрауға /истигфарға/ немқұрай қарамауы тиіс.



سُبْحَانَ اللَّهِ وَبِحَمْدِهِ، سُبْحَانَ اللَّهِ الْعَظِيمِ

Алланы еске алу зікірлерін және барлық күнделікті сүннеттерді екі «Сахих» хадистер жинағында келген ұлы зікірмен аяқтағым келеді. Ол Әбу Һурайраның رضي الله عنه хадисінде айтылған: «Алла елшісі صلى الله عليه وسلم: **«Аса Мейірімдіге жағымды, тілге жеңіл, таразыда ауыр екі сөз бар: «Алла /кемшілік атаулыдан/ пәк, әрі мақтау-мадақ Оған тән. Ұлы Алла /кемшілік атаулыдан/ пәк»** (Субхана-Ллаһи уә бихамдиһи, Субхана-Ллаһил-ъазыыйм)», - деді» (әл-Бұхари, 6406; Муслим, 2694).

Оның нығметімен игі нәрселер орын алып, аяқталатын Аллаға мақтаулар болсын!

Kazakh

Кіріспе бөлімі

Таң намазының
алдындағы уақыт

Таң намазының
уақыты

Духа намазы
уақыты

Бесін және екінті
намаздары

Ақшам намазы
уақыты

Құптан намазы
уақыты

Ас ішу

Сәлемдесу,
кездесу және
жиналыс

Киім және
әшекейлер

Түшкіру және
есінеу

Басқа сүннеттер

Пайғамбардың ﷺ сүннеттері



اللغة الكازخية
KAZAKH
LANGUAGE



جميع لغات المشروع
ALL LANGUAGES